Қазіргі таңда қазақстандық кейбір жоғары оқу орындары тұрақты даму мақсаттарына сай даму стратегияларын әзірлеп, әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыруда. Бұған ТДМ критерийлерінің QS сияқты халықаралық білім беру ретингілерінде бағалануы да ықпал етеді. Білім беру саласында тұрақты даму тақырыбында курстар, зерттеулер, диплом жұмыстары да жазылуда. Дегенмен, Гарвард, Оксфорд сияқты әлемдік жетекші университеттердегідей жүйелі жүзеге асырылып жатқан жоқ. Бұл тұрақты даму мүддесінде білім берудегі ЖОО рөлі мен міндеттері туралы бірыңғай қабылданған принциптер мен түсініктің қалыптаса қоймағандығын көрсетеді. Осы орайда АҚШ-тағы UNAI мүшесі, Дейвистегі Калифорния мемлекеттік университетінің 2021 жылы әлемдік ЖОО-лардың ішінде тұңғыш рет ТДМ жүзеге асырудағы көпжылдық тәжірибесін бағалап, шолу жариялауы бұл университеттің осы саладағы жүйелі қызметін көрсетеді [1]. Бұл ЖОО-лар үшін тәлім аларлық тәжірибе, мұндай шолулар университеттің тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырудағы құзіреттілігін бағалауға, стратегиясы мен басым бағыттарын нақтылауға мүмкіндік береді. ТДМ-мен Дейвис университетінің үш бөлімі бірдей айналысып, жобалар, ғылыми шаралар үшін оқытушыларға арналған гранттар бөледі. ТДМ бағытындағы жұмыстарға оқытушылар, ғалымдар, зерттеушілер, студенттер, қызметкерлер, орталықтар мен институттар қатысады.

Тұрақты дамудың 17 мақсаты білім беру, зерттеу және сараптамалық қызметпен тиімді тоғысады. Білім беру үдерісінде тұрақты даму кедейлікті азайтудың да тиімді құралы. Мысалы, білімді ата-ананың ұрпағы сапалы білім алып, дұрыс тамақтанады. Білімді адамның денсаулығы мықты болады, себебі спортпен шұғылданады, көп қимылдап, таза ауада көбірек жаяу жүреді. Сапалы білім арқылы өзгелерді оқытып, бойларына мәдени құндылықтарды сіңіруге болады.

Тұрақты даму саласында журналистік білім беру әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді қамтиды.

2030 жылға дейін тұрақты дамудың 17 мақсатына жету көзделген. Бес жылдан кейін күн тәртібінің қорытындысы шығарылып, тұрақты даму мақсаттарына жету бойынша шолу жасап, есеп беру, нәтижені бағалау жоспарланған. Экологиялық апаттар, кедейлік пен аштықтан құтылу, көміртегі ізін азайту, т.б. мақсаттарға жетуге университеттердің де қосар үлесі зор. Жоғары оқу орындарында мыңдаған адамдар су, электр энергиясын тұтынып, көміртегі ізін шығарады. Ғалымдар онлайн білім берудің экологиялық тиімділігін есептеп шығарды. Студенттер университетке бармай, онлайн оқитындықтан, әр студент 85 пайызға аз көмірқышқыл газын шығарып, кампуста энергияны тұтыну 90 пайызға төмендейді екен. Лейден университетінің ғалымдары Еуропа астрономиялық қоғамы онлайн-конференциясы барысында атмосфераға көмірқышқыл газы үш мың есе аз таралғандығын айтады [2].

Талдау мен нәтижелер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұрақты даму саласындағы құндылықтарды қолдап, ТДМ саласында құзіреттіліктерді қалыптастыратын бағдарламалар

әзірлеп, іс-шаралар өткізіп келеді. Университеттің тұрақты даму мақсатында журналистік білім беру тәжірибесі журналистиканың қоғамдық пікір мен зияткерлік әлеуетті жұмылдыра отырып, көптеген мәселелердің шешілуіне елеулі үлес қосатындығын көрсетті.

2014-2024 жылдар аралығында ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы кәсіби журналистік білім беруді қолдау және дамыту мақсатында ЮНЕСКО Кластерлік бюросымен бірлесіп журналистика саласындағы оқу бағдарламаларын күшейтіп, Орта Азия жоғары оқу орындары арасында коммуникация саласындағы үздік білім беру тәжірибелерін таратып, медиасаланың неғұрлым сұранысқа ие бағыттары бойынша ғылыми және қолданбалы жобаларды іске асырды. ТДМ басым бағыттары саласында медиа және ақпараттық сауатты арттыру, гендер, ақпараттық теңсіздік, ақпараттық қауіпсіздік бойынша республикалық және Орта Азия университеттеріне арналған іс-шаралар өткізді.

2018 жылы ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасы тұңғыш рет ЮНЕСКО-ның Коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасының жобасын ұтып алды. Жоба аясында республикалық журналистика факультеттері оқу бағдарламаларының үйлестірушілері мен кафедра меңгерушілеріне «Қазақстанда гендерлік журналистика бойынша оқу бағдарламаларын күшейту» тақырыбында екі күндік семинар-тренинг өткізді. Нәтижесінде бірнеше оқу орындары оқу үдерісіне гендерлік журналистика бағыты бойынша пәндер енгізді.

Кафедра 2019 жылы БҰҰ-Әйелдер Өкілдігінің грантын иеленді. Бұл жоба бойынша «Гендерлік ТДМ жариялаудағы журналистердің әлеуетін арттыру» тақырыбында өңірлік журналистерге, баспасөз қызметкерлеріне (Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарының) гендер тақырыбын БАҚ-та сауатты жазу туралы бірнеше күндік семинар-тренингтер өткізді. ЮНЕСКО Кластерлік бюросымен бірлесіп ЮНЕСКО материалдарын қазақ тіліне аударды. Тақырыпты талқылау барысында өңірлік журналистерде гендерлік стереотип бар екендігі анықталды. Медиатренерлер БҰҰ, ЮНЕСКО материалдарын өзек ете отырып, БАҚ-та ТДМ тақырыбында жазудың дәстүрлі және жаңа құралдарын көрсетті, пресс-релиздер мен өзге ақпараттық материалдарды дайындауда гендерлік өлшемді қалыптастыру үшін ақпараттық себепті пайдалану әдістерін түсіндірді.

Жұмыс тобының екі аймаққа жүргізген зерттеулері әртүрлі нәтижелер көрсетті. Журналистердің Батыс Қазақстан облысы бойынша 63 пайызы, ал Қостанай облысы бойынша 43 пайызы тұрақты даму мақсаттары туралы білетіндігін айтты. Респонденттердің Батыс Қазақстан облысы бойынша журналистердің 9 пайызы жұмысында гендерлік стереотиптермен кездескен. Қостанай облысы бойынша бұл көрсеткіш 14 пайызды құрады. Гендерлік теңдік тақырыбындағы түсіндіру, оқытудың маңыздылығын Батыс Қазақстан облысы бойынша респонденттердің 83 пайызы, Қостанай облысы бойынша 71 пайызы атап көрсетті. Батыс Қазақстан облысы семинар қатысушыларының 86 пайызы, Қостанай облысы қатысушыларының 62 пайызы алған білімдерін болашақ жұмысында пайдалануды жоспарлайды. Қорытынды сауалнама нәтижесінде екі аймақтың да 100 пайыз семинар-тренинг қатысушылары гендерлік тұрақты даму, гендерлік стереотиптер туралы толық ақпарат алып, түсінгендігін

жеткізді. Респонденттердің 87 пайызы біліктілікті арттыру курстарын жүйелі өткізу қажеттігін айтса, қатысушылардың 91 пайызы семинар-тренинг материалдарын болашақта жарияланымдары мен сюжеттерінде қолданатындығын айтты. Байқап отырғанымыздай, өңірлік журналистерге семинар-тренингтер өте қажет.

2021-2022 жылдары кафедра Орта Азия аймағында гендерлік құзыреттілікті нығайту бойынша БҰҰ-ның жобасын жүзеге асырды. Бұл Жобаның мақсатты аудиториясын Орта Азия елдерінің қатысушылары (журналистер, оқытушылар, ҰЕҰ және құқық қорғау органдарының өкілдері, әлеуметтік жұмыс қызметкерлері мен денсаулық сақтау саласының қызметкерлері) құрады. Тренингтер сериясы гендерлік теңдік саласындағы құзыреті мен практикалық білімін арттыру, әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты жою, Орта Азиядағы әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге арналды. Сауалнама мен тест нәтижелері көрсеткендей, гендерлік теңдік және әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы БҰҰ құжаттары бойынша қатысушылардың білімі мен құзыреттілігі 12 пайызға өскендігі анықталды.

Қазіргі таңда көптеген елдердің білім беру жүйесінде жаппай ашық онлайн курстары сапалы контентпен толығып, нарықта танымалдылыққа ие болуда. Алайда АҚШ, Еуропа, Ресей елдерінің онлайн курстарына кәбірек басымдық беріледі. Ал қазақстандық нарықта әртүрлі форумдар (медиақұрылтай, PR-форум, қазақ тілді контент жасаушылар форумы) мен конференциялардағы жетекші кәсіби практик мамандардың шеберлік сағаттары танымал. Себебі, қазақстандық онлайн білім беру нарығын тежейтін факторлар бар. Біріншіден, журналистика саласы бойынша ЖАОК аз болғандықтан, нарықта бәсеке жоқ, коммуникациялық ғылымдарға қатысты ақпараттық ресурстар жеткіліксіз, онлайн курстар жеткілікті жарнамаланбайды, онлайн курстар шоғырланған ұлттық платформаны көпшілігі біле бермейді. Міне, онлайн оқыту саласындағы осындай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 2022 жылдан бастап журналистика саласындағы онлайн курстар университет базасында халықаралық ұйымдардың қолдауымен әзірлене бастады.

ЮНЕСКО өңірлік кеңсесі мен ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының шығармашылық және техникалық бірлескен жобасы журналистика және коммуникация саласындағы жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеуге мүмкіндік берді. «МедиаТДМ журналистер даярлау және оқыту платформасы» жобасын Коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасы қолдады. Осылайша журналист қауіпсіздігі, әйелдер мен қыздарға қарсы зорлық-зомбылық мәселелерін БАҚ-та жариялау, дау-жанжалға сезімтал журналистика және климаттың өзгеруі тақырыптарындағы ЮНЕСКО-ның ресурстарына негізделген төрт жаппай ашық онлайн курстар іске қосылды. Орта Азияның 19 университетіне арналған цифрлық, интерактивті әрі инновациялық онлайн курстарды www.open.kaznu.kz платформасында әлемнің кез келген жерінен оқуға болады. Платформаға сегіз тілге аударылған мультилингвистикалық электронды оқу құралы да орналастырылды. Жобаның жұмыс тобы видеодәрістер, тест, эссе, қосымша интерактивті ресурстарды қамтитын жаңа курстар ұсынды. Жаппай ашық онлайн курстары ЮНЕСКО мен Халықаралық Журналистер федерациясының оқу құралдарына негізделді. Осылайша Орта Азия және Кавказ аймақтарында Коммуникацияны дамыту

халықаралық бағдарламасының идеяларын дамыту ауқымды жаңа деңгейге көтерілді. ЖАОК-тың классикалық курстардан айырмашылығы: цифрлық, интерактивті және бұқаралық болуы. Автоматтандырылған, инновациялық, инклюзивті әрі тыңдаушыларға жеңіл курстар тұрақты дамудың 4 – Сапалы білім, 5 – Гендер, 13 – Климаттың өзгеруіне қарсы күрес, 16 – Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар мақсаттарын қамтиды.

Тыңдаушылар мен курс әзірлеушілері арасындағы коммуникацияны қамтитын технологияларға тестер, эссе жазу, форумдар, блогтар, электронды почта енеді. Гендерлі бағытталған және инклюзивті платформаның төрт бағыты кәсіби қарым-қатынасты қолдауға машықтандырады, теориялық және практикалық материалдарды ықпалдастырып, халықаралық стандарттарды есепке ала отырып, журналистің күнделікті қызметін, БАҚ редакциясының жұмысын жақсартуға арналған құралдарды үйретеді.

Жоба сарапшыларының арасында Орта Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Армения, Әзірбайжан, Грузия) оқытушылары, журналистер, блоггерлер, ҰЕҰ өкілдері болды.

«Avrupa times» агенттігі «Жобаны әзірлеушілер визуалдау мен интерактивті ұтымды қолданып, жаппай онлайн курстар мен классикалық курстар арасындағы айырмашылықты көрсетті. Платформаны іске қосу барысында Орта Азия мен Кавказ елдеріндегі серіктестер ынтымақтастықты нығайтуға ұсыныстар білдірді. Курстардың қысқаша мазмұны сегіз тілге аударылған, бұл олардың ерекше сипатын көрсетеді», – деп атап көрсетті [3].

Онлайн курстарға ЮНЕСКО өңірлік кеңсесі тарапынан журналист кадрларының сапасын, ақпараттық сала қатысушыларының біліктілігін көтеріп, журналистика саласындағы ұлттық платформаны байытады деген баға берілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша, тұрақты дамудың 5-ші мақсатына (гендер) орай жарияланымдар мен сюжеттерде журналистер 70 пайыз статистикалық деректерді тиімді қолданып, дұрыс интерпретация жасады. Тұрақты дамудың 4-ші мақсаты (сапалы білім) бойынша ЖАОК-қа тіркелу 1,8 есеге өсті. Тұрақты дамудың 13-ші мақсаты бойынша климат өзгерісі БАҚ беттерінде белсенді жазыла бастады, қоршаған ортаның ластануы, жануарларға қатыгездікті дәлелдеу фактілерінің саны екі есеге өсті. Тұрақты дамудың 16-шы мақсаты (Бейбітшілік, сот төрелігі және тиімді институттар) бойынша демонстрациялар мен митингілерді жариялау кезінде журналистердің 90 пайызы «PRESS» деген жазуы бар кеудешекііп, жеңдеріне таңғыш байлай бастады.

Халықаралық ұсыныстарды ескере отырып журналистика саласындағы оқытушылар, редакция қызметкерлері, студенттер үшін гендерлік-бағдарланған тезаурус пайдаланылды.

2023-2024 жылдары кафедра Коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасының қолдауымен «Өңір – Орта Азия: көші-қон мәселелері бойынша журналистік білім беру» атты халықаралық жобаны жүзеге асырды. Жобаның мақсаты – көші-қон үдерісін іске асырудың этикалық аспектілеріне негізделген жоғары сапалы бағдарламалар арқылы оқытудың жаңа технологияларын дамыту болды.

Кафедраның 2018-2024 жылдар аралығында жүзеге асырған жобалары тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған. Жүргізілген ауқымды сараптамалық

жұмыстың нәтижесінде сапалы білім беру тұжырымдамасы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беруді қайта бағалап, ой елегінен өткізуге бағытталды. Халықаралық жобалардың нәтижелерін іске асыру және енгізу сапалы білім беру, экологиялық қауіпсіздік мәселелерін көздейді. Жобаның халықаралық валидациясы жобаға Орта Азияның үздік сарапшыларын тартуға мүмкіндік берді, елдер мен мәдениеттер арасындағы диалогті күшейтті.

Әлемдік көші-қон құрылымдары үдерісін болжау оның болашақта тек өсетінін көрсетеді. Сондықтан журналистер ақпараттандырып қана қоймай, жарияланымдар мен сюжеттердің сапасын арттырып, этикалық қағидаларды мұқият сақтауы керек. Көші-қон саласындағы жағдайға кәсіби баға беру, күн тәртібін ұтымды қойып, көпұлтты Қазақстанда мәдениетаралық алмасудың оң үрдістерін қалыптастыру – журналист жұмысындағы құнды дағдылар. Көші-қон мәселелерін көптеген халықаралық құрылымдар зерттеп, бақылап отыр, сондықтан мигранттың медиаимиджіне тұрақты ақпараттық қолдау көрсету мақсатында көші-қон бастауларын, ресурстарын, әдістемесін зерттеу маңызды.

Көші-қонды жариялау әдістерін үнемі зерделеу және жаңа онлайн курстар арқылы журналистік білім беру платформасының көмегімен кәсіби шеберлікті арттыру – елдің жетекші университетінің тұрақты даму мақсатына қосар үлесін айқындай түседі.

Әлемдік деңгейдегі жобаларға жол ашқан ЮНЕСКО-ның журналистік білім беру саласындағы ресурстары тұрақты даму мақсаттарымен үйлесіп, халықаралық стандарттарға сай өзекті тақырыптарға негізделіп, заманауи журналистерді даярлауды көздейді [4].

1972 жылы БҰҰ-ның экология тақырыбына арнап Стокгольмде өткізген конференциясы тұрақты даму концепциясына жол салды. Сарапшылар бизнестің ұзақ мерзімді дамуы мен экология мәселелерінің тығыз байланысын атады [5].

Соңғы кездері жиілеп кеткен табиғи және техногендік қауіп-қатерлер, жер сілкінісі, су тасқыны, жаһандық жылыну, климат өзгерісі, қоршаған ортаның ластануы, тұщы су тапшылығы тұрақты дамуға кедергі келтіретін факторлар. Тұрақты даму мақсатында журналистік білім берудің маңызын терең түсіну «Тұрақты даму мақсатында халықаралық журналистиканы оқыту модельдері» (МТІ) атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуге мұрындық болды. 2016-2024 жылдар аралығында сегіз рет өткізілген конференцияға 122 халықаралық медиа өкілдері, журналистика оқытушылары және БАҚ зерттеушілері, 75 академиялық институт өкілдері (оның ішінде 43-і шетелдік) қатысты [6]. 2016 жылы сол кездегі Білім және ғылым министрлігіне жіберілген конференция Қарарының нәтижесінде факультетте бакалавриат деңгейі бойынша «Халықаралық журналистика» мамандығы ашылды. Практик-жұмыс берушілердің маман даярлауға байланысты ұсыныстары ескеріліп, білім беру бағдарламаларына енгізілді. Жетекші практиктердің шеберлік сағаттары білім алушылардың кәсіби біліктілігін арттырды. Академиялық орта өкілдері мен жұмыс берушілер журналистік білім беру саласындағы өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етті. Шетелдік БАҚ, ЖОО-лармен тығыз ынтымақтастық орнады.

Университет базасында биыл төртінші рет өткізілген Қысқы мектеп қоғамдық сананы экологизациялаудағы журналистік білім берудің рөлі ақпараттандыру шеңберінен

шығып, экологиялық сананы қалыптастыру деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Тұлғаның экомәдениетін қалыптастыруға үлес қосатын халықаралық мектеп барысында халықаралық және отандық медиасарапшылардың, эколог мамандардың шеберлік сағаттары өтті.

Әдебиеттерге шолу

Журналистік білім беру ЮНЕСКО сериясы бойынша 2018 жылы «Тұрақты даму мақсатында журналистік білім беру. Жаңа оқу жоспарлары» атты жарияланым жарық көрді. Коммуникация және ақпарат жөніндегі ЮНЕСКО өкілдері жарияланымға тұрақты даму үдерісі мен еркін, тәуелсіз ақпарат құралдарының өзара тығыз қызметіне негізделген ұзақ мерзімді педагогикалық стратегияны қамтиды деген баға берді. Жарияланымды ЖОО-лар оқу үдерісінде қосымша оқыту ресурсы ретінде пайдалануына болады. Курс журналистерді әлеуметтік ғылыми зерттеу негіздерімен таныстырады. Журналистер тұрақтылық, басқару және экономикалық даму мәселелерін есепке ала отырып, қоғамдық дискурста пәнаралық көзқарасты ұстанады [7].

Мақалада экологиялық қауіп-қатерді жариялаудағы медиасаясат, экологиялық мәселелердің фреймингі, медиа әсері туралы зерттеген ғалымдар Стюарт Аллан, Барбара Адам және Синтия Картердің еңбегіне шолу жасалды [8].

Зерттеушілер Benedetta Brevini мен Justin Lewis көміртегі ізіне байланысты жаһандық қауіпті қозғай отырып, мәселенің ғылымидаң гөрі саяси қыры басым екендігін айтады, осы орайда БАҚ-тың ықпалын көрсетеді әрі климат өзгерісін жазудағы рөлінекеңінен тоқталады [9].

Қорытынды

Зерттеу барысында көптеген ғалымдардың сапалы экологиялық ақпарат экологиялық стратегия әзірлеуге, қоршаған ортаны қорғау міндеттерін тиімді шешуге ықпал етеді деген тұжырым жасағанына көз жеткіздік.

Қазіргі таңда БАҚ кеңістігі тұрақты даму мақсаттарын жылжитатын платформа ретінде қолданылуда. Азаматтардың басым бөлігі таза ауамен демалып, таза су ішкісі келеді, денсаулығының жақсы болуын қалайды. Алайда экологияны толық түсініп, қоршаған ортаны қалай сақтауды біле бермейді, ESG және ТДМ терминдерін мүлдем түсінбейтіндер бар.

Білім беру платформалары экологиялық күн тәртібін басты назарда ұстап, білім алушыларға экологиялық бағытталған ойлау қабілетін дарытқаны жөн. Оқытуда ғылыми-техникалық терминологиялық аппаратты меңгерту, экологиялық мәселелерді талдауға практикалық машықтандыру, жергілікті, өңірлік, ұлттық және жаһандық деңгейде экожурналистиканың қызметін, міндетін терең ұғындыру, сенсацияға берілмей сенімді ақпарат тарату, тұрақты даму саласындағы маңызды мәселелер бойынша концептуалдық және теориялық терең білім, сараптамалық қабілетті дамыту мәселелерін ескерген жөн.

Кейде журналистер экология тақырыбын қозғай отырып, терминологияны дұрыс қолданбайтын жағдайлар жиі кездеседі. Сондықтан, сауатты сарапшылар экологиялық сапалы контент түзуде журналистерге қолдау көрсетуі тиіс.

Республикалық жоғары оқу орындарының ТДМ саласында жаппай ашық онлайн курстарын әзірлеуі кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

Авторлардың қосқан үлесі.

Н.Т. Шыңғысова – концепция әзірлеу, зерттеу жүргізу, мақала жазу.

Е.И. Дудинова – зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдерді, зерттеу нәтижелерін сараптау.

М.О. Негізбаева – зерттеу нәтижелерін сараптау.

Әдебиеттер тізімі

1. Sustainable UC Davis. [Электронды ресурс] – 2024. URL: <https://sustainability.ucdavis.edu/goals> (қаралған күні: 20.11.2024)
2. Leonard Burtcher et al. The carbon footprint of large astronomy meetings. Nature Astronomy. [Электронды ресурс] – 2020. URL: <https://www.universiteitleiden.nl/en/news/2020/09/face-to-face-astronomy-conference-consumes-3000-times-more-co2-than-online-edition> (қаралған күні: 25.07.2023)
3. MediaSDG platform was launched at the meeting of the UNESCO Cluster Office in Almaty. 21 December 2022. [Электронды ресурс] – 2022. URL: <https://www.avrupatimes.com/world/mediasdg-platform-was-launched-at-the-meeting-of-the-unesco-cluster-office-h11564.html> (қаралған күні: 15.04.2023)
4. ЮНЕСКО/IPDC. Журналистское образование. [Электронды ресурс] – 2020. URL: <https://www.unesco.org/ru/international-programme-development-communication/journalism-education> (қаралған күні: 08.09.2024)
5. Всеобщая декларация прав человека. [Электронды ресурс] – 2020. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declarathenv.shtml (қаралған күні: 11.06.2024)
6. UNESCO Chair Conference on Models of Teaching Journalism for Sustainable Development. [Электронды ресурс] – 2020. URL: <https://www.unesco.org/en/articles/unesco-chair-conference-models-teaching-journalism-sustainable-development> (қаралған күні: 12.07.2024)
7. UNESDOC digital library. [Электронды ресурс] – 2025. URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000368989> (қаралған күні: 15.01.2025)
8. Barbara Adam, Stuart Allan, Cynthia Carter. Environmental Risks and the Media. – Routledge, 2000. – P. 294.
9. Benedetta Brevini, Justin Lewis. Climate change and the media. Textbook. – 2018. – P. 190.

Н.Т. Шынгысова, Е.И. Дудинова, М.О. Негизбаева

Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Концепция устойчивого развития в журналистском образовании

Аннотация. Цели в области устойчивого развития, намеченные ООН к реализации до 2030 года, стали ориентиром и призывом к действию не только международным сообществам, но и отечественным университетам, способным внести свой вклад в формирование долгосрочных устойчивых тенденций роста уровня и качества образования в Казахстане. Это связано с высоким потенциалом вузов, обладающих инновационными, высокотехнологичными, инклюзивными ресурсами, воспитательными инструментами и репутацией академического сообщества в вопросах свободы мнения, доступа к информации, законодательства о СМИ. На современном этапе развития коммуникационного дискурса влияние журналистики на устойчивое развитие общества получило динамичную актуализацию, ввиду включения медиа в постановку и решение острых экологических, социальных, климатических проблем. В эпоху стремительного развития цифровых, мультимедийных интерактивных коммуникационных технологий ключевой проблемой стала подготовка журналистов, профессиональные компетенции которых отвечают международным стандартам; новый уровень требований также возник к учебным программам. Помимо представления объективной, полноценной, всеобъемлющей информации, журналистика, ассоциированная с ЦУР, может способствовать сокращению неравенства, ликвидации бедности, изменению климата, защите окружающей среды и т.д. Безусловно, новые форматы требуют от журналистов высокой компетентности, грамотности, навыков решения этических дилемм, понимания новых методов и приемов обмена информацией, фактчекинга, умений в организации публичных дискуссий по актуальным темам и создания качественного контента. В статье рассматриваются вопросы журналистского образования в рамках Целей устойчивого развития, изучается опыт работы в междурядных проектах, формулируются основные концепты и предлагаются авторские заключения.

Ключевые слова: Медиа ЦУР, образование, экологическая журналистика, изменение климата, МООК

N. T. Shyngyssova, Y. I. Dudinova, M. O. Negizbayeva

al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The concept of sustainable development in journalism pedagogy

Abstract. The Sustainable Development Goals set by the UN for implementation by 2030 have become a point of reference and a call to action, not only for global communities, but also for domestic universities that can contribute to the formation of long-term sustainable trends in the growth of the level and quality of education in Kazakhstan. It is evident that the capacity of universities to offer innovative, technologically advanced, inclusive resources, educational tools and a reputable academic community has a significant impact on the promotion of freedom of opinion, access to information and media legislation. In the contemporary phase of communication discourse, the role of journalism in promoting

sustainable societal development has become a matter of pressing concern. Concurrently, training programs have been compelled to ascend to new heights of complexity and rigor to meet these emerging demands. In addition to presenting objective, comprehensive information, journalism associated with the SDGs can contribute to inequality reduction, poverty eradication, climate change, environmental protection, etc. Undoubtedly, new formats require journalists to be highly competent, literate, skilled in solving ethical dilemmas, understand new methods and techniques of information exchange, fact-checking, be able to organize public discussions on topical issues and create quality content. The article discusses the issues of journalism education within the framework of the Sustainable Development Goals, examines the experience of work in inter-row projects, formulates the main concepts and offers the author's conclusions.

Key words: Media SDG, education, environmental journalism, climate change, MOOC.

References

1. Sustainable UC Davis. [Online resource] – 2024. URL: <https://sustainability.ucdavis.edu/goals> (retrieved: 20.11.2024) [in English]
2. Leonard Burtscher et al. The carbon footprint of large astronomy meetings. Nature Astronomu. [Online resource] – 2020. URL: <https://www.universiteitleiden.nl/en/news/2020/09/face-to-face-astronomy-conference-consumes-3000-times-more-co2-than-online-edition> (retrieved: 25.07.2023) [In English]
3. Media SDG platform was launched at the meeting of the UNESCO Cluster Office in Almaty. 21 December 2022. [Online resource] – 2022. URL: <https://www.avrupatimes.com/world/mediasdg-platform-was-launched-at-the-meeting-of-the-unesco-cluster-office-h11564.html> (retrieved: 15.04.2023) [in English]
4. UNESCO/IPDC. Education of journalism. [Online resource] – 2020. URL: <https://www.unesco.org/ru/international-programme-development-communication/journalism-education> (retrieved: 08.09.2024) [in Russian]
5. Universal Declaration of Human Rights. [Online resource] – 2020. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declarathenv.shtml (retrieved: 11.06.2024) [in Russian]
6. UNESCO Chair Sonference on Models of Teaching Journalism for Sustainable Development. [Online resource] – 2020. URL: <https://www.unesco.org/en/articles/unesco-chair-sonference-models-teaching-journalism-sustainable-development> (retrieved: 12.07.2024) [in English]
7. UNESDOC digital library. [Online resource] – 2025. URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000368989> (retrieved: 15.01.2025) [in English]
8. Barbara Adam, Stuart Allan, Cynthia Carter. Environmental Risks and the Media. – Routledge, 2000. – R. 294 [in English]
9. Benedetta Brevini, Justin Lewis. Climate change and the media. Textbook. – 2018. – R. 190 [in English]

Авторлар туралы мәлімет

Шыңғысова Н.Т. – филология ғылымдарының докторы, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

Шынгысова Н.Т. – доктор филологических наук, профессор кафедры печати и электронных СМИ КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы Казахстан.

Shyngyssova N.T. – Doctor of philological sciences, Professor of the Chair of Printing and Electronic Media, the al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Дудинова Е.И. – филология ғылымдарының кандидаты, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

Дудинова Е.И. – кандидат филологических наук, доцент кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Dudinova Y.I. – Candidate of Sciences in Philology, Associate Professor of the Department UNESCO Department of Journalism and Communication, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Негізбаева М.О. – филология ғылымдарының кандидаты, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының доценті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

Негизбаева М.О. – кандидат филологических наук, доцент кафедры ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Negizbayeva M.O. – Candidate of Sciences in Philology, Associate Professor of the Department UNESCO Department of Journalism and Communication, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 19.21.07
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-1-30-41>

Қазіргі әлеуметтік желідегі тілдің қолданысы: неологизмдер және қарапайым лексика

К.Т. Кушкинбаева*^{ip}, Ғ.М. Ақсейіт^{ip}, А.М. Шурентаев^{ip}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

(E-mail: karliga85@mail.ru)

Аңдатпа. Қазақ тілінің дамуын, қолданысын, мәдениеттілігін жетілдіру тек тіл мамандарына ғана артылған жауапкершілік емес, ана тілін пайдаланушы қалың жұрттың, оның ішінде оқу-ағарту саласындағы ұстаздарға, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне де артылған жүк. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының ұлт тілінің қоғамда қолдануына ықпалы өте зор. Сонымен қатар қоғамның санасына ерекше әсер ететін әлеуметтік желіде қолданылатын лексикаға, тіл мәдениетіне де жете назар аудару қажет. Тіл мәдениеті көптеген ғылыми-практикалық мәселелерден тұрады, кірме сөздер, қарапайым сөздер лексикалық қорды молайтады, бірақ оның кері әсерлері де жоқ емес, қателіктерді ғана көрсетіп қоймай, тілдік жүйеге, тілдік нормаға сай қалыптасқанын айқындау қажет. Бүгінгі таңда медиада дәрежі пікір мен дәрежі сөз белең алғанын байқаймыз. Тілді эстетикалық құрал ретінде қарай отырып, адамдардың қарым-қатынас жасауда бір-біріне ілтипатпен, жақсы ниетпен сөйлесуінің өзі мәдениеттің нышаны. Қазіргі дамыған заманда әлеуметтік желіні қолданушылар саны артып келеді. Техниканың дамыған заманында кірме сөздердің, терминдердің қолданысы артуда. Бұл мақалада әлеуметтік желідегі лексиканың қолданысы жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар ортаңғы буын мен жастардың көп қолданатын instagram парақшасындағы (ауызекі сөйлеу тілі): дисфемизм, жаргон, табу, эвфемизм, диалект және варваризм сөздерінің қолданысынанықтап, талдау жасау.

Түйін сөздер: лексика, кірме сөздер, жастар тілі, интернет тілі, варваризм, жаргон, әлеуметтік желі.

Кіріспе

Қазір әлемде 8,01 млрд. адам бар. Олардың 57%-і урбанизацияға негізделген, 5,44 млрд. адам тұрақты түрде мобильді телефондарды пайдаланады, 5,16 млрд. адам интернет тұтынса, 4,76 млрд. адам белсенді түрде әлеуметтік желіні пайдаланады. Қазақстандағы көрсеткіш де жыл санап өсіп келеді [1]. Ал әлеуметтік желіні пайдаланушылардың саны артқан сайын тілді дұрыс қолданбау өрістеп, қолданушылардың сауат деңгейі төмендей басталғаны байқалады.

Жалпы лексика саласындағы тілдік нормалар үш салаға бөлінеді: бірінде жалпы жазба әдеби тілдік сөз нормаларын, екіншісінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасын, үшіншісінде сөздердің қолданыстағы нормаларын талдап, таныту керек болады.

Тілдің лексикалық қазынасы ғасырлар бойы қалыптасып, адамдардың қатынасы және эстетикалық құралы болып қызмет ететін, әлеуметтік талғамнан өткен сөздер тобы әдеби нормасы болып танылады [2, 116 б.].

Лексика – тілдегі барлық сөзқоры. Адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, қызмет бабында стильдік бояуы әр түрлі сөздердің қай-қайсысы да жалпы айтылады. Қолдану аясына қарай көбіне-көп сөйлеу стиліне, яғни сөйлеу тілі лексикасына тән сөздерге диалектизмдер, қарапайым сөздер, дөрекі элементтер, жаргон, табу, эвфемизм, диалект сөздер, варваризмдер т.б. жатқыза аламыз. Осы сияқты сөздер әдеби лексикалық құрамнан тыс тұрады, бірақ бұлар ауызекі сөйлеу нормасынан орын ала алады [3, 50 б.].

Негізгі мақсатымыз ортаңғы буын мен жастардың көп қолданатын қазіргі Instagram парақшасындағы қарапайым лексика: дисфемизмдердің (какофемизмдер), жаргон, табу, эвфемизм, диалект сөздер, варваризм сөздерінің жұмсалып жолдарына назар аудару, саралау, талдау жүргізу. Жастар тіліндегі сленг пен жаргонға мән беру.

Әдіснама

Мақалада ауызекі сөйлеу тіліне тән кірме сөздердің қолданысы қарастырылады. Лексиканың әлеуметтік желіде, қарапайым қарым-қатынаста қолдану ерекшеліктеріне контенттік, құрылымдық, семантикалық талдау жасай отырып, психолінгвистикалық әдіс қолданысы арқылы әлеуметтік желінің адам өміріне әсерін сараптау, зерделеу. Теориялық негіз ретінде отандық ғалымдар Ш.Құрманбайұлы, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық және т.б. еңбектері алынды.

Жалпы қарапайым сөздер тек қазақ тіл білімінде ғана емес, қай тілде болмасын күрделі құбылыс болып келеді. Қарапайым сөздер ретінде танылатын тілдік бірліктердің мына секілді бірнеше белгілерін көрсетуге болады: 1) сөйлеу тілі элементі; 2) әдеби нормадан тыс тұрған тұлғалар; 3) әдеби эквиваленттері болуы шарт; 4) қарапайым сөздерді жалпы халық қолданады; 5) басым көпшілігі тұрпайы әрі экспрессивті-эмоционалды реңкі бар және бағалауыштық қасиетке ие болған сөздер; 6) стильдік мәні – бір нәрсенің бағасын төмендету, құнын түсіру яғни төменгі стиль дәрежесін туғызу. Міне, осы сияқты қасиеттері бар сөйлеу тілі элементтерін қарапайым сөз ретінде тануға болады.

Талдаулар мен нәтижелер

Қарапайым сөздерді нақты бөліп көрсету үшін де, оның табиғатын анықтау үшін де, алдымен сөз болып отырған тілдің әдеби нормасы мен ауызекі сөйлеу тілі нормаларының шекараларын сенімді түрде ажырата алған жөн. Қарапайым сөздерді тануда, негізінен әдеби тіл нормасымен салыстыру арқылы ажыратылады. Айталық, оттама, былшылдама, сандаламат.б. сөйлеу тілі элементтерінің бірі – қарапайым сөздер ретінде қарастырғанда, оның әдеби тіл нормасына («сөйлем», «тыныш отыр», «аузыңа ие бол») сай, эквиваленттерінің болуымен салыстыру арқылы анықталады.

Kaz.tengrinews парақшасында «М. Әдиевтің ұлттық құрамадан кетуін талап етті» деген жаңалық жарияланған. Оған 56 пікір жазылған, оның ішінде жетеуі дисфемизм түрінде жазылған. Мысалы: «жапшы аузыңды», «аурусың ба?», «аурулар», «оттай беретін болды ғой бұл да», «қуыршақ депутат», «мал», «әміржан зайцев сауатсыз екі жүзді мемлекет қуыршағы» (осы және басқа да әлеуметтік желі қолданушыларының пікірлерінің орфографиясы сақталған).

Осы парақшадағы көбірек пікір жазуға себепші болған келесі жаңалық – «Алматыда ер адам күзетшіні көлікпен әдейі бірнеше рет қағып, басынан тепкен» атты жарияланым. Бұл жарияланым барлығы 259 пікір қалдырған, соның 84-і дисфемизмді қолданған. Алдыңғы пікірлердегідей көбісі зооморфты инвективалар мен дисфемизм сөздерді құрайды: «Оңбаған отыз жыл берсін, ләгнетке хайуан», «Мынау нағыз мал екен ғой», «Атып тастау керек бұндай малдарды», «Жалмауыз екен мынау», «Қазақ па мынау малғұн», «Ауру анау психикасы 100% какпайдыгой» т.б. [4, 122 б.].

Қылмысқа барып тұрғанды жөн деп айта алмаймыз, бірақ, дөрекі пікір жазып отырғандардың мәдениеттілігінің қандай екенін көре аламыз. Пікір жазуға болады екен деп жеке адамның ар-намысына, тұлғалық болмысына, қызметіне тіл тигізбеуді ескерген жөн болар. Пікір жазғысы келсе мәдениеттіліктен, этикадан аттап өтпей, мәдени лексиканы қалыптастыру керек.

Табу мен эвфемизмдер сөйлеу тілі стилінде көбірек қолданылады. Instagram желісін оқи отырып, табу, эвфемизм сөздерді көбірек кездестіруге болады. Сөйлеу тілі лексикасына стильдік бояуы жағынан табу сөздер мен эвфемизмдер де жатады. Табу, эвфемизм – бір-біріне мағыналары жақын, мәндес терминдер. Әлдебір, діни нанымға, ескі әдет-ғұрыпқа байланысты айтуға болмайтын, сондай-ақ цензуралық ретпен де қолдануға тыйым салынған сөздерді табу (эвфемизм) деп атайды.

Қазіргі таңда эфемизм қоланысы азайған сияқты. Оған мысал, бұрын «найзағай» сөзін «жасыл» десе, ол қазір қоланыстан шығып қалды. Тура мағынасында «найзағай» деп айтылып жүр. Теңеу тек әдет-ғұрыпқа қатысты қолданылып жүр. Қолданыста қалған теңеу сөздер келін ата-енесінің, бабаларының не қайынағаларының атын атамай, сыйластық пен еркелікке сай ат қойылуын айтамыз. Жаппай қолданысқа ие болмаса да, теңеудің сақталған түрі. Ертеректе олармен аттас басқа да түрлі заттарды тұспалдап, басқаша айтқан.

Бүгінгі таңда медиа әлеміндегі өзгерістердің өте жылдам болып жатқанын көріп отырмыз. Заманауи цифрлық технологиялар ақпарат нарығына тереңдей еніп кетті.

Соңғы 25-30 жылда интернеттің кеңінен қанат жайып, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ақпараттық кеңістікке үлкен өзгерістер әкеледі [5, 11 б.].

Instagram желісінде жиі қолданылатын сөздер: «Жәкең», «Ақ патша», «Сұлтаным», «Патшам», «Қайрош», «Гүлеке», «Мой краш», «Жәннатым», «Жапырағым», «Құлыным Қамбарым», «Қоңыр Қозым», «Еркем», «Балапаным», «Ботақан», «Құлыншағым», «Жарқыным», «Сәулемім», т.б. жасы үлкенді сыйлап, күйеулерінің атын атамай, балаларында еркелете атауын кездестіреміз. Осы жерде «Мой краш» деген сөз «Ұнатқаным» деген мағынада, сөз арасында қазақша айтуға болатын, бірақ басқа тілде қолдануына байланысты ғылыми тұрғыдан варваризм қатарына жатқызамыз. Яғни, бұл тіл тазалығын бұзады.

Alash_news – instagram парақшасында «Біздің сымбатты краш Президент»: Тоқаевтың 20 стилисті бар екен» атты жарияланыматауын алсақ, «краш» сөзі қосылған. Мазмұны- нынан бірнеше варваризмдерді кездестіреміз: «мнениесін айта алады», «өз идеясымен», «протоколдарға сай». Осы парақшада «Әркімнің өз «крашы» бар: кішкентай бүлдіршіннің бұл әрекетін ешкім күтпеді» - деген атауда «краш» сөзі ерекшеленіп, тағы қолданысқа ие болып отыр [6].

Сонымен қатар желіде өз оқырмандарына «Ағайын», «Халқым», «Достарым», «Дәулетті оқырманым», «Роднойларым», «Жақсыларым», «Жақындарым», «Оқырмандарым» т.б. адамның көңіліне жылы естілетін, әрі қаратпа мағынасында жазылған сөздердің барын аңғарамыз. Бұл жерде «Роднойларым» сөзі де варваризмге жатады. Өздерін лақап атпен танытатын блогерлер де бар. Олар: «Колобок», «Женушка колобока», «NNN», «Дарикорн», «Сека вайнер», т.б. Ономастика саласы бойынша қоғам өзгеруіне қарай антропонимдер де әр қилы қойылып келеді.

Күнделікті қарым-қатынаста, әлеуметтік желіде жастар арасында варваризмдер көптеп ұшырасады. Варваризмдер (грек. barbarismos – бөтен елдік) – сөйлеу не жазу кезінде орынсыз қолданылған басқа тілден енген сөздер. Тілралалық байланыс мәселелерімен шұғылданып жүрген ғалымдар арасында орыс, ағылшын сөздерінің ана тілімізге енуін сол сөздердің немесе сөз тіркестерінің экспрессивті күшінде, яғни олардың ана тілі сөздеріне қарағанда ұтымдылығында деген пікір бар. Мысалы, жастар ішінде Instagram парақшаларында қазақша сөйлемар асында «всё-таки», «до и после», «как всегда», «дальше», «больше», «идеально», «наконецта», «за то», «завис», «загрузка», «история», «ава» т.б. варваризмдерді оқимыз, естиміз.

Варваризмдерді көркем шығармаларда, ақындар айтысында кезіктіріп жатамыз. Бірақ, қазіргі жастар сияқты бірыңғай қолданысқа енгізбеу керек. Әлеуметтік желі парақшасынан жастар тілінің өзіндік стилін байқаймыз. Шет тілдерінің сөздерін қолдану, оларды қысқартып айту кездеседі. Қазір мессенджерлерде жиі сөйлесетін болғандықтан, ұзақ жазуға ерініп, сөзді қысқартып жазу сәнге айналған.

№	Сөздер	Мағынасы, қолданылуы
1	Жиза	орысша «жизнь», яғни «өмір» деген сөздің қысқарған түрі
2	Изи	ағылшынша «easy» деген сөзді оқылуы бойынша қолдану, аудармасы «оңай» дегенді білдіреді

3	Краш	ағылшынның crush деген сөзінен шыққан. Біреуді сыртынан ұнату, жауапсыз жақсы көру
4	Хейт	біреуді ашықтан-ашық ұнатпау, оның қаншалық жаман, нашар екенін ауызша немесе жазбаша хабарлау
5	Сорян	«sorry» сөзінің қысқартылған нұсқасы
6	Ауф	керемет
7	Рили	ағылшынның «really» деген сөзінен шыққан, «Шынымен, расында» деген сөздердің орнына қолданылады
8	Гоу	ағылшынның «go» деген сөзі, «кеттік» деген мағынада қолданылады. Бұл сленгін қолданатындар «гоу» дегеннің өзін ұзақ көріп, оны «го» деп жазады
9	Олд	ағылшынның «old» (кәрі) деген сөзінен шыққан
10	Инсайд	ағылшынның «inside» (ішкі) деген сөзінен шыққан
11	Флекс	икемді, «flex» - бұғу, майыстыру
12	Шарить	бір нәрсені түсінуді білдіреді
13	Ботан	зерделі адам
14	Тормоз ұстау	бөгеліп қалу
15	Типаж болу	өзімшіл, өркөкірек
16	Косыққа кіру	ыңғайсыздыққа тап болу
17	Құлаққа лапша ілу	өтірік соғу
18	Маяк тастау	қысқаша қоңырау шалу
19	Дорама	сериал, корей тілінен енген
20	Капустаға қарау	материалдық жағдайын қарау
21	ЛП	орысша «лучшая подруга» дегеннің қысқарған нұсқасы
22	МЧ	қыздың кездесіп жүрген жігіті (молодой человек)
23	ЛЧ	сүйікті адам (любимый человек)

Кесте 1 Жастар арасындағы жиі қолданылатын сленгтер

Ескертпе: [7] деректер негізінде құрастырылған.

Осы кестедегі сияқты сөздерді әлеуметтік желілерден көз шалады және естиміз. Бүгінде жастар ғана емес халықтың көпшілігі әлеуметтік желілерді қолданады. Жастар тіліне жаргон, сленг сөздер ретінде ағылшын, корей сөздері өте жиі қолданыста екенін аңғарамыз. Осы желілер арқылы шетел сөздері де тілімізге енуде: Instagram, account, megabait, challenge, snapchat, facebook, blog деген сөздер легін тізе беруге болады. Кейбір сөздердің қазақша баламасы бола тұра баспасөз беттерінде қазақшасынан гөрі ағылшыншасы жиі қолданылады, айталық, «account» сөзін «парақша», «Internet» сөзі «интернет» деп аударылса да, өзге тілдегі нұсқасын жиі қолданады. Зат атауларын неғұрлым қазақ тіліндегі баламасын қолданып, қазақ тілі заңдылығына орай өзгерте қолдаған дұрыс болар еді. Негізінен жаңа сөздердің пайда болуы біздің сөздік қорымызды

байытады, дегенмен, кірме сөздердің көптігі тілімізді шұбарлап, бірегей табиғи қалпына нұсқан келтіріп, әдеби сұлулықты, тіліміздің тазалығын жояды [8].

Ал әлеуметтік тұрмысымызда экономика саласының инвестиция, маркетинг, менеджер, босс, шеф сөздерін қолдануға мәжбүр болсақ, осы салада дилер, брокер, дефолт, прайс-лист сөздері кәсіби терминге айналғанын аңғару қиын емес. Жастар арасындағы жаргон, сленг сөздерді қоспағанның өзінде қазақ тіліне енген ағылшын сөздерінің бейнесі осындай.

Жарнама тіліне талдау жасар болсақ, ағылшын тілінен енген сөздер едәуір. Мысалы стимер, ростер, триммер, снукер, пул, сквош т.б. сөздер. Жарнама арқылы күнделікті тұрмыстағы зат атаулары да ағылшын тілінен тікелей алынып жатыр. Заттардың атаулары ағылшын тілінде беріледі: лифтинг, скраб, пиллинг т.б. сол сияқты косметика атаулары да өзгеріссіз ағылшын тіліндегі қалпында қолданылып жүр.

Заман ағымына байланысты жаңа мамандық атаулары да кірме сөздерден тұрады. Мысалы: SMM, таргетолог, медиатор, бизнесвумен, HR, репетитор, хакер, папарации, брокер, телесуфлер, инвестор, дилер, дистрибьютор, фриланс /фрилансер, стилист (стильші)копирайтер, аниматор, модератор, супервайзер, логистика, барбер, диктор, веб-дизайнер, бармен, амбассадор, промоутер, дауншифтер, риэлтор имиджмейкер, спикер. Біздің елде бұл сөздер күнделікті өмірде қолданыс тауып, біздің өмірімізге тән сөздерге айналды [8].

Хит, тренд, лук, майкап, airpods, getcourse, гив, марафон, фан, батл, репост, пост, история терминдік сөздерін сөз арасына қосып айтып жатамыз. Бұл сөздерді баламалап айтуға болады, баламасы бар сөздер қатары болса да қазақша нұсқасын сирек естиміз. Жастарға, желі қолданушыларына осылай қолданған тиімді, түсініктірек көрінеді. Оларды былай жіктесек болады:

- Білім саласына қатысты: *курс, тренинг, getcourse, модератор, эфир, т.б.;*
- Сауда-саттыққа, кәсіп саласына байланысты: *маркетолог, таргет, дисижнмейкер, краудшиппинг, маркетингтік лид;*
- Блогер, жұлдыздар арасында: *марафон, фан, батл, репост, хит, тренд, т.б. сөздер қолданысқа ие.*

Шыны керек, қазіргі таңда әлемдік тілдердің, әсіресе, ағылшын тілінің қарқынды дамуы көптеген халықтардың тілдік ортасын тарылтуда. Тіпті, әлемде өз ана тілін жөнді білмейтін, есесіне ағылшынша жетік білетін адамдар саны артып келеді. Бұл үрдіс соңғы кездері Қазақстан қоғамында да байқала бастады. Мәселен, мектепке дейінгі немесе орта білімді орыс және ағылшын тілдерінде алған жастардың кейбірі қазақ тілінде сөйлей алмайды. Осы ретте олардың лексикалық қорында төл сөздерге қарағанда кірме сөздер көптеп кездеседі. Сәйкесінше, мұндай адамдар өзінің ұлттық тілдік-коммуникативтік кеңістігінде шетелдік адамның күйін кешіп, бойына өзінің ұлттық мәдениетіне қарағанда өзі жетік білетін тілдің мәдениетін сіңіріп, осылайша қазақ тілдік ортасына шетел сөздерін күнделікті тасымалдаушы рөлін атқара бастайды. Тіл білмейтін адамдардың қатары артқан сайын қазақ тілінің қолданыс аясы тарылып, ұлттық тілдік ортаның дағдарысы арта береді. Себебі, қазақ тілін білмейтін қандастарымыз қазақ тілін білетін отандастарымызбен коммуникацияда өзге тілді қолданып, әңгімелесушінің қазақ тілін қолдануына кедергі жасайды.

Айталық, жас буын өкілдері ағылшынның «respect» – «құрмет», француздың «situation» – «жағдай», ағылшынның «club» – «клуб», «night club» – «түнгі клуб», «hall» – «зал» т.б. сөздерінің қазақша баламасы болса да, оларды шетелдік нұсқасымен айту сөнге айналып барады. Ағылшын сөздерінің айтылуына қарсы емеспіз, тек оларды әркім өз бетінше, қалай болса, солай қолданып, көбінесе орысша дыбыстап, ана тіліміздің табиғатына нұқсан келтіретіні ойға қалдырады [9, 114 б.].

Келесі Instagram-да кезіктіретін лексикамыз, ол – диалект сөздер. Диалект – аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізгі құралы болып табылатын тіл. Аумақтық диалект – аумақтық жағынан шектелген және әдеби тілмен қатар қолданылатын тіл; ол тек ауызша нысанда ғана болады; қатаң нормалары жоқ; стильдік тармақтары да сараланбаған. Әлеуметтік диалект – әлеуметтік немесе кәсіби жағынан топтасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл. Фонетикалық, грамматикалық құрылымы жағынан әдеби тілден соншалықты айырмашылықтары жоқ, әлеуметтік тіл негізінен лексика, семантика, фразеология бойынша айырмаланады.

Әлеуметтік желіден диалект сөздерді кездестірдік. Доп – мәшік – мячик, әрең дегенде – шаққа, үлкен – әйдік, кішкентай – кіттәй, сурет – сүгірет, қарбыз – дарбыз, қауыншек – қақ, т.б. сөздер айтылады екен. Осындай жергілікті халық тілінде ғана қолданылатын, белгілі аймақ көлемінде ғана айтылатын сөздерді диалектизмдер дейді.

Қандай қоғамдық құрылыс, саяси жүйеде болсын, оның даму тарихында бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі өте зор. Қоғамдық-саяси, мәдени өмірімізде болып жатқан өзгерістер тіл арқылы баспасөзде көрініп жатады [10, 185 б.].

Көбіне ақпаратты әлеуметтік желіден аламыз. Соңғы жылдардағы көптеген табиғи төтенше жағдайлар мен адам қолымен жасалған апаттар және қоғамдағы тартыстар бірден әлеуметтік медиада көрініс табады. Цифрлық және әлеуметтік медиа бұқаралық ақпарат құралдарын демократияландыру, белсенділігін арттырады десе, екіншілері медианың сапасын төмендетті деп есептейді [11, 106 б.]. Әлеуметтік желілерсіз негізгі қоғамдық іс-шараларды елестете алмайтын болдық. Аз уақыттың ішінде әлеуметтік желілерде бірнеше жарияланымдар шығады, ол тек қызығушылық танытып қоймай, бүкіл әлемде жеке тұлғалар мен ұйымдар үшін қажеттілікке айналған.

Сонымен қатар қазіргі қоғамда күйзеліс күнделікті өмірімізде кең таралған құбылыс ретінде анықталып отыр. Шынында да, цифрлық платформалар мен әлеуметтік медиа арқылы таратылатын ақпарат қоғамға әсер етуде. Дегенмен, адамдардың күйзелісі мен психикалық жағдайын түсіну қиын. Мәселен, Қытай ғалымдары жасанды интеллект технологиялары негізінде әлеуметтік желілердің адам күйзелісіне әсерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жүргізген. Нәтижесінде, адам күйзелісіне әсер ететін сөз қорын анықтаған [12]. Біздің зерттеуіміз де осы мәселеге бағытталған болатын. Сыртқы қоғам пікірі адам өміріне түрлі күйзелістің салдарын тудырады. Өйткені, әлеуметтік желілердің дамуына адамдардың бір-бірімен салыстыру белгілері айқын байқалада. Нәтижесінде, күнделікті салыстырудың салдарынан жоғары күйзелістің көрсеткіші анықталған.

Қорытынды

2021 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Шерубай Құрманбайұлының жетекшілігімен «СӨЗТҮЗЕР. Қате қолданыстар сөздігі» кітабы жарыққа шықты. Ғалымдар республикалық телеарналар мен радиоларды, газеттер мен сайттарды бақылап, қате қолданылған 3,5 мың сөз бен сөз тіркесін анықтаған және 2 мыңнан астам мысал жинақталған. Әсіресе журналистер аудармаға негізделген жаттанды тіркестерді көп қолданып, сөздердің орын тәртібін сақтамайды. Кітапта осы қате сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс нұсқасы ұсынылған [13]. Міне, тура осындай сөздік әлеуметтік желідегі сауатты лексиканың қолданысы мен тіл мәдениетіне де ауадай қажет.

Ғалым Р. Сыздықованың тұжырымы бойынша лексикалық құрамның толығыуына себепкер болатын факторларды алдық: 1) тілдің өзіне тән ішкі даму заңдары: сөз мағынасының кеңеюі, әр затты, әр құбылысты, әр ұғымды даралап жеке – жеке атау қажеті; 2) экстралингвистикалық факторлар: термин жасау процесі, аударма әдебиетінің дамуы, бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық революция [2, 119 б.].

Қазіргі кезде термин жасау процесі, аударма әдебиетінің дамуы баяу, қазіргі заманғы қарқынға үлгіру де қиынға соғатын болар, соған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының жаңа түрлерінің дамуы, қоғам өміріндегі саяси-мәдени өзгерістер, ғылыми-техникалық жаңашылдықтың себептерінен жаңа сөздер, терминдер бірден сіңісіп кетіп жатыр.

Әлеуметтік желідегі табу, эвфемизм, диалект сөздердің көптеп қолданылуы тіліміздің сөздік қорын байыта түсері сөзсіз. Бірақ, тілді таза күйінде қолданған жөн. Соның ішінде варваризмдерді қолданбау қажет. Цифрлық технологиялар белең алып тұрған заманда ақпарат кеңістігінде таралатын мәліметтердегі лексиканың әр қилы келуі көп кездеседі, терминдердің қолданысы маңызды орын алып тұр.

Авторлардың қосқан үлесі.

Кушкинбаева К.Т. – зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, әдістемені таңдау, деректерін жинау және талдау, деректерді визуализациялау.

Ақсейіт Ғ.М. – зерттеу тобының үйлестірушісі, қатысушыларды әкімшілендіру.

Шурентаев А.М. – әдебиетке шолу, материалды ұйымдастыру және құрылымдау, мәтінді редакциялау, редакциямен хат алмасу.

Әдебиеттер тізімі

1. Әшірбекова Г., Берекетова А., Жақсылық А. Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы. – 2024. – №2(147). – Б.8-24.

2. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы(кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіресі, 2014. – 292 б.

В первом случае подготавливается видео справочного характера и многоразового использования и вставляется в каждую новость по соответствующей теме. Например, новость, касающаяся взаимоотношений Израиля с соседями, может сопровождаться видеосправкой об истории арабо-израильского конфликта с момента образования государства Израиль. Новость, касающаяся американской политики в отношении России, видеосправкой об истории российско-американских отношений, начиная с царских времен. Количество подобных видеосправок в арсенале редакции крайне невелико, и поэтому даже в рамках выборки публикаций в ходе исследования одна и та же видеосправка встречалась несколько раз.

Второй вариант – это дополнить новостную заметку видео на другую тему. Здесь чаще всего встречаются такие варианты как видеоподборка главных новостей дня либо недели, так называемое «видео дня», обычно развлекательного характера, например, медведица с медвежонком гуляют по шоссе. Еще один вариант - видеосправка на другую тему. Так новость о затоплении аэропорта в Дубае из-за ливневых дождей сопровождалась видеосправкой о том, как правильно собрать чемодан в аэропорт, а новость об уголовном деле в отношении банкира в связи с хищением средств вкладчиков – видеосправкой о том, кому нужно подавать налоговую декларацию и как правильно это сделать. Наконец, еще одна разновидность видеосправки – видеоподборка событий по относительно близкой тематике. Так новость о преступлении может сопровождаться видеоподборкой из серии «десять самых громких судебных процессов» или «десять самых разыскиваемых преступников», хотя эти процессы и преступники с данным преступлением никак не связаны.

Выводы

Гипотезы о представленности мультимедийных элементов на сайтах издания, о значимых различиях в этой представленности на сайтах СМИ и об отсутствии единой стратегии мультимедиатизации медиаконтента на наиболее популярных сайтах российских СМИ подтвердились. Это касается и доли мультимедийных публикаций, и типов мультимедийных элементов, и их роли в публикациях.

Наиболее популярные сайты российских СМИ все конвергентные. Но мультимедиатизация публикаций на этих сайтах происходит по-разному. То есть в медиаотрасли до сих пор не сложилось единого подхода по поводу того, как «правильно» мультимедиатизировать медиаконтент. Стремиться ли к максимальной доле мультимедийных публикаций либо вводить мультимедиа только в исключительных случаях либо же идти по пути сопровождения текста мультимедийными элементами, если это не требует существенных усилий. Причем зависимости между популярностью сайта и его мультимедиатизированностью нет. То есть аудиторию привлекают другие характеристики предлагаемого СМИ медиаконтента, и мультимедиатизация не является доминирующим фактором.

Для более точного понимания того, насколько мультимедиа влияют на привлекательность материала в глазах аудитории, желательно было бы выявить реальную просматриваемость и досматриваемость представленных на сайтах видео. В какой мере это работает, как влияет на удержание внимания аудитории на публикации. Также следующим этапом исследования мог бы стать опрос журналистов по поводу использования ими мультимедиа в своих публикациях и, соответственно, о том, в какой мере выявленные в ходе нынешнего исследования стратегии мультимедиатизации медиаконтента являются осмысленными и целенаправленными либо же они сложились хаотично, просто в процессе работы или рекламной бизнес-модели конкретных СМИ. Как в принципе в редакциях видят идеальное использование мультимедиа и его роль. Почему не используют либо крайне мало используют компьютерные технологии для создания мультимедиа. Какова бизнес-логика данных решений с позиции журналистов и менеджмента СМИ.

В целом же возникает еще более фундаментальный вопрос, поднимавшийся еще на заре мультимедиатизации, по поводу совместимости различных форм контента в связи с тем, что это слишком по-разному выглядит с позиции аудитории и исходя из процессов восприятия информации различного типа. Чтение – это активный процесс, требующий вовлечения и усилий для перевода букв в смыслы и образы. Просмотр видео же усилий не требует. Достаточно просто запустить видеозапись, а затем смыслы и образы сами транслируются в сознание зрителя. И в этой связи можно предположить, что сочетание в одном материале разных форм контента может давать не синергетический, а обратный, расщепляющий эффект, мешающий восприятию и одного, и другого. Это предположение нуждается в проверке. Однако проведенное в 2022 году исследование представленности и типов мультимедийных лонгридов на сайтах российских СМИ [16] показало, что подавляющее большинство СМИ (более 80%) не публикуют

мультимедийные лонгриды. При том, что по отдельности мономедийный текстовый и мономедийный аудиовизуальный контент на сайтах СМИ широко представлен. Если брать неновостной контент, то это и крупные тексты журнального формата с красивой версткой и продуманным иллюстрированием, и полнометражные документальные фильмы, причем снятые журналистами интернет-изданий. То есть мультимедиа-тизация медиаконтента может оказаться не магистральным направлением, а тупиковой ветвью, а описанные в данной статье стратегии – не более чем экспериментированием в рамках трансформирующейся цифровой медиасреды.

Список литературы

1. Землянова Л.М. Коммуникативистика и средства информации: англо-русский толковый словарь концепций и терминов. – М.: издательство Московского университета, 2004.
2. Лукина М.М., Фомичева И.Д. СМИ в пространстве Интернета: учебное пособие. – М.: факультет журналистики МГУ им. М.В. Ломоносова, 2005.
3. Deuze M. What is Multimedia Journalism? // Journalism Studies. – 2004. – № 5 (2). – P. 139–152.
4. Jacobson S. Emerging Models of Multimedia Journalism: A Content Analysis of Multimedia Packages Published on Nytimes.com // Atlantic Journal of Communication. – 2010. – № 18 (2). – P. 63–78.
5. Karlsson M., Clerwall C. Patterns and origins in the evolution of multimedia on broadsheet and tabloid news sites // Journalism Studies. – 2012. – № 13(4). – P. 550–565.
6. Выховский А.В., Галкина М.Ю., Колесниченко А.В., Образцова А.Ю., Вартанов С. А. Мультимедийные элементы в современном медиатексте // Медиаскоп. – 2017. – № 3. – [Электронный ресурс] – URL: <http://www.mediascope.ru/2364> (дата обращения 08.01.2025).
7. Harmer E., Southern R. Is Digital News Really that Digital? An Analysis of How Online News Sites in the UK use Digital Affordances to Enhance Their Reporting // Journalism Studies. – 2020. – № 21 (16). – P. 2234–2248.
8. Универсальная журналистика: учебник для вузов / Под ред. Л.П. Шестеркиной. – М.: Аспект Пресс, 2016.
9. Тертыхный А.А. Особенности жанрообразования в интернет-СМИ. // Научные ведомости БелГУ. – 2013. – № 6. – С. 172–179.
10. Интернет-СМИ: Теория и практика: Учеб. пособие для студентов вузов / Под ред. М. М. Лукиной. – М.: Аспект Пресс, 2010.
11. Силантьева О. Режиссура мультимедийной истории / Как новые медиа изменили журналистику. Под ред. С. Балмаевой и М. Лукиной. – Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2016. – 152–178 с.
12. Паранько С. Инструментарий и навыки журналиста / Как новые медиа изменили журналистику. Под ред. С. Балмаевой и М. Лукиной. – Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2016. – 6–30 с.
13. Колесниченко А.В. Востребованность жанров журналистских текстов в онлайн-СМИ // Вестник Моск. ун-та, серия 10 Журналистика. – 2018. – № 1. – С. 26–42.
14. Колесниченко А.В. Мультимедийные жанры в современных российских СМИ // Вестник Моск. ун-та. Серия 10. Журналистика. – 2023. – № 2. – С. 3–22. DOI: 10.30547/vestnik.journ.2.2023.322

15. Колесниченко А.В. Типология мультимедийных форматов новостных публикаций // Вестник Моск. ун-та. Серия 10. Журналистика. – 2024. – № 3. – С. 122–143. DOI: 10.30547/vestnik.journ.3.2024.122143

16. Колесниченко А.В. Типология мультимедийных лонгридов // Вестник Моск. ун-та, серия 10. Журналистика. – 2022. – № 4. – С. 3-20.

А.В. Колесниченко

М.В. Ломоносов атындағы ММУ, Мәскеу, Ресей

Қазіргі ресейлік БАҚ-тың мультимедиатизациялау стратегиялары

Аңдатпа. Ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарының барлық танымал сайттары конвергентті. Мұны 2022-2024 жылдары жүргізілген зерттеулер көрсетті. Дегенмен, мультимедиялық басылымдардың үлесі өте әртүрлі – бір мультимедиялық басылымдардан жалпы мазмұндағы мультимедиялық басылымдардың үстемдігіне дейін. Осыған байланысты қазіргі ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарын мультимедиаландырудың үш стратегиясы туралы айтуға болады – ерекше, таңдамалы және жалпы. Ерекше стратегия мен мультимедиялық элементтер басылымдардың аз бөлігінде ұсынылған, бірақ бұл басылымдар айтарлықтай толықтырады. Таңдаулы мультимедиатизация кезінде мультимедиа жарияланымдардың үштен біріне дейін, ал ең танымал мультимедиялық формат-жаңалықтар жазбасын репортаждық бейне түсіріліммен толықтыру. Бірдей мультимедиатизация мен сайттағы мультимедиялық жарияланымдар басым болады, бірақ мультимедияның едәуір бөлігі мәтіндік бөлімде қамтылған оқиғамен байланысты емес және әдетте тақырып бойынша немесе жаңалықтардың бейне таңдауы болып табылады. Зерттеу нәтижелері Ресейлік БАҚ-та мультимедиатизацияның жалпы қабылданған стратегиясы әлі дамымағанын, сондай-ақ медиа-контентті мультимедиатизациялау деңгейі бұқаралық ақпарат құралдарының танымалдылығына әсер ететін негізгі фактор емес екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: конвергенция, мультимедиялық жанрлар, мультимедиялық форматтар, журналистиканы цифрландыру, интернет-БАҚ.

A.V. Kolesnichenko

Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia

Strategies for the multimedia development of modern Russian media

Abstract. All the most popular Russian media sites are converged. This was shown by studies conducted in 2022-2024. However, the proportion of multimedia publications varies enormously, from single multimedia publications to the dominance of multimedia publications in the total volume of content. In this regard, we can talk about three strategies for the multimedia development of modern Russian media – exclusive, selective and total. With an exceptional strategy, multimedia elements are represented in a small part of the publications, but they complement these publications significantly. With selective

multimedia, up to a third of publications are multimedia, and the most popular multimedia format is the addition of a news story with a reportage video. With total multimedia, multimedia publications on the site dominate, but a significant part of the multimedia is not related to the event covered in the text part, and is usually a background on the topic or a video news collection. The research results show that the Russian media has not yet developed a generally accepted multimedia strategy, and that the level of multimedia content is not a key factor influencing the popularity of the media.

Keywords: convergence, multimedia genres, multimedia formats, digitalization of journalism, online media.

References

1. Zemlyanova L.M. Kommunikativistika i sredstva informacii: anglo-russkij tolkovyj slovar' koncepcij i terminov. [Communication studies and information media: English-Russian explanatory dictionary of concepts and terms]. (Moscow, 2004) [In Russian].
2. Lukina M.M., Fomicheva I.D. SMI v prostranstve Interneta: uchebnoeposobie. [Mass media in the Internet space: textbook]. (Moscow, 2005) [In Russian].
3. Deuze M. What is Multimedia Journalism? Journalism Studies. 5(2). 139–152. (2004)
4. Jacobson S. Emerging Models of Multimedia Journalism: A Content Analysis of Multimedia Packages Published on Nytimes.com. Atlantic Journal of Communication. 18 (2). 63-78. (2010)
5. Karlsson M., Clerwall C. Patterns and origins in the evolution of multimedia on broadsheet and tabloid news sites. Journalism Studies. 13(4). 550–565. (2012)
6. Vyrkovskij A.V., Galkina M.YU., Kolesnichenko A.V., Obrazcova M.YU., Vartanov S.A. Mul'timedijnye elementy v sovremenном mediatekste [Multimedia elements in modern media text]. Mediaskop. – 2017. Available at: <http://www.mediascope.ru/2364>. (accessed: 25.04.2024). [In Russian].
7. Harmer E., Southern R. Is Digital News Really that Digital? An Analysis of How Online News Sites in the UK use Digital Affordances to Enhance Their Reporting. Journalism Studies. 21 (16). 2234-2248. (2020).
8. Shesterkina L.P. Universal'nayazhurnalistika: uchebnikdlyavuzov [Universal journalism: textbook for universities] (Moscow, 2016) [In Russian].
9. Tertychnyj A. A. Osobennosti zhanro obrazovaniya v internet-SMI. [Features of genre formation in online media]. Nauchnye vedomosti BelGU. 6. 172-179. (2013) [In Russian].
10. Lukina M.M. Internet-SMI: Teoriya i praktika: Ucheb. Posobie dlya studentov vuzov [Online media: Theory and Practice: Textbook for university students]. (Moscow, 2010) [In Russian].
11. Silant'eva O. Rezhissura mul'timedijnoj istorii / Kak novye media izmenili zhurnalistiku. [Directing multimedia history / How new media have changed journalism.] S. Balmayeva and M. Lukina (Ekaterinburg, 2016. 178 p.) [In Russian].
12. Paran'ko S. Instrumentarij i navyki zhurnalista / Kak novye media izmenili zhurnalistiku. [Tools and skills of a journalist/ How new media have changed journalism.] S. Balmayeva and M. Lukina. (Ekaterinburg, 2016. 178 p.) [In Russian].
13. Kolesnichenko A.V. Vostrebovannost' zhanrov zhurnalisticheskikh tekstov v onlajnovykh SMI [The demand for genres of journalistic texts in online media]. Vestnik Moskovskogo universiteta, series 10 Zhurnalistika. 1. 26-42. (2018). [In Russian].

14. Kolesnichenko A.V. Mul'timediĭnye zhanry v sovremennyh rossiĭskih SMI [Multimedia genres in modern Russian media]. Vestnik Moskovskogo universiteta, series 10 Zhurnalistika. 2. 3-22. (2023). DOI: 10.30547/vestnik.journ.2.2023.322 [In Russian].
15. Kolesnichenko A.V. Tipologija mul'timediĭnyh formatov novostnyh publikacii [Typology of multimedia formats of news publications]. Vestnik Moskovskogo universiteta, series 10 Zhurnalistika. 3. 122-143. (2024). [In Russian].
16. Kolesnichenko A.V. Tipologiya mul'timedijnyh longridov [Typology of multimedia longreads]. Vestnik Moskovskogo universiteta, series 10 Zhurnalistika. 4. 3-20. (2022). [In Russian].

Сведения об авторе:

Колесниченко А.В. – кандидат филологических наук, доцент кафедры цифровой журналистики факультета журналистики МГУ им. М. В. Ломоносова, Москва, Россия.

Колесниченко А.В. – филология ғылымдарының кандидаты, цифрлы журналистика кафедрасының доценті, журналистика факультеті, Л.В. Ломоносов атындағы ММУ, Мәскеу, Ресей.

Kolesnichenko A.V. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Digital Journalism, Faculty of Journalism, Lomonosov Moscow State University, Moscow, Russia.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



XҒТАР 19.41.07

Мақала түрі (ғылыми мақала)

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-1-81-91>

Абай Құнанбайұлы шәкірттері публицистикасының тақырыптық ерекшеліктері

Г.А. Шауенова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: gulzabira_72@mail.ru)

Аңдатпа. Қазіргі кезде қоғамдық сана мен көзқарастың жаңаруына байланысты әдеби мұраларды зерттеу тұрғысынан жаңаша пайымдаулар жасалып, тарихи тұрғыдан таразылау қолға алынды. Тәуелсіздіктің арқасында өткен тарихымызға үңілу, ертеректе жарық көрген публицистикалық туындыларға талдау жүргізу кезінде маркстік-лениндік әдіснама дүниеге келтірген кеңестік қасаң идеологияның тыйым салуы нәтижесінде тұмшаланып келген шындық біртін-біртін жариялылыққа бет алды. Мақалада Абай мұрасының шәкірттеріне айрықша әсер-ықпал еткені, соның нәтижесінде олардың шығармашылығының қалыптасуы, көсемсөздері талданып, қоғам үшін құндылығы қарастырылады. Хакім шәкірттерінің сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси, рухани бет-бейнесін бұлжытпай беріп тұрған публицистикалық дүниелерін, эпистолярлық мәтіндерді сараптай отырып, олардың идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін және ұлттық публицистика дәстүріне қосқан үлесін айқындайды. Абай шәкірттерінің шығармаларындағы халықтық мәселелер тәуелсіздік тұрғысынан сараланып, талдаулар мен тұжырымдар беріледі. Публицистикалық мұралардағы аса өткір мәселелер (оқу-білім, ағарту, отырықшылық, дін, тіл, т.б.) алынып, тәуелсіз көзқарас тұрғысынан қайта қарастырылады. Хакімнің төңірегіндегі ақындардың көсемсөз шығармаларын талдай отырып, оқу-ағарту публицистикасы; діни-ағарту публицистикасы; жер туралы публицистика, көркем публицистика; философиялық публицистика; заман келбетін айқындаған публицистика, т.б. деп жүйелеу ұсынылады.

Түйін сөздер: Публицистикалық мұра, ұлттық публицистика, оқу-ағарту публицистикасы, діни публицистика, эпистолярлық мәтін.

Кіріспе

Маркстік-лениндік әдіснама қазақ көсемсөзін тар шеңберде ғана қарастыруға мүмкіндік берді. Көрнекті публицистердің шығармашылығы зерттелмек тұрмақ, есімін атауға тиым салынды. Алаш қаламгерлерінің қатарында публицистикаға үлес қосқан Абай шәкірттері бар еді. Ақын шәкірттерінің ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерге жазған шығармалары бүгін де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Олардың туған жерді, елді қорғау, тіл, дін, діл, оқу-ағарту, мәдениет жайлы жазғандары өміршең, сол айтқандары бүгінде орындалуды қажет етіп тұр. Ақын шәкірттері көбінесе түрлі тақырыпта дастандар жазған. Шығармашылықтарындағы реализм Абай үлгісіндегі ақындардың бәріне дерлік тән қасиет. Олар шынайылық пен шыншылдықты басты бағыты етіп ала отырып, өзі өмір сүрген қоғамдағы келеңсіздіктерді көркем де шебер баяндайды. Бұған мысал ретінде қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар негізінде тұрмыстық, әлеуметтік тақырыптарға қалам сілтеген Шаһкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ-Айсұлу» дастандарын, Көкбай Жанатайұлының «Сабалақ» поэмасын айтуға болады. Ұстаздарының ұсынуымен Шаһкәрім Құдайбердіұлы мен Мағауия Абайұлы бір тақырыпта – жаңа үлгідегі сюжетті дастан «Еңлік-Кебек» оқиғасын өз әлдерінше, өздеріне тән өрнек бояуымен жазып шыққан.

Зерттеу әдісі

Зерттеу мақсатына жету үшін тарихи-салыстырмалық, контент талдау, танымдық, сипаттау сияқты ғылыми және арнайы әдістер қолданылды. Әлемдік және отандық абайтанушылардың зерттеулеріне сүйеніп жазылған ғылыми-теориялық әдістер пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Алаш қайраткерлерінің көсемсөздері біршама зерттелгені белгілі. Мақала жазуда қазақ баспасөзі, онда жарияланған көсемсөзді талдап, сол уақыт шындығын көрсете білген ғалым Үшкілтай Сұбханбердинаның «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Айқап» басылымдарының кириллицаға түсірілген нұсқаларына шолу жасалды [1; 2]. Сонымен қатар, зерттеу барысында Ш. Құдайбердіұлының шығармалары [3; 4], Қ. Мұхаметқановтың Мағауия Абайұлының ақындық қызметіне арналған еңбегі [5], Қ. Сақтың «Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі» еңбегі [6], Б.А. Ердембековтың «Абайдың әдеби ортасы» монографиясы жинағы [7], т.б. қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Абай Құнанбайұлы шәкірттері түрлі тақырыпқа қалам сілтеді. Олар оқу-ағарту, тарихи, тіл, дін мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, өз көзқарастарын білдіріп баспасөзге еңбектерін жариялап отырды.

Абайдың адам мен қоғам мәселелері, адамгершілік, ар-ұждан жайлы айтқан ой-толғамдарын ұстазының дәстүрін сақтай отырып, жаңаша жаңғыртқан шәкірті – Шаһкәрім Құдайбердіұлы. Оның шығармаларындағы халықтық сипат, әлеуметтік астар, өмір шындығы ақын ағасының көзқарасымен ұштасып, ойлары үндесіп отырады. «Жастарға» деген өлеңінде:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табайық,
Арам айла, зорлықсыз мал табайық,
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық...[3,19] –

деп, ұстаз ұлылығын танып, жастарды Абай жолымен жүруге шақырып, насихат айтады. Қоғамға ілім-білімді игерген жан керек екенін, білімді адам болғанда ғана ел бастайтын тұлға болуға болатынын түсіндіреді.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға жүр баралық,
Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік[3, 20] –

деген жолдар тұтастай алғанда, Абай ұлылығын дәріптеу, көкірегінде ойы бар, оты бар қазақты ұлы ақынға шәкірт деп есептеу ғана емес, Абайдай ұлылық феноменінің жалғыз еместігін, өзіндей болмаса да, қазақ сахарасында дала данышпанын дүниеге келтірер құнарлы әрі рухани шүйгіндік бар екенін дәлелдеу. «Жастық туралы», «Кәрілік туралы», «Жаз келер», «Арман», «Шын сырым», «Анық пен танық», «Мен бір тілсіз көлікпін», «Насихат», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Өмір», «Қулар», «Бай мен кедей», «Өлген көңіл, ындысыз өмір», «Мен кеттім де, сен қалдың», «Сөз жазып, өлең өлшемес», т.б. тұтастай алғанда, Шаһкәрім Құдайбердіұлы ғұмыр кешкен дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси, рухани бет-бейнесін бұлжытпай беріп тұрған публицистикалық қуаты мен танымдық нәрі күшті дүниелер. Дала философының еңбектерінің басым көпшілігі – ұстазы Абай сықылды ел қамын ойлап, жоғын жоқтаған шығармалар. Оның өмір сүрген кезеңі патша әкімшілігінің қазақ даласындағы отаршылдық, одан қала берді алаш азаматтарын жаппай қырғынға ұшыратқан кеңес үкіметінің солақай саясаты десек, ұстазы Абайдың ізімен Шаһкәрім де қоғамда болып жатқан келеңсіздіктерді сынға алған «Партия құрған өңкей қырт», «Тағы сорлы қазақ», т.б. еңбектерін жазды. Абайша күңіреніп: «Досың қайсы, қимастай елің қайсы? Ел салмағын көтерер белің қайсы?... Жалғанда қимайтұғын жерің қайсы?» деп жазады.

Адамды адал еңбекке, ғылым мен мәдениет үйренуге бағыттаған Шаһкәрімнің «Адамдық борышың», «Жолама, қулар, маңайға», «Піскен мен шикі», т.б. шығармалары бар. Еңбекқор адамның өмірге бейім келетіндігін «Піскен мен шикі» өлеңінде суреттеп,

аңға шығып адасқан бай баласы мен кедей баласының елін табу үшін жасаған іс-әрекеттеріндегі айырмашылықты көрсетеді. Кедей баласының ширақтығы мен тапқырлығының арқасында аман қалғандары баяндалады. «Мен кетемін» деген өлеңінде:

Ақ жүрек пен таза ақыл,
Қылсаң адал еңбек.
Бәрінен де сол мақұл,
Артқыға жол бермек.
Арсыздардың арам ойы түкке тұрмай жойылып,
Аяғында хақиқатты бұл үшеуі жеңбек[3, 300], –

деп, ақылмен адал еңбек еткен адам ғана жетістікке жете алатындығын тілге тиек етіп, жастарға жол көрсетеді.

Шаһкәрімнің Құдайбердіұлы шығармаларының негізгі тақырыбы – адам бойындағы құндылықтар. Ұстазы сияқты Шаһкәрімнің дүниетанымында ғаламды жаратқан – Алла. Данышпанның «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» туындылары ислам дінінің адами құндылықтарды насихаттайтын, жалпы адамзатты имандылыққа бастайтын дін екендігі халыққа қарапайым тілмен түсіндіріледі. «Тау басындағы ой» деген өлеңінде:

*Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай – бар, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар [4], –*

дегендей, Құдайдың рас, алисламның негізгі ұғымы ұждан екендігін халыққа дұрыс түсіндіруді мұрат етеді.

Ұлы ақынның жанына жақын баласы, әрі шәкірті Турағұл Ибраһимұлының деректанушы, этнограф, аудармашылығымен қатар, ақындық қабілетін де атап айтуға болады. Турағұл өзінің әкесі жайындағы естелігінде былай дейді: «1889 жылы менің 14 жасымда үлкен шешемнен туған Райхан деген апамды Найман, Серікбай баласы Құдайбергенге ұзатып, үйдің ішінің бәрі жолаушы кеткенде әкеммен екеуіміз ғана үйде қалдық... Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта жазған өлеңдерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдап отырсам керек, менің соныма-ақ қуанып, ырза болып, жолаушылар келгенде соларға мені: «Мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып, жалықпай тыңдады, – деп мақтады» [8, 144-145]. Баласының құймақұлақтығымен қоса, өнерге де бейім екенін сезген әке: «Тураш, үш ауыз өлең жазып әкелші», – дейді. Турағұл сонда әкесіне мына өлеңді айтып береді:

Алладан мен қапа боп тілеген күн,
Жым-жырт болып салбырап кетеді түн.
Жұлдыздар жыпылықтап, ай сұп-сұр боп,
Бәрі де тыңдап қапты шығармай үн.

Мұңымды айтып едім сөзбен сындап,
Дүние жым-жырт болып тұрды тыңдап.
Жел күрсініп сөйлесе сусыл қағып,
Шөптер басын изейді шын-шын тыңдап.
Қалғандар желден сұрар сөзімді ұқпай,
Бұлт қасын түйеді жылай-сықтай.
Тік қарауға мені аяп шыдай алмай
Күн бұлтқа тығылды қайта шықпай [9, 173].

Бұл – ұстазының өлеңдері сияқты жаңа үлгіде жазылған мағынасы өте терең шығарма. Жас талант табиғатпен тілдесе отырып, өзінің мұңайған шағын сыршылдықпен баяндайды. Абай Құнанбайұлының «Қыс», «Желсіз түнде жарық ай», т.б. өлеңдеріндегі табиғатқа жан бітіре суреттеу әдісі, жаңаша көзқараспен жазу үлгісі Турағұлдың да осы шығармасында ерекше көрініс тапқан. Турағұлдың албырт жастықпен сезімін білдіріп Матай еліндегі бір қызға «Абай жолы» романында көп аталатын әнші Әлмағамбет Қапсәләмұлы арқылы хат жазғаны, ол хатқа жауап болмаған соң қыздың атынан өзінің жауап хат жазғаны, сол сияқты ауырып, хал үстінде жатқан ағасы Әбдірахманға арнаған тілек өлеңдері бар.

1895 жылы хат түрінде жазылған «Ғабдырахманға» өлеңінде Алматыда науқастанып жатқан ағасының халін ойлап, қатты қамыққан Турағұл:

Рахаты көңілімнің, Әбіш ағатай,
Аллаға мәлім шығар біздің де жай.
Күнде Алладан тілеймін жанын сұрап,
Бізді душар қылдың деп күнге осындай [9, 182], –

деп бастайды. Осы эпистолярлық мәтінде жазылған шығармасында ағасына алаңдаушылық білдіріп, Алладан тезірек сауығып кетуіне тілекші екенін көркем тілмен жеткізе отырып, науқасты күтіп қасында отырған Мағауияға қамқор көңілмен дем бере сөйлейді:

Бірің ақыл, бірің көрік ағаларым,
Бұрынғыдан екі есе бағаларың,
Әбіш ағам бағымыз Құдай берген,
Құдай-ау бұл көңілді қылма жарым [9, 182].

Әбішке байланысты сол жылы жазылған тағы бір өлеңі – баласынан келген хатты оқығандағы Абайдың жан күйзелісін бейнелейді:

Үнге үн жоқ, тыңдап қаппын хаттың сөзін,
Хат оқыған ағамда екі көзім.
Хат біткен соң ағамды абайласам,
Көз жасаурап, сұрланған көрдім жүзін [9, 183].

Болашағынан үміт күтіп, жанындай жақсы көретін сүйікті ұлының айықпас дертке ұшырауы, әрине, әкесі үшін жазылмас ауыр қайғы. Әбіштен келген әрбір хат, әрбір хабар ақын үшін үміт сәулесі екенін Турағұлдың осыөлеңінен терең түсінуге болады. Турағұл шығармаларыныңаясында адам тағдыры тұр. Қайраткердің өз шығармалары немесе аудармалары болмасын тақырыптық маңыздылығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, халқының көзін надандықтан ашуды мақсат еткен Турағұл Абайұлы шетел ғалымдарының жазбаларын оқу арқылы өзінің біліп, танығанын аудармалары арқылы көрсетуге күш салды. Г.Н. Сперанскийдің «Балалы әйел не білу керек?», А.Б. Белицердің «Қолдағы малдардың, құстардыңқұрт ауруы болмағының жайы деген ғылыми-медициналық кітапшаларын, А. Неверовтың «Мен өмірге жерікпін», Джек Лондонның «Балалық туралы ертегі», А.М. Горькийден «Челкаш» және т.б. танымдық еңбектерін аударып, бастырып шығарады. XX ғасырдың басындағы қазақ жерінде болып жатқан өзгерістерге өзіндік үн қосқан алаш ұланы өз шығармалары арқылы да қоғамдық-саяси жайларға белсене араласқан. С. Неверовтың «Ортақшыл Мәрия» атты әңгімесі, «Ел қамы», т.б. мақалалары соның мысалы. Алаш қайраткерінің қызы Мәкенге айтқан «нағыз өнер заманға бағынбайды, түптің түбінде қазаққа қазына болып қайта оралады» деген сөзі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана орындала бастады.

Абай шәкірттері халқының мәдениетті де, тәуелсіз ел болғанын қалап, басқа елдің ғылымы мен мәдениеті жетістіктерінен үйренуге бағытталған жыр туғызды. Ақылбай және оның інісі Мағауияның ерекше еңбектері қалың жұртшылықты басқа ұлт, халық өмірінен жазылған шығармамен баспасөз бетінде хабардар етуі еді. Олар әкелерінің ұстанған бағытымен XIX ғасырдың соңындағы қазақ әдебиетіне жаңа көркем ізденістер енгізіп, романтикалық поэманың стилін әкелді. Ақылбайдың «Дағыстан», Мағауияның «Медғат-Қасым» поэмалары қазақ поэмаларының ішіндегі XIX ғасырдың бірінші жартысындағы батыс пен орыстың осы жанр саласындағы дәстүрін еске салады. М. Әуезов «Шолпан» атты журналдың 1923 жылғы 5-санында жариялаған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақаласында: «Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны берік, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық романтизм дәуірі болады», – деп жазады [10].

Ақылбайдың жастық, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерімен қоса, Әбдірахманға (1895), Мағауияға (1904) шығарған жоқтаулары да бар. Өкініштісі сол, талапты жастың көптеген туындылары бүгінгі ұрпаққа жетпей отыр. Ақылбайдың «Дағыстан» (Абай, 1918. №5) және «Зұлыс» атты (Сана, 1924. №2; №3) дастандары (толық жетпеген, 104 жол) кезінде мерзімді басылымға жарияланғанын жоғарыда айтып өткенбіз, ал «Жаррах батыр» біздің заманымызға жеткен жоқ. «Зұлыс» дастаны ағылшын жазушысы Генри Хаггарттың «Сүлеймен патшасының кеніші» романының сюжеті бойынша алынған.

«Дағыстанда» Ақылбай Кавказ тауын, Дағыстан халқының мінезін суреттей отырып, қызғаныш, кекшілдік, әділетсіздік сынды нәпсіге ерген Жүсіптің қарғысқа ұшыраған жайын сипаттайды.

Бұзылған Дағыстанның қу қаласы,
Көрінді қарт Жүсіптің үй-ханасы,
Жүсіп тұр қайғы басқан, үй алдында,
Дүниенің әсер бермей тамашасы.

Бір қатын үйден шықты қадам басып,
Асығып дегбірі жоқ асып-тасып.
Жүсіп айтты қатынға: – Шақырды ма?
Көрейін жалғызымды болса нәсіп?
Қатын айтты: – Жалғызың жаман, – дейді,
Әлі ырзалық берген жоқ саған, – деді [9, 59], –

деп жалғастырып, келесі кезекте Жүсіптің мұнша ауыр халін басынан бастап баяндайды. Дастанда кавказ табиғаты, халқы жайында шынайы дерек бар. Оқырманның көзіне тау халқының қызу қанды мінезін дәлме-дәл баяндайды. Ақыры Жүсіптің ашуынан жаза тартқанын айта келіп:

Тартынбас таза жүрек мұндай жолдан,
Жігіттер, осы емес пе өлімі оңған.
Қажымайтын қиянатпен арлы болмай,
Беталды келе берсін иесі қолдан
Зәһира мен Жәбіраһилдің көңілі таза,
Жүсіп те ашуынан тартты жаза, [9, 73], –

деп қорытындылайды. Ақылбайдың еңбектері ұстазының жөн сілтеуімен үйренген жаңашылдығымен құнды.

Мақалада Абай Құнанбайұлынан тікелей тәлім-тәрбие алған шәкірттердің ұстаз дәстүрін ұстана отырып жазған шығармаларын оқу-ағарту, тарихи, заман және діни публицистика бағыттары бойынша жіктеп, төмендегі 1-кестеде көрсеттік.

Кесте 1 – Абай шәкірттері публицистикасының тақырыптық ауқымы

Аты-жөні	Оқу-ағарту публицистикасы	Тарихи публицистика	Заман публицистикасы			Діни публицистика
			саяси	қоғамдық-әлеуметтік	ел мен жер	
1	2	3	4	5	6	7
Шаһ-кәрім Құдайбердіұлы	«Жастарға», «Насихат», «Сен ғылымға», «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын», «Жазу мәселесі», «Адамдық борышың», т.б.	«Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі-Мәжнүн» «Түрік, қырғыз, қазақ ханлар шежіресі», т.б.	«Сөз таласы», «Би һәм билік туралы», «Жалпы қазақ съезі», «Партия құрған өңкей қырт», т.б.	«Қазақ», «Тағы сорлы қазақ», «Партия адамдары», «Тіршілік туралы», «Мәнді сөз», «Піскен мен шикі», «Мен кетемін», т.б.	«Земство туралы», «Қош, жұртым», «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп», т.б.	«Мұсылмандық шарты», «Үш анық», «Бір аллаға сыйынған арам өлмес», «Молдалар өзгелерді кәпір дейді», т.б.

Турағұл Ибра- хим- ұлы	«Баланың ерлігі» (Джек Лондон, 1927), «Балалы әйел не білу керек» (Сперан- ский, 1927), «Әнтек қы- ран» (Прус, 1927), т.б.	«Еңлік- Кебек» пьесасы (1933), т.б	«Ортақ- шыл Мария» (Неверов, 1927), т.б.	«Қолдағы малдың, құстардың құрт ауруы болмағы- ның жайы (Белицер, 1927), «Мал шаруасының насихаттары (Пиридолин, 1927)», т.б.	«Ел қамы» (Сарыарқа, 1917 №13)	«Алладан мен қапа боп тілеген күн», «Ғабдырах- манға», т.б.
Ақыл- бай Абай- ұлы		«Дағыс- тан» «Зұлыс» «Жар- рах батыр, т.б.		Әбдірахманға (1895), Мағау- ияға (1904), «Нағашым ер Қазыбек», т.б.		
Мағау- ия Абай- ұлы		«Медғат- Қасым» (1900), «Еңлік- Кебек» (1890), «Шамиль», т.б.	«Абы- лай», т.б.	«Жалғыз, міне, отыр- мын әр нәрсе ойлап», т.б.		

Қорытынды

М. Әуезовпен Қ. Мұхамедхановтан бастап, басқа да зерттеушілер жалғастырған Абайдың ақын шәкірттері туралы зерттеулер негізінде Абайдың әдебиет мектебін үш шығармашылық топта қарастырған жөн:

1. Абайдың балалары Ақылбай және Мағауия Еуропа ақындарының үлгісімен терең сезімді махаббат пен өршіл рухты романтикалық дастандар жазу бағытында болды.

2. Абай тікелей баулыған шәкірттері Шаһкәрім, Әріп, Әсет суырып-салма ақындық өнер-айтыс дәстүрін ұстай отырып, ұстаз кеңесімен қазақ өнерінен түрлі тақырыпта өлеңдер мен тарихи дастандар, шығыстық желіде поэмалар жазды.

3. Абайдың тәрбиесінде болған Көкбай, өз баласы Турағұл мен Кәкітайұлы Әрхам прозалық шығармалар, естеліктер, көңіл-күйге байланысты қысқа өлеңдер жазып, көркем аудармамен айналысты.

Мақалада біз тек Шаһкәрім Құдайбердіұлы, Турағұл Ибраһимұлы, Ақылбай және Мағауия Абайұлдарының шығармаларын қарастырып, тақырыптық ерекшеліктеріне тоқталдық

Осылайша, Абай шәкірттерінің публицистикалық мұралары өз заманының қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін көтере отырып, Абай дәстүрін жалғастырғанын байқаймыз.

Олардың шығармаларында ұлттың рухани жаңғыруы, ағартушылық идеялар, әлеуметтік әділеттілік және ұлттық бірегейлік мәселелері ерекше көрініс тапты. Бұл қаламгерлердің публицистикасы сол дәуірдің қоғамдық ойының айнасы болумен қатар, қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына ықпал еткен маңызды мұра ретінде бағаланады.

Әдебиеттер тізімі

1. Дала уалаятының газеті. Әдеби нұсқалар (1888-1894) / құраст. Ү. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1989. – 656 б.
2. Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетінде жарияланған көркем шығармалар / құраст. Ү. Субханбердина. – Алматы: Жазушы, 1970. – 569 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2018. – 475 б.
4. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 321 б.
5. Мағауия Абайұлы Құнанбаев [Мәтін] / Мұхаметқанов Қ. – Алматы, 1959. – 35 б.
6. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – Т. 2. – 400 б.
7. Ердембеков Б.А. Абайдың әдеби ортасы: монография. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 306 б.
8. Абайұлы Т. Зерттеулер, мақалалар, аудармалар. – Астана: Алаш Орда, 2018. – 176 б.
9. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – Т. 3. – 328 б.
10. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. – 1923. – №5.

References

1. Dala ualaitynyn gazeti. Adebі nusqalar (1888-1894) / kurast. U. Subhanberdina [Newspaper of the steppe Walayat. Literary versions (1888-1894) / comp.U. Subhanberdina] (Almaty: Gylym, 1989, 656 p.) [in Kazakh].
2. Adebі mura. Revolyusiadan buryngy merzimdi baspasoz betinde jarialangan korkem shygarmalar / kurast. U. Subhanberdina [Literary Heritage. Works of fiction / comp published on the pages of the periodical before the revolution / comp.U. Subhanberdina]. (Almaty: Jazushy, 1970. 569 p.) [in Kazakh].
3. Kudaiberdiuly Sh. Shygarmalary. [Works]. (Astana: Foliant, 2018. 475 p.) [in Kazakh].
4. Shakarim. Imanym [My religion]. (Almaty: Arys, 2000. 321 p.) [in Kazakh].
5. Magauya Abaiuly Kunanbaev (Almaty: 1959. 35 p.) [in Kazakh].
6. Sak K. Alash kosemsozi: tilmaslesi [Alash leadersword: the problem of language]. (Almaty: Kazak ensiklopediyasi, 2014. 400 p.) [in Kazakh].
7. Erdembekov B. A. Abaidyn adebi ortacy: monografia [Abaydyn adebi environment: monograph] (Oskemen, 2012. 306 p.) [in Kazakh].
8. Abaiuly T. Zertteuler, makalalar, audarmalar [Research, articles, translations]. (Astana: Alash Orda, 2018. 176 p.)
9. Muhamedhanov K. Kop tomdyq shygarmalar jinagy [Collection of multi-volume works]. (Almaty: Alash, 2005. 328 p.)
10. Auezov M. Kazak adebietinin qazirgi dauiri // Journal Sholpan [Modern era of Kazakh literature]. 5(1923)

G.A. Shauyenova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Thematic specialities of the publicistic of Abai Kunanbayuly's followers

Abstract. At present, in connection with the renewal of public consciousness and views, new judgments have been made from the point of view of studying literary heritage, and historical weighing has been undertaken. Thanks to independence, when looking at our past, analyzing previously published journalistic works, the reality that was sealed as a result of the Prohibition of the Soviet ideology, which was born by the Marxist-Leninist methodology, turned to one-on-one publicity. The article analyzes the special influence of Abai's heritage on his students, as a result of which the formation of their creativity, their leaders, and their value for society are considered. Hakim analyzes the journalistic world of his students, epistolary texts that firmly convey the socio-social, historical, political, spiritual face of that era, determines their ideological orientation, artistic features and contribution to the national tradition of journalism. Folk problems in the works of Abai's students are analyzed from the point of view of independence, analysis and conclusions are given. The most acute issues of journalistic heritage (education, enlightenment, settlement, religion, language, etc.) are removed and revised from an independent point of view. Analyzing the works of the leading poets around Hakim, it is proposed to systematize educational and educational journalism; religious and educational journalism; journalism about the Earth, artistic journalism; philosophical journalism; journalism that determined the appearance of the times, etc.

Keywords: journalistic heritage, national publicism, educational journalism, religious journalism, epistolary text.

Г.А. Шауенова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Тематические особенности публицистики последователей Абая Кунанбайулы

Аннотация. В настоящее время, в связи с обновлением общественного сознания и взглядов, с точки зрения изучения литературного наследия были сделаны новые суждения и предприняты исторические взвешивания. Благодаря независимости, оглядываясь назад на историю нашего прошлого, анализируя ранее опубликованные публицистические произведения, реальность, которая была омрачена запретом советской идеологии, порожденной марксистско-ленинской методологией, стала достоянием гласности. В статье рассматривается влияние наследия Абая на его учеников, в результате чего анализируется становление их творчества, его лидерские качества и рассматривается его ценность для общества. Анализируя публицистические миры, эпистолярные тексты, отражающие общественно-социальные, исторические, политические, духовные лица учеников Хакима той эпохи, определяет их идейную направленность, художественные особенности и вклад в традиции национальной публицистики. Народные проблемы в произведениях учеников Абая дифференцируются с точки зрения независимости,

даются анализы и выводы. Наиболее острые вопросы публицистического наследия (учебно-воспитательное, просветительское, оседлительное, религиозное, языковое и др.) отбираются и пересматриваются с независимой точки зрения. Анализируя произведения поэтов вокруг Хакима, предлагается систематизировать учебно-просветительскую публицистику; религиозно-просветительскую публицистику; публицистику о земле, художественную публицистику; философскую публицистику; публицистику, определяющую облик времени и др.

Ключевые слова: публицистическое наследие, национальная публицистика, просветительская публицистика, религиозная публицистика, эпистолярный текст.

Авторлар туралы мәлімет:

Шауенова Г.Ә. – философия докторы (PhD), аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан

Шауенова Г.А. – доктор философии (PhD), старший преподаватель, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. Астана, Казахстан.

Shauenova G.A. – Doctor of Philosophy (PhD), Senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 19.41.07

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-1-92-104>

Әзілхан Нұршайықовтың эпистолярлық публицистикасындағы замандас бейнесі

А.Ж. Шайкенова^{*}, Г.К. Тулешева², А.К. Умбетова¹

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

(E-mail: *aisulu_04_09@mail.ru, aktas@mail.ru, talgat_alma@bk.ru)

Аңдатпа. Зерттеу мақала журналист, жазушы Әзілхан Нұршайықовтың эпистолярлық мұрасына арналған. Автордың хаттар арқылы адам болмысын көрсетуі, оның шығармашылығы мен әдеби мұрасында ерекше орын алады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Әзілхан Нұршайықовтың хаттарын зерттей отырып, оның адамзат болмысын, тұлғалық қасиеттерін ашудағы орны мен мәнін анықтау. Ғылыми зерттеудің маңызды бағыты – эпистолярлық мәтіндерді қазақ әдебиетінің дамуымен, әсіресе, публицистиканың қалыптасуымен байланыстыра зерттеу. Сонымен қатар, хаттардағы автордың жеке өмірі мен көзқарастарын талдау арқылы оның шығармаларының терең мағынасы мен идеялары ашылады. Зерттеудің практикалық маңызы – Ә. Нұршайықовтың хаттарының көркемдік құндылығын қазіргі көсемсөз дамуы тұрғысынан бағалау және осы бағытта жүргізілген зерттеулердің болашақ ғылыми жұмыстарға негіз болуы. Зерттеу жұмысы негізінде Ә. Нұршайықовтың хаттарындағы мазмұндық және стилдік ерекшеліктер оның ішінде публицистикалық сарын талданған. Хаттардағы философиялық ойлар мен тұлғааралық қарым-қатынас мәселелері қарастырылып, автордың шығармашылығына ерекше көзқарас қалыптастырылады. Сонымен қатар, мақалада хаттар арқылы адамның ішкі дүниесін түсіну, оның күрделі психологиясын ашу мүмкіндігі талқыланады. Бұл зерттеу Ә. Нұршайықовтың рухани мұрасының тереңдігі мен көпқырлылығын айқындап, оның қазақ көсемсөзіндегі орнын нығайтуға үлес қосады. Сонымен қатар, жұмыстың нәтижелері қазақ журналистикасы мен көсемсөзі саласындағы практикалық қолданымға ие болып, қазіргі медиа кеңістігіндегі жаңа ғылыми көзқарастар мен зерттеу әдістерінің негізін нығайта түседі.

Түйін сөздер: Әзілхан Нұршайықов, эпистолярлық мұра, хаттар, әдебиеттану, эпистолярлық мәтін, эпистолярлық жанр.

Кіріспе

Сөз өнерінде эпистолярлық жанрдың алатын орны ерекше. Эпистолярлық мәтіндер, жазбалар оқырманмен шынайы байланыс орнататын туындылар. Бұл жанрдың ерекшелігі – автордың өз ойларын, сезімдерін, қоғамға қатысты көзқарастарын хат арқылы немесе хаттар жинағы түрінде жеткізуі. Қазақ көсемсөзі мен журналистикасындағы эпистолярлық жанрдың дамуына зор үлес қосқан қаламгерлердің бірі – Әзілхан Нұршайықов.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығындағы эпистолярлық құнды дүниелерді оның журналистикаға қосқан үлкен үлесі деп білеміз. Әзілхан Нұршайықов бұл пішінді өз шығармаларында жиі пайдаланып, хат алмасу арқылы кейіпкерлердің ішкі әлемін терең ашып, олардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсете білді. Ол хаттар, күнделіктер, жазбалар арқылы оқырманға кейіпкерлерінің ойлары мен сезімдерін аша білді.

Әзілхан Нұршайықовтың кез-келген шығармасы нақты деректер мен дәйектерге негізделген. Осы мақсаттың ішінде жазушының күнделіктері мен хаттары маңызды орын алады. Әзілхан Нұршайықов эпистолярлық жанрды қолдану арқылы оқырмандарына кейіпкерлерінің ішкі сезімі мен мінез-құлығын түсініп, эмоциялары арқылы шығарманың мазмұнын ашудың жолын табады. Сонымен қатар, бұл жанр арқылы автор оқырманды қақтығыстар мен шиеленістердің ішінде ұстап, олардың ішкі жағдайын және адам болмысын көрсетуге тырысады. Қаламгердің қаламынан туған «Тоғыз толғау», «Автопортрет», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Екі естелік», «Жамбылға хат», «Менің замандастарым», «Қаламгер және оның достары», «Мәңгілік махаббат жыры» сияқты кітаптарының қай-қайсысында болмасын эпистолярлық жанрдың белгілерін оңай табамыз. Жазушы өзінің шығармаларында хаттар мен күнделіктерді пайдаланып, кейіпкерлерінің ішкі әлемін, ортамен қарым-қатынастарын терең көрсету тәсілін ұтымды қолданады.

Қаламгердің шығармашылығын зерттеуге қызығушылық танытып, Әзілхантанушы атанған ғалымдардың бірі – Мұратбек Тоқтағазин. Ғалымның басты ізденісі Әзілхан Нұршайықовқа арналған. «Тоқтағазин Әзілхан Нұршайықовтың барлық шығармаларын оқи отырып, осы ерекшеліктеріне басты назар аударып, соны көрсете алған. Мысалы, жазушының қазақ тілінде жарық көрген көлемі 300 баспа табақтан асқан, орыс және шет тілдеріне аударылған 150 баспа табақ, кітап болып шықпаған 100 баспа табақтан аса көркем шығармаларды оқып, талдап, соны өзінің ғылыми еңбегінде көрсеткен» [3]. Әзілхан Нұршайықовтың көзі тірісінде біраз еңбегі кітап болып басылған, десек те күнделік, хат, деректер түрінде жинағаны мол азаматтың ашылмай жатқан дүниелері де баршылық.

Әдіснама

Бір зерттеу мақаламен артына мол мұра қалдырған Ә. Нұршайықовтың шығармашылығын сараптап шығу мүмкін емес. Оның әр туындысы зерттеген адамға құнды дүние. Бұл мақалада Ә. Нұршайықовтың «Тоғыз толғау», «Ескі дәптер» және «Әскери

күнделік», «Қаламгер және оның достары» сияқты шығармаларындағы эпистолярлық элементтерге назар аударып, жазушы талабының өзіндік ерекшелігіне баға беруге тырыстық. Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларының тарихи-әлеуметтік контексті мен шынайылығын атап өту маңызды, себебі ол эпистолярлық жанр арқылы адам болмысының көпқырлылығын, әсіресе соғыс кезеңіндегі психологиялық ахуалды терең көрсеткен.

Хат жазу, хат жазу арқылы қоғамның өзекті мәселелері туралы ой білдіру қазақ топырағында бұрыннан бар әрекет. Саяси және қоғамдық мәселелерді арқалаған хаттарды тарихшылар зерттеп келеді. Бұқара ішінде хат арқылы ой бөлісу, амандық білдіру әрекеттері қоғамдағы сауатсыздық мәселесі оң шешіле бастағаннан көрініс таба бастады. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында майдан мен тылды жалғастырған осы хаттар болатын. Әзілхан Нұршайықовтың кейіпкерінің бейнесін ашу жолында хаттарды қолдану дағдысы қазақтың жазушы-ақындарының арасында да эпистолярлық дүниелер маңызды орын алғандығын дәлелдей түседі.

Нәтижелер мен талқылау

Жалпы эпистолярлық мәтіндер туралы мақалалар Scopus базасына енген ғылыми журналдардан бастап жергілікті басылымдарға дейін жарияланып келеді. Бұл осы тақырыптың маңыздылығын аңғартса керек. Өйткені хаттарда жарияланған нақты деректер негізінде көптеген ақиқатқа көз жеткізуге болады. Мәселен, зерттеуші Е.В.Сартаковтың «Письма А.И. Кошелёва иерею М.Ф. Раевскому (1856-1860 гг.): славянская тема в журнале «Русская беседа» атты мақаласында [2] эпистолярлық мәтін алғашрет ғылыми айналымға енгізіліп, Славянофильдік «Русская беседа» журналының баспагері және редакторы А.И. Кошелевтің Венадағы орыс елшілік шіркеуінің ректоры болған және жарияланған эпистолярлық көрсеткендей, журналдың Мәскеу редакциясы мен оның көптеген славян тілшілері арасындағы негізгі делдал болған иерей М. Ф. Раевскийге жазған 12 хаты түсіндірілді. Соның нәтижесінде ғылыми ортада дау туғызылып жүрген бірқатар ғылыми байламдарға дәлелді негізде нүкте қойылды.

Хат арқылы жазылған әрбір жол – сол дәуірдің тынысы, қалам иесінің ішкі әлемі, заман шындығының айнасы іспетті. Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің орыс достарына арнаған хаттары, Абайдың өз туыстарына жазған сырлы жолдар – эпистолярлық жанрдың баға жетпес құндылықтары. Тұлғалардың хаттарын терең зерделей отырып, біз сол қоғамның тыныс-тіршілігін көз алдымызға елестетеміз.

Алаш қайраткерлерінің тағдырын зерттеген ғалымдардың бірі – профессор Тұрсын Жұртбай. Оның «Движение алаш: сборник материалов судебных процессов над алашевцами» атты авторлық басылымында алаштықтардың бір-біріне хат жазу арқылы астарлы түрде ішкі шерлерін тарқатып, өмірлері қыл үстінде жүрсе де, ұлттың тағдырын ойлаған қайраткерлік мінездері сомдалады. А.Байтасов пен Ж.Аймауытовтың, С.Сәдуақасов пен М.Әуезовтің бір-біріне жолдаған хаттары табылып, қазынамыз толғаны қуанышты. Хат мазмұнын көңілге түйсек, екі адамның арасындағы хабар-ошарда сол кездегі тұлғалардың көзқарастары, шығармашылық әлемі мен іс-әрекеттері,

бір-біріне деген сыйластықтарын көруге болады. Алаш қайраткерлерінің қоғамның өзекті мәселесін көтеріп, жазған хаттары бүгінде маңызы мен мазмұны жағынан құнды дүниелер болып саналады. Эпистолярлық жанр кеңестік дәуірде кең қанат жайып, айрықша дамыды. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздары жазысқан хаттар – сол дәуірдің рухани айғағы.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ публицистикасының эпистолярлық жанр ретіндегі озық үлгісі деп Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың 1996-97 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінің беттерінде жариялаған материалдарын алуға болады. Олардың бұл публицистикалық еңбектері – журналистиканың эпистолярлық жанрына жаңа дем берді. Олардың әр жазбасы құнды. Қаламгерлердің көтерген тақырыптарының қай-қайсысы болмасын – ой мен сөз көркемдігін, қоғамның өзекті мәселелерін арқалайды. Олар журналистік қызмет аясында саяси, рухани, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің барлығын қамтыды.

Хат – хабар-ошар алу-жіберу, ой білдіру, сөз түю, ішкі шерді тарқату сияқты адами мінез-құлықтың айнасы. Көсемсөз шеберлері де өз шығармаларында бұл тәсілге тиісті орын бере білді. Эпистолярлық жанрды ұтымды қолданғандардың бірі – Қазақстанның халық жазушысы, публицист Әзілхан Нұршайықов. Осы мақалада оның хат жанрында жазылған шығармаларына қысқаша шолу жасаймыз.

«Тоғыз толғау» повесть-монологі Әзілхан Нұршайықовтың ең алғашқы жарық көрген туындысы. Жазушы өзінің «Тоғыз толғау» атты еңбегінің кіріспесін оқырмандарға ішкі сырын ақтарып, кейіпкерлерінің орнын көрсетуден бастайды. «...мұнда адамдар бар, олардың тағдырлары олар өмір сүрген уақыт бар. Өмірге келген әр адам лаулап жанған от іспетті.... Сондықтан да мен бұл кітапты роман не повесть демей, толғау деп атадым. Бұл – ардагер азаматтар туралы толғау», – дейді [1, 6 б].

Жазушы өз жазбасын «толғау» деп атауының да мазмұны тереңде. Өзіне үлгі, жақын тұтқан адамдары туралы толғанысын жазады. «Адамдар бар, олардың тағдыры бар» дегенде фәлсафалық ойы жатыр. Баяндау, суреттеу түрінде жазылған туындысы оқырманға жеңіл оқылады. Шығарманың кіріспесінен-ақ жазушы оқырманға хат ретінде ішкі сырын ақтара отырып, өмірде болған кейіпкерлерінің тұлғалық келбетін ашып береді.

Автор толғанысына «Ұмытылмас бейне» тақырыбын қойып, Мұхтар Әуезовтан бастаған. Қазақтың біртуар ұлының образын диалог түріндегі әңгімемен баяндап, оңай сомдайды. Соңында «...Маған бұрын Мұхтар Эльбрус шыңындай, тәккапар да суық жан сияқты көрінетін еді. Мұхаңмен үш-төрт күн бірге болып, оның лебізін естіп, адамға үйірлігі, кісімен сөйлескіштігін көргенде, менің ол ойларым айдалада қалды...», – деп Мұхтар Омарханұлына жақсы мінездеме береді [1, 27 б]. Естелік түрінде жазылған шығарма нақты деректермен, шынайы оқиға желісімен оқырмандарды жетелей түседі.

Одан кейінгі толғаулары Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллинге, Бауыржан Момышұлына, Сәбит Мұқановқа, Жамбыл Жабаевқа арналады. Олардың әрқайсымен жүздесе отырып, әңгіменің арқауын қазақ әдебиетінің айналасындағы өткір мәселелермен тарқатылып, замандастырының тұшымды ойларын оқырмандарына жеткізеді. Мұхтар Әуезов пен Мәлік Ғабдуллиннің арасындағы пікірталасты, сыйластықтарын ұтымды

түсіндіру үшін 1943 жылы екеуінің бір-біріне жазған хаттарын толық беруінде де үлкен мән бар. Толғауының тақырыбын да «Бір хаттың тарихы» деп айдарлайды [1, 39-62 б.]. Хатта сол заманда жазушыларды толғандырған мәселелер айтылады. Автор монолог арқылы, дәлелді хаттарды пайдалану арқылы тақырыпқа терең бойлап, кейіпкерлерінің ішкі әлемін, олардың ойлары мен сезімдерін шынайы аша білген.

Эпистолярлық жанрдың элементтері кеңінен қолданылғантағы бір шығармасы – «Ескі дәптер» лирикалық повесі. Шығарма Максим Горькийдің «Адамның ақылы жеткен асқан парасаттылық – әйелді сүйе біліп, оның жан сұлулығына табыну, жер бетіндегі әсемдік атаулының бәрі әйелге деген сүйіспеншіліктен туған» деген эпилогтен басталуы кездейсоқ емес деп түйіндеуге болады. Әзілхан Нұршайықовтың махаббат тақырыбындағы лирикалық повестері мен романдары әлі күнге дейін оқырмандарын жоғалтпаған.

«Ескі дәптер» повесіне «белгісіз жастың күнделігінде» деген тақырыппа қойылып, онда бозжігіт Әлкен мен бойжеткен Кабираның арасындағы сезім шынайы суреттеледі. Қысқа-қысқа жиырма жеті бөлімнен тұратын туындыда күнделік деректері және хаттар бір-бірімен сабақтасып, толықтай екі жастың арасындағы ыстық сезім мен сағынышты көркем бейнелейді. Бейбіт өмір, екі жастың арасындағы сезім, Әлкеннің соғысқа аттануы, жауынгердің майдан даласынан жазған соңғы хаттары... Осындай тізбекпен ішкі мазмұны сабақтасқан туындының соңғы жағына бірнеше хат топтастырылған. 1941 жылдың 3-ші тамызындағы, 11-ші қыркүйегінде, 25-ші қазанында, 5-ші қарашасында жеткен хаттар майдан даласындағы оқиғаларды, солдаттардың өмірін көз алдымызға елестетеді [4. 213-216 бб.]

«Дәптердің жазулары осы сөздермен біткен. Енді оның ең соңғы бетінде сыртына үшбұрыш әскери іштемпіл басылған, Кабира Кәкімованың атына келген сарғайған конверт жатыр екен. Мен оны ашып қарадым. Конверт ішінде машинкаға басылған бір жапырақ қағаздан мына сөздерді оқыдым: «Қызыләскер Әлкен Асқаров неміс фашистеріне қарсы күресте 1941 жылы 19-қарашада ерлікпен қаза тапты...» – деген автордың тұжырымдауымен повесть те аяқталады [4, 216 бб.]

Махаббат жыршысы атанған Әзағаның шығармаларының басым бөлігі жастық шағынан бастап жүргізілген күнделігінің негізінде құрастырылғандығын ескерсек, оның жастардың мінез-құлығын түсінбей қалуы мүмкін емес еді. Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы мен өмірлік ұстанымын зерттеп, зерделегенғалымдардың бірі Сәлима Қалқабаева оның шығармаларының басым бөлігі жастарға арналғандығын, кейіпкерлерінің тағдырын суреттей отырып, гуманизмді насихаттау идеясы көзделетіндігін айтады. «Бас кейіпкер Кабираның жан дүниесі адамгершілік пен әсемдікке толы екендігіне Әлкен тарапынан ыстық ілтипатпен айтылған сырлардан қанып отырамыз. Өмірдің қиындығы мен қызығын бөлісіп, достығы мен махаббатын сыйлай білген Кабираның асыл жанын, мінсіз көркін ардақтай сипаттауда Әлкен асқақ сөздерді ғана қолданып қоймай, оның ар-инабатын, жақсы мінез бен жарасты қылығын, ақылдылығын дәлелдейтін іс-әрекеттеріне дейін сөз етуге тырысады» [5, 76 б.].

Бүгінде бұл повесті оқи отырып, кез-келген адам көз алдына Отан үшін от кешкен жауынгерлеріміздің жарқын бейнесін елестетеді. Яғни, соғыстың зардабы мен

қиындықтарды дерек көзі солдаттардың өз ауызынан естігендей әсер қалады. Талайлар шығарманы оқи отырып, баласын, бауырын немесе танысын кейіпкердің бейнесінен көргені рас. Оның басты себебі – шығарма сюжеті күнделік пен хаттар пішінінде шынайы жазылғандығында.

Әзілхан Нұршайықовтың өз шығармаларының ішінде басқалармен жазысқан хаттарын жариялауы туындыларының мазмұнын аша түседі. Әріптестерімен, таныстарымен, жаны жақындарымен алысқан хаттарын сақтай білген. Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларына қатысты осы мәлімет өте қызықты. Шынында да, Ә. Нұршайықов өз шығармаларына қосымша ретінде хаттарын жариялау арқылы туындыларының терең мағынасын аша алған. Мысалы, Сәбит Мұқановпен арадағы хаттары олардың әдебиеттегі ой-пікірлері мен қарым-қатынастарын айқын көрсетеді. Бұл хаттар олардың шығармашылық жолын, әдебиетке деген көзқарастарын, тіпті жеке өміріндегі түрлі жайттарды ашуға мүмкіндік береді. Мысалы Сәбит Мұқановтың 1967 жылдың тамызында жазған хатына «Ды» туралы» (Тіл тақырыбына реплика) деп тақырып қойып жолдаған хатында тілдегі олқылық туралы ашына жазады. «...Неталиеваның Мұқтар Әуезовтың келтірген «ды» мысалындай маңындағы сөздермен жұмдасып тұрса ғой. Толыбаевтың «ды-сы» сияқты жымдаспай тұратыны бар», – деп көңіл толмастық білдіреді [4, 371 б.]. Тіл тазалығы, жалғау-жұрнақтардың орынды қолданылуы бүгінге дейін өткір келе жатқан мәселе.

Нұршайықовтың хаттары көп жағдайда оның шығармашылық пайымын түсіну үшін маңызды дерек көзі болып табылады, оның заманындағы әдебиетке қатысты көзқарастарын көрсетеді. Әдеби байланыстар мен хаттар авторлардың бір-біріне әсерін, шығармашылық деңгейлерін түсінуге көмектеседі.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығына ден қойып зерттеп жүрген, кандидаттық диссертациясына арқау етіп алған ғалым Мұратбек Тоқтағазин «...Әзілхан Нұршайықов – көркем шығармаларына дерек жинау жағынан ешкімге ұқсамайтын, табиғаты бөлек қаламгер. Оның жазған дүниелеріндегі мәлімет-тердің бәрі де асқан дәлдігімен ерекшеленеді. Себебі жазушы жетпіс жылға жуық уақыт бойы үзбей күнделік жүргізіп келеді. Бұл күнделіктерде жазушының айналасындағы қоғамдық және әдеби өмірдің шежіресі хатталған», – деп қаламгердің шығармашылық әлемін басқадан ерекшелейтін дарынын тілге тиек етеді [6, 153 б.].

Оның айтуынша, «халық жазушысы» атанған Әзілхан Нұршайықов қолына қалам алған күннен бастап, он төрт – әдеби, жүз жиырма бес тұрмыстық күнделік жазған. Әр жылдары ой тербеген жүз алпыстай қойын дәптері, жүз шақты блокнотын да мұра етіп қалдырған. Жазушының мұрағатында қалған жұмыс дәптерлері, аудио және бейне таспалар мен хаттарыда құнды дүниелер болып табылады. Сол деректер мен дәйектерге толы дүниелерінен жазушы оқырман жүрегіне оңай жол тапқан шығармаларын тудырған.

М. Тоқтағазиннің «Деректілік пен көркемдік» атты монографиялық еңбегі 2012 жылы жарық көрген. Бұл – Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық шеберлігін, жазу стилін, эпистолярлық туындыларын, күнделік түріндегі жазбаларын ғылыми тұрғыдан саралаған үлкен еңбек. Ғалым оның эпистолярлық жанр негізінде тудырған дүниелерін

тереңінен зерттеп, бұл бағытта Ә.Нұршайықовтың қазақ көркемсөз өнерінде алатын орнын ерекше тұжырымдаған. Ә.Нұршайықовтың «Қаламгер және оның достары» және «Қаламгер» атты эпистолярлық романдарын жанрдың дамуы мен қалыптасуына үлесі зор туындылар деген бағасын береді.

Әзілхан Нұршайықовтың 2010 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Әскери күнделік» кітабының бірінші бөлімі 560 беттен тұрады. Жылы, күні шекеленіп көрсететілген деректерді оқи отырып, жазушының өмір мектебін көз алдыға елестетпеу мүмкін емес. Әзілхан Нұршайықовтың жазбаларды жинауға тиянақтылығын айтып жүрген зерттеушілердің сөзі дәлелдене түседі. Әріп танып, әліппені бітірген шәкірттеріне хат жаздырған ұстазы Нұртаза Алпысовтың тәлімін Әзілхан Нұршайықов өмірлік ұстаным етсе керек. Сондағы алғаш реті 1933 жылы жазған «Ауылға хаты» жазушының жүрек түкпірінде жатталып, жинаққа енгізілген бір туындысы [7, 12 б.].

«Әскери күнделік» жинағы жазушының өмір өткелінде бастан өткерген оқиғалар мен толғаныстарын сипаттайтын туынды. Сондай-ақ ол эпистолярлық жанрдың элементтерін қолданудың тамаша мысалы болып табылады. Бұл шығармада автор күнделік жазбалары мен хаттар арқылы жанрдың терең белгілерін көрсете отырып, оқырманға кейіпкерлердің ішкі дүниесін, олардың эмоционалдық жағдайын және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды терең ашады.

Жазушы майдан даласында, оттың ортасында жүрседе қолынан қаламын тастамай, көзіне көрінген, ойына түйілген оқиғалар мен адамдарды қағаз бетіне түсіре берген. Қиын-қыстаудың өзінде ақ қағазға ойын түсіріп, сезіммен туған толғаныстарынан жұртты тебіrentетін шығармаларды құрастырды. Бұл – Әзағаның жазушылық өнердегі даралық қасиеті. Автор қолына түскен хаттарды шығармасына шынайы дерек көзі ете белген. Хат арқылы кейіпкердің жүрек түкпіріндегі ойын, арманын, қорқынышын жеткізу қолайлы. Эпистолярлық жанрдың осы белгілерін жазушы сәтті қолданған.

Эпистолярлық жанрдың басты белгілерінің бірі – шынайы әрі эмоционалды жазылуында. Әзілхан Нұршайықовтың шығармасындағы хаттар мен күнделік жазбалары арқылы өзінің және кейіпкерлерінің ішкі күрестері мен сезімдеріне терең үңілуге болады.

Бұл жазбалар, әсіресе соғыс сияқты ауыр жағдайларда, тұлғаның психологиялық күйін, оның тағдырын, отаншылдық, ел үшін күресу сияқты мәселелерді ашуға көмектеседі. Ол жазбалар арқылы адамның ішкі дүниесі шынайы әрі әсерлі көрсетіледі.

Бұл басылымда өлең түрінде майдангердің ерлік әрекетін сипаттаған «Ер Мәті» сияқты жыры, өлең жолдарымен өрнектелген хаттары бар. Мысалы, 1942 жылы 15 мамырда достарына өлең түрінде жазған хатын назарға алайық [7, 83 б.].

«Әскери күнделік» шығармасы эпистолярлық жанрдың қалыпты құрылымын сақтап, оқырмандарын оқиғаның ортасына енгізеді. Бұл шығарманың басты ерекшелігі – оқиғаның баяндалуында бір жақты емес, күнделікті жазбалар мен хаттар арқылы екі жақтың да көзқарасын білу мүмкіндігі бар. Оқырман тек кейіпкердің өз жазбаларымен ғана емес, оның айналасындағы басқа адамдармен жазған хаттарымен де таныса алады. Бұл да эпистолярлық жанрға тән тәсіл болып табылады.

Қызық ед өміріміз қайнап тұрған
Махаббат, шаттықпенен жайнап тұрған.
Өмірдің бақшасында еркін ұшып,
Достарым бұлбұл құстай сайрап тұрған,
Келмеген көңілге ешбірқайғы дерті,
Достарым, бір күнде едің өмір көркі.
Елдің жаны ерменен дегендейін,

Тағдырмен байланысты достық еркі... – деп басталатын «Достарға» өлеңі жиырма екі шумақтан тұратын сәлемі. Майдан даласына аттанғалы отырған ақын жүрегі жақындарына сезімі мен құрметін білдіре отырып, ертеңгі күні солдаттың тағдыры қандай арнаға бұрылатынынан бейхабар болғандықтан да туған жерімен, ауылымен бақылдасуды да ұмытпайды.

Күнделікте тірліктің хабаршысы түрінде жинақталған қысқа мәтіндерден автордың жігерлі мінезін, жеңіске деген сенімін көру де қиын емес. Қойын дәптерін төс қалтасынан тастамай жүрген жауынгердің сол кезде-ақ болашақтың шығармашылық арман-мақсаттарын жүгендеп алғаны сөзсіз еді. Қаламгер майданнан аман оралып, оқырмандары аса жоғары бағалаған бірнеше шығарманы дүниеге әкелді.

Әзілхан Нұршайықовтың эпистолярлық туындыларының ортасында орны бөлек хаты – Жамбыл Жабаевқа жазғаны. Әзаға қазақтың жыршы ақыны Жамбылды бала күнінен жақсы таныған. Ол туралы «Тоғыз толғау» кітабында айтылады. «Жамбылға» деген өлеңі 1938 жылдың 18 мамырдағы «Социалистік еңбек» газетінде басылған. Кейін майдан даласынан өлең шумақтарымен арнау-хат жазады. «Сағынған сансыз жүректен» деген жыр көптің ақын-атасына жаңа жыл хаты есебінде жолданады. Бұл бірнеше адамның қолы қойылып, жіберілген хат. Гвардия мойоры Қысым Шәріповтен бастап, старшина Ермек Далабаевқа дейін, барлығы он бес қазақ жауынгері қол қойып жөнелтеді.

Қадірлі Жамбыл әкеміз,
Былырғы айтқан сәлемің
Қозғап еді жүректі
Тасытып от жігерді
Қоздырған зор тілекті.
Күш бітірген кеудеге

Сыбантып қос білекті, – деп басталатын жыр шумақтарында Ыбырайым Сүлейменов, Мәншүк Мәметова сияқты батырлардың ел үшін жандарын берген ерлігін дәріптей отырып, қасындағы майдангер, жерлес достарының атынан ыстық сәлемін жолдайды.

Әзілхан Нұршайықов бірқатар дос-жарандарымен, туыстарымен хатты өлең түрінде жазған. «Анама хат», «Орынкешке», «Жолдастарға хат», «Солдаттан сәлем хат» сияқты мысалдар жетерлік. Тіпті замандасы Маман Әлімбековпен екеуара жыр шумақтары арқылы хал сұрасып тұрған екен.

Әзілхан Нұршайықов Маман досына былай жазады:
Қадрлі Маман
Жүрмісің аман?!

Адасып сенен,
Қорықтым жаман.
Жүректің емі,
Ақылдың кені.
Амалсыз жүрмін,

Сағынып сені, – деген қысқа шумақтың өзінен досына деген ыстық көңілі, жанашырлығы сезіледі.

Әзілхан Нұршайықов өмірінің соңына дейін көпшілігімен хат жазысқан тұлға. Оның хаттары тек жеке адамдарға ғана емес, сондай-ақ әдеби орта мен қоғамға да терең ой салып, шығармашылығына арналған көптеген құнды мәліметтер мен көзқарастарды жеткізген. Әсіресе, ол әріптестері, достары, таныстарымен үздіксіз байланыс орнатып, әдебиетке, мәдениетке, қоғамға қатысты ойларымен бөлісіп отырған.

Ә. Нұршайықовтың хаттары оның шығармашылығы мен жеке дүниетанымын толық түсінуге көмектеседі. Ол хаттарда өз кезеңінің әдеби үрдістерін, қоғамдағы өзгерістерді, жеке тұлғалардың өміріне және шығармашылықтарына деген көзқарастарын ашып көрсеткен. Бұл хаттар оның шығармашылығына ғана емес, оның адамдық болмысын да айқындайтын құнды деректер болып табылады.

Ғалым Сәлима Қалқабаева «Әзілхан Нұршайықов – әдебиеттегі дара тұлға» атты зерттеу мақаласында «Ә. Нұршайықов – естелік, күнделік, хат жанрларын көркем проза деңгейіне көтерген жазушы. «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Өткелдер» роман-естелігі, әдебиетші қауым күнделік-эпопея деп баға беріп жүрген «Өмір өрнектері» атты әдеби күнделіктері бұған дәлел. Қарапайым өмірлік деректерден мәнді дүние тудыра білетін еңбекқор қаламгердің әскери, тұрмыстық және әдеби күнделіктері өмірінің соңғы жылдарында жеке кітап болып жарық көріп жатты» – деген баға береді [8].

«Мен және менің замандастарым» мемуарлық туынды. Бұл өмірбаяндық романның екінші кітабында Ә. Нұршайықовтың өмір жолында жолыққан, ойлары мен істері бір арнада тоғысқан замандас-жазушылары, өнер адамдардары, оқырмандарымен тіршіліктегі қарым-қатынасы негізінде орын алған оқиғаларды бүкпесіз баяндауымен құнды. Кейіпкерімен

арадағы әңгіме ауаны қай күні, қалай басталғанынан түртіп қойып, оқиға желісін шынайы суреттейді. Тіпті, әңгімесін «болған оқиға» деп айдарлауының өзі шығарманың нанымын арттыра түседі.

Өмірбаяндық туындысында «Мың рахмет саған, оқырман!» деген бөлім бар. Ол тұста өзіне оқырмандардан жеткен хаттар топтастырылған. Әр хаттың мазмұны терең. Ұсынылған – ой, ескерілер – жайт, білдірілген – сезім, айтылған – алғыс.

Көпшіл жан замандастарын үйіне қонақ қылып, асыл жары оларға дастарханын жайып, көңіл танытқан кездері де аз емес екен. Соның бір мысалы жинаққа енгізілген. Дерек пен дәйекті жинап жүретін Әзаға бұл жолы қонақтарының құнды ойларын таспаға түсіріп алса керек. Қазақтың белгілі ақын-жазушылары жиналған кеште әдебиет пен әдебиетшілер туралы әңгіме өрбіген [9, 265-307 бб].

Бұл – Ә. Нұршайықовтың шынай дерек жинаудағы басты ерекшелігін дәлелдеу үшін айтылып отырған пікір. Он томдық жинақтың 10-шы томындағы «Ағалар лебізі» тарауы өз зерттеушісін күтіп тұрған мол дүние деп ойлаймыз. Онда эпистолярлық дүниелер өте көп.

Қорытынды

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы қазақ әдебиетінде ерекше орын алады, себебі ол эпистолярлық жанрды шебер қолдана отырып, кейіпкерлерінің ішкі әлемін терең әрі шынайы түрде ашты. Жазушының хаттары мен күнделіктері тек журналистика мен әдебиет саласындағы құнды туындылар емес, сонымен қатар тарихи кезеңдер мен адамдардың жан дүниесіне қатысты маңызды дерек көздері болып табылады. Эпистолярлық жанрды пайдалану арқылы Әзілхан Нұршайықов оқырманға шығармаларының мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Оның хаттары мен күнделіктері жеке тұлғаның сезімдерінен бастап, әлеуметтік және тарихи жағдайларды көрсетуге дейінгі кең ауқымды қамтиды. Сонымен, Нұршайықовтың шығармалары – тек журналистика, әдебиет қана емес, адамның өміріне, тағдырына, ұлт тарихына қатысты терең ойлар мен сезімдердің көрінісі болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі.

Шайкенова А.Ш. – зерттеу жұмысында қолданылған деректерді жинақтау, мақаланы техникалық талаптарға сәйкес рәсімдеу.

Тулешева Г.К. – материалдарды сараптау, дереккөздерді айқындап, мәтіндерді ғылыми талдау.

Умбетова А.К. – материалдарды сараптау, дереккөздерді талдап, мәтіндерді ғылыми талдау.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұршайықов Ә. Тоғыз толғау. Повесть-монолог. – Алматы: Мектеп, 1977.
2. Сартаков Е.В. Письма А.И. Кошелёва иерею М. Ф. Раевскому (1856–1860 гг.): славянская тема в журнале «Русская беседа» // Вестник Московского университета. Серия Журналистика. - 2024. - № 1. - С. 129–159. DOI: 10.30547/vestnik.journ.1.2024.129159
3. «Qazaqstan dauiri» сайты. Журналистикада өзінің ізі бар МҰРАТБЕК. 22.11.2024 – [Электронды ресурс] – URL: <https://image.qazdauiri.kz/news/zurnalistikada-ozinin-izi-bar-muratbek> (өтініш берген күні: 2.01.2025)
4. Ә. Нұршайықов. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.3. Роман, хикая. Эсселер. – 400 б.
5. Қалқабаева, С.Ә. Әзілхан Нұршайықовтың лирикалық повестері// ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2016. - №1.
6. Тоқтағазин М. «Деректілік пен көркемдік». Монография. Алматы: Arna-b, 2012. – 191 б.
7. Нұршайықов Ә. Әскери күнделік. Алматы: Өнер, 2010. – 560 б.

8. Қалқабаева С.Ә. Әзілхан Нұршайықов – әдебиеттегі дара тұлға. 14.12. 2022. – [Электронды ресурс] – URL: <https://turkystan.kz/article/207335-zilhan-n-rshayy-ov-debiettegi-dara-t-l-a> (өтініш берген күні: 23.09.2024)

9. Ә. Нұршайықов. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. Т.10. «Мен және менің замандастарым». – 352 б.

А.Ж. Шайкенова¹, Г.К. Тулешева², А.К. Умбетова¹

^{1,3}*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан*

Образ современника в эпистолярной публицистике Азильхана Нуршаикова

Аннотация. Научная статья посвящена эпистолярному наследию Азильхана Нуршаикова. Особое место в творчестве и литературном наследии автора занимает отражение через письма человеческой сущности. Основная цель исследования – изучить письма Азильхана Нуршаикова, определить его роль и значение в раскрытии человеческой сущности и личностных качеств. Важным направлением научного исследования является всестороннее изучение эпистолярной публицистики в контексте развития казахской литературы, прослеживание ее тесной взаимосвязи с национальной литературой. Кроме того, анализ личной жизни и взглядов автора в письмах раскрывает глубокий смысл и идеи его произведений. Практическая значимость исследования заключается в оценке художественной ценности писем А. Нуршаикова с точки зрения развития современной публицистики и в том, чтобы проведенные в этом направлении исследования стали основой для будущих научных работ. На основе исследовательской работы проанализированы содержательные и стилистические особенности писем А. Нуршаикова. Рассмотрены философские мысли и вопросы межличностных отношений в письмах, формируется особый взгляд на творчество автора. Кроме того, в статье обсуждается возможность понимания внутреннего мира человека через письма, раскрытия его сложной психологии. Это исследование выявляет глубину и многогранность духовного наследия А. Нуршаикова и вносит вклад в укрепление его места в казахской публицистике. Кроме того, результаты работы имеют практическое применение в области казахской журналистики и публицистики, укрепляют основу новых научных взглядов и методов исследования в современном медиапространстве.

Ключевые слова: Азильхан Нуршаиков, эпистолярное наследие, письма, литературоведение, эпистолярный текст, эпистолярный жанр

A.Zh. Shaikenova¹, G.K. Tulesheva², A.K. Umbetova¹

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,*

²*M. Kozybaev North Kazakhstan University, Petropavl*

The image of a contemporary in Azilkhan Nurshaikov's epistolary journalism

Abstract. This scientific article is devoted to the epistolary heritage of Azilkhan Nurshaikov. The reflection of humans sence through letters occupies a special place in the author's work and literary

heritage. The main purpose of the research is to study Azil Khan Nurshaikov's letters and determine his role and significance in revealing human sense and personal qualities. An important direction of scientific research is a comprehensive study of epistolary journalism in the context of the development of Kazakh literature, tracing its close relationship with national literature. In addition, the analysis of the author's personal life and views in letters reveals the deep meaning and ideas of his works. The practical significance of the study lies in assessing the artistic value of A. Nurshaikov's letters from the point of view of the development of modern journalism and in ensuring that research in this area becomes the basis for future scientific work. Based on the research, the content and stylistic features of A. Nurshaikov's letters are analyzed. Philosophical thoughts and issues of interpersonal relations in letters are considered, and a special view of the author's work is formed. In addition, the article discusses the possibility of understanding the inner world of a person through letters, revealing his complex psychology. This study reveals the depth and versatility of A. Nurshaikov's spiritual heritage and contributes to strengthening his place in Kazakh journalism.

In addition, the results of his work have practical application in the field of Kazakh journalism and publicism, strengthening the basis of new scientific views and research methods. In particular, the role and significance of the author's epistolary heritage in the modern mediaspace are considered.

Keywords: Azil Khan Nurshaikov, epistolary heritage, letters, literary studies, epistolary text, epistolary genre

References

1. Nyrshajkov A. Togyz tolgaу [Nine Meditations], Povest'-monolog [Novella-monologue]. (Almaty, Mektep Publishing House, 1977). [in Kazakh]
2. Sartakov E. V. Pis'ma A. I. Kosheleva iereyu M. F. Raevskomu (1856–1860 gg.): slavyanskaya tema v zhurnale «Russkaya beseda» [Letters of A.I. Koshelev to Priest M.F. Raevsky (1856–1860): the Slavic theme in the journal "Russian Conversation"], Vestn. Mosk. un-ta. Ser. 10: Zhurnalistika [Moscow University Bulletin. Series 10: Journalism]. 1. 129-159(2024). DOI.10.30547/vestnik.journ.1.2024.129159. [in Russian]
3. «Kazakhstan dauiri» sajty. Zhurnalistikada ozinin izi bar MURATBEK, ["Qazaqstan dauiri" website. Muratbek, whole of this mark in journalism]. Available at: <https://image.qazdauiri.kz/news/zurnalistikada-ozinin-izi-bar-muratbek> (accessed 22.11. 2024)
4. Nyrshajkov A. Tandamaly shygarmalarynyn on tomдыgy [Selected Works in Ten Volumes], Roman, hikaya. Esseler [Novel, Story. Essays]. (Almaty, 2005, V.3. 400 p.) [in Kazakh]
5. Kalkabaeva S. A. Azilhan Nyrshajkovtyn lirikalyk povesteri. Matin [Azil Khan Nurshaikov's Lyrical Novellas. Text], QazYU habarshysy. Filologiya seriyasy [Bulletin of Kazakh National University. Philology Series.] 1(2016). [in Kazakh]
6. Toktagazin M. Derektilik pen korkemdik. Monografiya [Documentary and Artistic. Monograph]. (Almaty, 2012, 191 p.) [in Kazakh]
7. Nyrshajkov A. Askeri kyndelik [Military Diary]. (Almaty, 2010, 560 p.) [in Kazakh]
8. Kalkabaeva S.A. Azilhan Nurshajkov – adebiyettegi dara tulga, [Azil Khan Nurshaikov - a unique figure in literature]. Available at: <https://turkystan.kz/article/207335-zilhan-n-rshayy-ov-debiyettegi-dara-t-l-a> (accessed 14.12. 2022)

9. Nyrshajkov A. Tandamaly shygarmalarynyn on tomdygy [Selected Works in Ten Volumes]. «Men zhane menin zamandastarym» ["Me and My Contemporaries"]. (Almaty, 2005, V.10, 352 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Шайкенова А.Ж. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, Баспасөз және баспа ісі кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Тулешева Г.К. – аға оқытушы, «Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

Умбетова А.К. – филология ғылымдарының кандидаты, Баспасөз және баспа ісі кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Шайкенова А.Ж. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, кафедра Печати и издательского дела, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Тулешева Г.К. – старший преподаватель кафедры Журналистики и общественных наук, Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Умбетова А.К. – кандидат филологических наук, кафедра Печати и издательского дела, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Shaikenova A.Zh. – Candidate of Philological Sciences, The Department of Printing and Publishing, Faculty of Journalism and Social Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Tulesheva G.K. – Senior lecturer, The Department of Journalism and Social Sciences, M. Kozybaev North Kazakhstan University, Petropavl, Kazakhstan

Umbetova A.K. – Candidate of Philological Sciences, The Department of Printing and Publishing, Faculty of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-105-116>

Бейнежазба түсіру үдерісі: негізгі қағидалары мен тәсілдері

И. Албатыр*¹, Ж.Б. Есенбек², Б.Ж. Каримова¹

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

(E-mail: azamat_520@mail.ru; yessenbek.zhumagali@gmail.com; sultan-3@mail.ru)

Аңдатпа. Конвергенцияны мерзімді баспасөз, радио, теледидар және интернет сияқты БАҚ-тың барлық түрлері бойынша бір мезгілде барша жаһанға жаңалық тарататын медиа ретінде қарастыруға болады. Олар өзара жарнамалық модель түрінде алмасып, кейінгі уақытта ақпарат кеңістігінде қарқынды дамып келеді. Бұл ғылыми мақаламызда мульти-медиалық қызметтің дамуына серпін берер деген мақсатпен бейнежазба түсіру үдерісіндегі конвергентті журналист қызметіне ден қойдық. Конвергентті журналист экран тілінің ерекшелігін, ақпараттың мазмұнын, оны экранда көрсету мақсатын, түсіру сипатын, камераның техникалық мүмкіндігін және монтажды ескере отырып, экрандық бейнені жасау ерекшелігі арқылы сапалы бейне өндірумен кәсіби түрде айналыса алады. Алайда, конвергентті журналист бейненің негізгі сипаты оның таралу арнасына да байланысты болатынын ескеруі керек, яғни теледидар эфирінде трансляциялауға арналған бейнеқатар ғаламторда орналастырылған бейнеден ерекшеленеді. Бұнда теледидар мен интернеттің технологиясы бейне тәртіпке тән әртүрлі функционалдық мүмкіндік пен құрылым ерекшелігіне байланысты. Сондықтан, бейнеқатардың негізгі сипатына қарап, оның таралу арнасына ден қоймай-ақ интернеттегі бейне ерекшелігін және оның теледидарлық бейнеден айырмашылығын түсіну қажет.

Түйін сөздер: конвергент, бейнеқатар, план, экран, бейне түсірілім, ракурс, монтаж.

Кіріспе

Кәсіби конвергентті журналист медиа ақпараттың сапалы шығуы үшін шұрайлы мәтін, табиғи дыбыс, графика, жоғары өлшемдегі фото-бейне т.б. арқылы өзінің барлық

Түсті: 20. 01.2025 Мақұлданды: 14.03.2025 Онлайн қолжетімді: 31. 03. 2025

мүмкіндігін пайдаланады. Бірақ, кәсіби маман жоғарыда аталған элементтерді тақырыпты ашудағы өз мерекшелігі мен тиімділігін ескеріп, аудиторияға әсерін зерттеп алғаны абзал. Конвергенция – өткен ғасырдың 80-жылы кәріқұрлықты елең еткізіп, ақпарат әлеміне сілкініс әкелді. Арада он жыл өткен соң бұл термин ғаламторды пайдаланушылардың күнделікті өміріне тікелей араласып, адамдардың қарым-қатынасына әсер ете бастады. Бұл дегеніміз конвергенция ұғымының адамзат дүниесіне көлемі үрдіс әкелді деген (Вартанова, Е. 1999) [1]. Мультимедиалық элементтің бүкіл аспектілерінен барлық көріністе шындықты сапалы түрде көрсете алатын тек видео екенін ескеру керек. Видео басқа элементке қарағанда оқиға туралы шынайы ақпаратты экранда бейнелей алады. Нәтижесінде экрандық бейне есте жақсы сақталып, сөзбен дыбыстың синтезі олардың көрінісін аудиторияға қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бейнеқатар әрекеттің мәнін беріп, эмоционалдық стрессті, аудиторияның қызығушылығын тудыратын оқиғаны дамытуға баса назар аударады. Сондықтан әрбір конвергентті журналист бір мезгілде шындықты көрсетіп, жоғары сапалы бейне жасау мүмкіндігіне ие болуы керек. Бұл көрерменнің назарын аударып, кез-келген сұранысқа ие болатын мультимедиалық материал дайындауға мүмкіндік береді. Ұшқан құстай дамыған қазіргі ақпараттық технология қоғамында телеарнаның сапалы жұмысын, аудитория сұранысына сай дайындалған материалдарын ғаламторға жүктеу қиынға түспейді. Бірақ оларды бүгінгі күннің күнтізбесіне айналған әлеуметтік желілерде жарнамалап отыру заман талабына айналды (Есенбек, Ж.Б. 2021) [2].

Бейнеқатар монтаждalған кезде, конвергентті журналист өзінің әрбір элементінің қандай рөл атқаратынын, оның өзара әрекеттесетіндігін және автордың мақсатын қаншалықты тиімді орындауға болатынын нақты түсінуі қажет. Әне сол себепті де сапалы нәтижеге қол жеткізу үшін бейнеқатарды тиімді жоспарлау қажет. «Жаңалық – көпшілікке кеңінен танымал журналистік өнім десек қателеспейміз. Жаңалықты көрерменге жеткізу үшін медиа деп аталатын арна керек. Өткеннен осы уақытқа дейін хабар алмасу медиасын пайдаланушылар әрқашан дамып келеді. Бұрын біз баспа құралын газет, журнал және таблоид сияқты кәдімгі БАҚ ретінде ғана білетінбіз. Технология дамыған сайын бұқаралық ақпарат құралы да дамиды» (Ichsan, A.P., Nuryah, A.S. 2020) [3].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақаламызға бүгінгі қоғам жаппай бет бұрған мультимедиалық медианың әсіресе тележурналистиканың бейнежазба түсіру үдерісіне толықтай тоқталдық. Кадр, кескін және журналист ұғымын жан-жақты сараптап, отандық және әлемдік ғалымдардың еңбегін қарастырдық. Алға қойылған мақсат пен міндетіміз бойынша тақырыпты терең екшеп, конвергентті журналист қызметін айшықтадық. Ғылыми жұмыс бағдарын ұйымдастыруда мұның өзі аса өзекті мәселе төңірегінде жүйелі зерттеу жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді. Тележурналист, ғалымдар пікірі жаңаша пайымдалып, сыни көзқарас, заманауи тәжірибені талдап, екшеу әдісі қолданылды. М. Барманқұлов, К. Қабылғазы, М. Абдраев, Ұ. Есенбекова, Ж. Әбдіжәділқызы, Е. Вартанова,

B. Hagedoorn, B. Agterberg, A. Ichsan, O. Abdulhameed, Л. Хиллиард сияқты т.б. ғалымдардың еңбегі негізге алынды.

Нәтижелер

Бейнеқатарды жоспарлау және құрутөмендегі схемаға негізделеді: тақырып – дизайн – алдын ала құрылған сценарий – түсірілім – соңғы сценарий – монтаж. Алдын ала жоспарланған сценарий экрандық суретті жасау үшін қандай элементті пайдаланатындығын көрсетеді, түсірілім кезінде оларды қалай іске асырады, содан кейін экранға іліккен кадр қаншалықты деңгейде пайдаланылатыны айшықталады. Бұл түпкілікті сценарий бойынша жұмыс істеу кезінде қаперге алынады. Ал кескін қатары бойынша түсірілім мен монтаждау әрдайым экран тілі болып табылады. Цифрлық технологияның көмегімен медиа конвергенциясы медиа индустриядағы кәсібилік және журналистік тәжірибеге өзгеріс әкелді. «Технология» ұғымы Маршалл МакЛуэн (1963) ұсынған детерминизм қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында маңызын жоғалтқан жоқ (Arif, H.N. 2019) [4].

Экран тілінің төрт элементі бар:

1. кадр;
2. план (кескін масштабы);
3. ракурс;
4. құрылым.

Кадр – экранның негізгі құрылымдық бөлігі. Оның құрылысы сапасы экран өнерінің мәнін анықтайды, ал осы шығармашылықтың сапасы – автордың кәсіби шеберлігінің мәні болмақ. Кадр жинау кезінде қажетті нысан немесе құбылыс таңдалып алынады, түсірушінің шеберлігі де осында сынға түседі. Керекті әр кескін бөлігі кадр жазықтығында нысанаға алынып, өзге фактор экраннан елеусіз қалуы тиіс. Осы орайда қазақ телевизиясының өркендеуіне өлшеусіз еңбек етіп жүрген профессор Ұ. Есенбекованың: «Теледидар мен публицистика – нақты болмыс, фактор. Автор экранға іліккен ортаны, кейіпкерін терең біліп, оны көңілмен көріп, жанымен сезініп, жүрегімен тікелей араласа отырып экранға шығарған күнде сценарий заман сырын тербеуші, көрермен жүрегіне ұшқын болып жабысар күш болады», – деп қадап айтқан орамды ойы тележурналистерге темірқазық болары анық (Есенбекова, Ұ. 2011) [5].

Әрбір кадр теледидарда негізгі екі міндетті орындайды:

1. қалай болғанын көрсету;
2. негізгі нәрсені бөлектеу;

Кадрдың мазмұны және оның мәні алынған оқиғаға байланысты экранда қалай тиімдірек көрсету керектігін анықтайды. Бұл автордың жоспары мен кескін сапасына байланысты кадрдың белгілі бір сипатын таңдау арқылы жүзеге асады.

Кадрдың негізгі сипатры – уақытша және кеңістіктік болып бөлінеді. Олар бір мезгілде әр кадрға тән, бір-бірінің қатынасы арқылы түрлі мәселені шеше алады.

Уақытша сипаттама – уақыт шеңберінің ұзындығы яғни кез-келген суреттің экранда болу ұзақтығы. Ол ұзын, қысқа кадр мен микро кадрларды бөледі. Әдетте ұзын

кадр экранда 5 секундтан астам уақытқа көрінеді (көбінесе бұл қозғалыстағы камераны түсіру, ол үнемі қосылып, нысаннан объектіге ауысқан кезде, масштабтау линзасы түсіру объектісін үлкейту немесе одан шығару үшін пайдаланылады). Көрсету үшін 5 секундтан аз уақыт кететін кадр қысқа болып есептеледі. Микро-кадр экранда шамамен 1 секундқа көрінеді.

Әрбір кадр, ұзындығының әртүрлі болуына қарамастан түрлі мақсатты жүзеге асырады. Ұзын кадрдың мақсаты – оқиға барысына көрермен назар аударып, не болып жатқанын ойлануы үшін динамикада көрсету. Қысқа кадр статикалық немесе жеткіліксіз белсенді объектіні бейнелейді. Оқиға желісінде көрерменге түрлі мәліметті көрсету және әрекеттің жалпы көрінісін жасау үшін бағытталады. Микрокадр автордың жоспарына қарай түрлі мақсатты жүзеге асырады: үзіліс функциясын орындайды – әрекетті сипаттайтын және бір мезгілде басқа кадрды қосатын бөлшек. Егер жылдам өзгеретін микро кадр сериясы пайдаланылса, ол оқиғаның динамикасын жасайды, экрандағы қозғалысқа көрермен назарын аударады. Медиа саласында еңбек еткен Т. Хес пен Х. Уолтерменнің зерттеуінше, қазіргі жаһандық үдеріс кезіндегі телеарналардың хабар тарату нарығы ауыз толтырарлық өзгеріске тап болғандықтан медиа конвергенция заманауи цифрлық технологияның көмегімен бәсекелес болуға мәжбүрлігін тілге тиек етеді (Waltermann, H., Hess, T. 2020)[6].

Кадрдың кеңістіктік сипаттамасы экрандағы көрініс, оқиға және құбылыспен байланысты. Оған план, ракурс, композиция кіреді. Бұл элементтер комбинациясы әрқашан экранда көрсетілетін нысан аудиториясының қабылдауына әсер етеді.

План немесе кескін масштабы – объекті мен линзаның фокус ұзындығы арасындағы қашықтық. Бұл өлшеу бірлігі ретінде қабылданатын кадрдың ауқымды-кеңістіктік сипаттамасы. Әрбір жеке ланның өз функциясы бар. Ол шындық пен оқиғаның экрандық нысанды тиімді көрсетуге мүмкіндік береді. PhD доктор Abdulhameed Olaitan пен Ruqayyah Ali өз зерттеуінде: «Технологиялық инновацияның әсері жөнінде жалпы пікір бар. Бұл көзқарас ақпарат пен коммуникацияның дамуына назар аударатын әлемдік жүйе олардың өзара әрекеттесуінен гөрі қоғам басқаратынын тілге тиек етді. Бұл техникалық детерминизм деп аталады. Ол қоғамдық құндылық пен норманы басшылыққа алып, мәдени эволюцияға әсер етеді», -деп пайымдайды (Abdulhameed, O.R., Ruqayyah, A.B. 2022) [7]. Әрине бұл бүгінгі технологиясы ұшқан құстай дамыған заманда көңілге қонымды.

Заманауи бейнетүсірілім ланның (кескін масштабы) үш түрге бөлінетіндігін қарастырады: жалпы, орта және ірі. Дегенмен, ең дәл және кәсіби тұрғыда алты түрге бөлінеді: алыс, жалпы, орта, белдік, үлкен, микро.

Әрбір ланның өзіндік функционалды мақсаты бар:

1. *Ұзақ план* – жалпы идеяны, кеңістіктің сезімін береді. Ол көрерменге бүкіл сахнаны көрсетіп, жағдайға «кіруге» көмектеседі, бірақ ол ұсақ нысанды көруге мүмкіндік бермейді. Ұзақ ланның басты мақсаты – көрерменге экранда не болып жатқанын түсініп, ойлануға мүмкіндік беру.

2. *Жалпы план* – тақырып аясында жұмыс атқарып жатқан нысанның жағрафиясы жөнінде толық мәлімет беріп, көрерменді ашық кеңістікке шақырады. Сондай-ақ адам мен нысанның өзара айырмашылығын зерттеуге мүмкіндік береді.

3. *Ортапланнан* – көрермен не болып жатқанын біледі. Сыртқы әлемнің құбылысын ішкі әлемге тереңдетпестен жеткізеді, объективтілігін, көрсетілімнің бөлінуін білдіреді.

4. *Белдік план* – көрсетілетін объектінің ішкі әлеміне тереңдете түсу дәрежесін болжайды, көрерменді оған егжей-тегжейлі қарауға мәжбүрлейді. Орташа планның қосымша әр түрлілігі қаймақты план деп те аталады. Алайда жіктелуінде ол негізінен тек жеке тұлғалық сипаттаманы ғана ескере отырып, айқын функцияларды жүзеге асырады.

5. *Үлкен план* – экрандағы нүктенің ерекшелігін айқындайды. Ол нысанадағы кадырдың маңызын сезіндіріп қана қоймай көтерілген мәселеге ден қойып, ішкерлей араласуға, көрерменді елітіп, бірлікте шешім шығаруға талпыныс жасайды. Аталмыш план аты айтып тұрғандай бүкіл ақпаратты өн-бойына көрерменді тек кейбір бөлігіне ғана назар аударуға мәжбүр етеді.

6. *Микро элементтер* – көрермен назарын шоғырландырады, қауымдастық үшін серпін береді немесе бір-біріне жабысады.

Ойластырылған және жақсы жиналған бейнеқатар әртүрлі мөлшердегі айнымалы кадрлардан тұрады, олардың әрқайсысы өз функциясын орындау үшін мұқият таңдалады: аудиторияға іс-әрекеттің қай жерде жүріп, нақты не болып жатқанын, бұл әрекетті түсінуіне, барлық мәліметті көруге көмектесу т.с.с. Мұның бәрі – журналистік материалдың жалпы идеясына бағынышты. Деседе бұл қызметтік процесс аясында жүзеге асатын құбылыс жөнінде профессор Барманқұлов: «Журналистер біздің парызымыз – ақиқат ақпаратты айту деп есептейді, ал саясаткерлер: «журналистика – жаманын жасырып, жақсысын асырып, жағымды образдағы келбеттерін көрсетуге тиісті ақпарат» деп ойлайды. Яғни, қалай болғанда да, журналистер олардың шынайы болмысын аудитория алдындағы абырой мен беделге ие болатын қалыпта көрсетуге тырысады. Осының бәрі телевизияны театрландырылған түсірілімге алып келеді», - деп тұжырымдайды (Барманкулов, М. 1997)[8]. Ширек ғасыр бұрын көрегенділікпен айтылған бұл кестелі ой реитниг құған телеарналардың бүгінгі бет-бейнесін дөп басып отырғандай.

Эпизодтың немесе планның көркемдік комбинациясы – мизанкадр деп аталады. Ол экранды бейнелеудің барлық көрнекі құралдарын ескере отырып, шеңбердегі іс-әрекеттің бейнелі шешімін береді. Көрнекі мизанкадрларді құру ракурсқа көп ықпал етеді.

Ракурс – экран тілінің маңызды элементі; бұл линзаның өсі мен жойылатын объектінің жазықтық бұрышы. Сондай-ақ ракурс камера бұрышы деп те аталады. Бұл сахнаның эмоциялық және психологиялық мазмұнын білдірудің ең маңызды жолы.

Ракурс білікті кадрлық шеберлікпен және композициялық шешіммен біріктірілуі қажет. Нәтижесінде нысан күнделікті өмірден алынады, танымнан тыс өзгереді. Бастапқы мақсатын орындағаннан кейін кескін немесе символға айналады.

Линзаның өсі мен түсірілетін объектінің жазықтығы арасындағы кескінді камера үш түрлі ракурсмен ала алады:

- 1) объективті;
- 2) субъективті;

3) көз қараспен.

Объективті ракурс – көрермен барлық жағдайды көретін сахнаға шолу жасау, бірақ өздерін ол жерден қауіпсіз қашықтықта сезіндіреді. Бұл ракурс сұхбат алуды түсіру үшін пайдаланылады: олар камераға тікелей қарамауы керек, өйткені көрермен сұхбаттасушы журналистпен әңгімелесу елесін жоғалтады.

Субъективті ракурс – көрерменді іс-қимыл орнына қояды, ол оның қатысушысы болып табылады. Субъективтік ракурс көрерменді күйзелту немесе сілкіндіру үшін қолданылады. Сондай-ақ, бұл перспективаны журналистер аудиторияға «көз» байлау тәлісі ретінде пайдаланады.

«Көзқарас» ракурсы – көрерменді іс-шараға қатысушылардың біреуінің орнына қояды. Бұл көрерменге осы эпизодты және кейіпкердің эмоциясын сезіну үшін жиі қолданылады.

Түрлі ракурс арасында ауысу күшті әсер әкелуі мүмкін. Дегенмен, ракурстық түсірілім көмегімен кейіпкерді субъективті бағалау немесе оқиғамен байыту үшін объектінің пішінін ғана емес, заттың нысанын бұзу және кейіпкердің эмоционалды сипатына баса назар аударады. Сондықтан ракурс субъективті сипаттама ретінде жиі кездеседі.

Талдау

Кадр құрылымы – бейнематериалдың негізгі идеясын барынша арттыруға мүмкіндік беретін, олардың ішіне орналастырылған бөлік пен объектіні мұқият іріктеу, көрерменге осы суретті алдыңғы тәжірибемен байланыстыруға, қызығушылықты оятуға көмектеседі. «Телеарнада алдын ала түсірілетін және тікелей эфирде жүретін хабарлар бар. Осы жұмыстың басы-қасында режиссер жүреді. Хабарды дайындау барысында тақырып таңдаудан бастап, жазылатын сценарий, түсірілетін орын, түсетін адам, киетін киімі, қимыл-қозғалысы, сөйлейтін сөзі, қалай отырып тұруы, эмоциясы т.б. бәрі режиссердің көзқарасымен беріледі. Жалпы айтқанда хабардың құрлысы мен драматургиясына режиссер тікелей жауапты. Міне, сондықтан оның жұмысы қиын және қызық, жауапкершілігі мол» (Мұстафаев, Д. 2019)[9].

Кадр композициясын құрастырған кезде шеңбердегі іс-әрекетке сәйкес келетін көңіл-күйдің, стилінің және ырғақтың біртұтастығымен сақтау қажет. Сондай-ақ, кадрдың құрамын таңдау эстетикалық ара қатынасты жасауға арналған: композициялық конструкция кескіннің белгілі бір қатынасына негізделген. Сюжеттік және композициялық орталық кадрдың ортасында орналасады, бұл адам көзқарасының физиологиялық қасиетімен түсіндіріледі. Бірақ кейде сюжет және композициялық орталық әр тарапқа ауыса алады, бұл көрермен назарын қайталама детальдарға аудару қажет болған жағдайда жүзеге асады. Сюжеттік-композициялық орталықты ауыстыру құрамның өзгеруіне әкеледі. Осындайда Эмерсон колледжінің құрметті профессоры Роберт Л. Хиллиардтың: «Есіңізде болсын: телевизияда кадрдың орны бөлек. Көрерменнің көру мүмкіндігі барда, орташа ұзақтықты репортаждағы бірдеңені айту үшін құнды сөзді шығын қылмаңыз. Радио журналистіне қарағанда, телевизия журналисті сөзден сурет құрастырмайды. Ол визуалды суреттерге баса назар аударады.

Болған жайтты көрсетіңіз, бірақ әңгімелеуші болмаңыз», - деген сөзі журналистік санамызда салтанат құруы керек (Роберт, Л., Хиллиард. 2020)[10]. Демек, композицияны өзгерту кадрдың шекараларын өзгерту арқылы қол жеткізіледі. Жоғарыда айтылғандар негізінде композиция төмендегі екі түрге бөлінеді:

* *тұйық композиция*: болып жатқан оқиғаның мағынасын түсіну үшін қажетті дүниенің бәрі кадрда бейнеленеді. Жабық композициядағы перспективалар желісі экрандық жазықтықтың ішіне бағытталған, объектілердің өзара әрекеттесу желісі сюжеттік-композициядағы экран шеңберінен шықпайды. Бұл көрерменге тыныштық, тұрақтылық сезімін сыйлайды.

* *ашық композиция*: болып жатқан элементті түсіну үшін маңызды кадр шекарасының кесілуі. Ашық композиция сюжеттік-композициялық ортадағы болашақ желіге құрылады. Көрермен әрқашан осындай кадрды біртұтас бөлік ретінде қабылдайды және монтаждық фразаның одан әрі дамуын, оның аяқталуын күтеді. Оларды мұндай күтуге композиция желісінің бағыты мен аяқталмауы өз әсерін тигізеді. Сондықтан ашық композиция көрерменге белсенді ықпал етеді. Әдеби көркем дүниенің тілі шұрайлы, мағыналық сипаты терең. Алайда бейнеөңдеуде әрбір динамикалық көрініс пен бейнекадр әр ойға жетелеп, сөйлеп тұрады. Оның көрерменмен қатынасын танытатын идеялық көркем тілі де сол бір-бірімен байланысып жатқан бейнекөріністік тақырыппен ұштастығында. Ой мен мәтіндік баяндаудың ұтымдылығын танытатын көрініс айғақты дәлел болып табылады (Абдраев, М. 2020)[11].

Конвергентті журналист экранындағы әрбір бейнетүсірілім тақырыпты ашатын және көрерменге нанымды, қисынды болуы шарт. Сонда ғана қозғалыстағы кадр мазмұны түбегейлі анықталып, аудиторияға әсер етеді. Алайда, көзделген мақсатты іске асыру үшін автор түсіру кезінде өз ойын жүзеге асыруы қажет. Ол үшін түсіру процесінің ерекшелігі айқын болуы тиіс.

Төмендегі төрт сұраққа жауап болған кезде түсіру процесі басталуы қажет:

1. Не болып жатыр?
2. Қайда?
3. Кім қатысады?
4. Әрекет немен аяқталады?

Алдын ала сценарийді жасау кезеңінде автор ойлаған экрандық бейне әр түрлі түсірілім мен тәсілдің көмегімен жасалады, олардың әрқайсысы белгілі бір мақсатты іске асыруға мүмкіндік береді. Кескінді түсірудің төрт түрін жіктемес бұрын белгілі ғалым М. Таубалдиев пен М. Мамбетованың кадрлік дыбыс туралы түйінді пікіріне назар аударайық: «Дыбыс – телевизия үшін бейнеден кейінгі ең маңызды элементтің бірі және бірегейі. Мәтіннен бұрын бейнеге, сосын дыбысқа айрықша көңіл бөлінеді. Өйткені көрермен көзбен «қарсы алып», құлақпен «шығарып салады». Әсіресе дыбыстың «құдіретін» тікелей эфир кезінде дыбыс режиссері ғана шынайы түсіне алады. Егер тікелей эфирді «мылтықсыз майдан» десек, бір ғана дыбыс эфирдің өзі, көзі, сөзі бола алады» (Таубалдиев, М., Мамбетова, М. 2022) [12].

А) қозғалмайтын камера қозғалмайтын затты алып тастайды;

Ә) қозғалмайтын камера қозғалыстағы затты алып тастайды;

В) қозғалатын камера қозғалмайтын затты алып тастайды;

Г) қозғалыстағы камера қозғалыстағы затты алып тастайды.

Түсірілімнің әрбір түрі өзінің нақты міндеттерін жүзеге асырады:

1. Қозғалмайтын камера қозғалыссыз затты алып тастайды – Бұл қозғалыс жоқ тұрақты кадр жасау үшін қажетті. Адамның статикалық кадрын түсіре отырып, оның ерекше күйін осылай беруге болады. Тіпті, статикалық план ішкі мәтінді күшейту үшін қызмет ете алады: қирауды, жоқшылықты, үнсіздікті көрсету.

2. Жылжымайтын камера қозғалыстағы затты алып тастайды – Бұл кадр қозғалыссыз тұрған камера объективтің тұрақты фокустық қашықтығын сипаттайды. Яғни кадрда табиғи қозғалыс бар деген сөз.

3. Жылжымалы камера қозғалмайтын затты алып тастайды – бұл жасанды динамикалық план. Қозғалыс әсері панораманың қозғалысы немесе объективтің фокустық қашықтығының өзгеруі нәтижесінде жасалады.

4. Қозғалыстағы камера қозғалыстағы затты алып тастайды – бұл аралас динамикалық план, нақты және жасанды қозғалыс комбинациясы. Кейде панораманы және объектив трансфокаторының жұмысын біріктіріп түсірудің екі түрі де қолданылады. Бұл ең күрделі план болғандықтан өте көп бейнелік ақпараттан тұрады.

Түсірілген яғни жиналған кадарды бейнекамераның түрлі фокустық қимылымен мәнерлеп, экрандық болмысын күшейтуге мүмкіндік бар. Бұл түсіру тәсілі төмендегідей бірнеше түрге бөлінеді:

1. *Панорама* – өз өсінің айналасында бұрылатын камерамен түсіру (тек көлденеңінен және тігінен). Камераны панорамалау – шолу, үздіксіз өзгертілетін түсірілім пландарын немесе оларды уақытша жазуды қамтамасыз ететін қозғалыс. Журналист, философия ғылымының кандидаты Клара Қабылғазина: «Панорама – қатардағы статикалық кадрға қарағанда ұзағырақ, сондықтан ол монтаж кезінде қиындық туғызады. Бірақ оның өте үлкен аумақты, кең кеңістікті толықтау көрсету мүмкіндігі бар», – деп ой түйеді (Қабылғазы, К. 2017)[13].

2. *Жол немесе тревеллинг* – объектив өсі мен алынатын заттың жазықтығының арасындағы бұрыш өзгеріссіз қалатын қозғалмалы камерамен түсіру. Мысалға, ғимаратты төменнен жоғары қарай көрсету тік тревеллинг, ал жол бойын бастан аяқ көрсетіп өткен кадр көлденең тревеллинг деп аталады. Бұндай бейнетүсірілім белгілі нысанның бүкіл болмысын айшықтай алады.

Тревеллингтің артқа және алға деген қайталанбас түрі бар. Бұл объективтің көру бұрышы үздіксіз (кейде өте тез) өзгергенде және оған байланысты кадр ірілігі. Бүгінгі телекамераларда келу және кету трансфокатордың көмегімен орындалады. Линзаны өрістетудің кері процесі орта немесе ірі планға өтуге мүмкіндік береді. Линзаны ұлғайтуды реттеу қазіргі уақытта маңызды рөл атқаратын объекті мен іс-әрекеттерді түсіру кезінде планның тез ауысуын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

3. *Траекториялық түсірілім* – тревеллингтің панорамалаумен үйлесімі. Бұл камера қозғалысының өте күрделі түрі. Оны жүзеге асыру үшін бір мезгілде көтерілуге, бұрылуға және кез-келген жаққа қозғалуға қабілетті жылжымалы қондырғысы бар операторлық кран, сондай-ақ басқа да техникалық механизм мен тәсіл қолданылады.

Қорытынды

Камераның қозғалысы көркем, мәнерлі құрал болып табылатындығына қарамастан, оны нақты мақсатта қажет болған жағдайда ғана пайдалану және оларға бейнені шамадан тыс жүктемеу керек. Өйткені камераның қозғалысымен қаныққан бейнесюжеттің негізгі мазмұнына нағдастырады. «Кез-келген телевизиялық бағдарлама көрермен көңіл-күйіне әсер етпесе, оның қандай да бір ой түюіне ықпал етпесе, ол нәтижесіз еңбек болды деген сөз. Өйткені психологиялық тұрғыда адамға әсер етудің бірнеше үлгісі көрсетіліп дәлелденген» (Әбдіжәділқызы, Ж., Қаратаева, А.Қ.2022)[14].

Түсіру процесі – әрдайым жоспарланған іс-әрекет; ол әр түрлі әдіс пен түсірілім түрімен қамтамасыз етілген бейненің мазмұнында жүзеге асырылатын авторлық ойды іске асыруға арналған. Ол пайдалану, көру бейнесін жасауға бағынады, бірақ түсіру процесі экранда тек сапалы монтаждың арқасында жүзеге асырылады. Түптеп келгенде, «Теледидар қазіргі қоғамдарда маңызды рөл атқарады, архивтік және контекстік материал онлайн платформада қол жетімді. Телевизиялық мұрағат кадрын қайта қолданатын тәжірибе пайдаланушыны өткенмен байланыстырады және қажетті контекспен қамтамасыз етеді» (Agterberg, B., Hagedoorn. 2016)[15].

Қорытындылай келе, конвергентті журналист бейнетүсірілімнің барлық процесі мен мазмұнына толыққанды жауапты. Бүгінгі әуесқой, тек бизнесті ғана көздеген адамдардың қатары молайған заманда мақсатсыз экранға ілікке кадр халықты шатастырып, сан соқтыруы бек мүмкін. Демек, конвергентті журналист әрдайым экран этикасын сақтай отырып, міндеті мен құқын кәсіби маман ретінде пайдаланып, мағыналы, мәнді БАҚ өнімі арқылы ел мен жердің игілігіне еңбек етуі шарт. Зерттеліп, түбегейлі тексерілген, ізденісі кадр мен сценарийінен мен мұндалап тұратын туынды қашанда жұрттың жүрегіне жетіп, аудиторияның ықыласына бөленеді. Ең бастысы әрбір тележурналист жоғарыда біз сөз еткен бейнежазба түсіру үдерісінің негізгі қағидалары мен тәсілдерін қаперінен шығармаса еліміздің мультимедиялық кеңістігі өркендей түсетіні ақиқат!

Әдебиеттер тізімі

1. Вартанова Е. К чему ведет конвергенция СМИ? // Научно-аналитический журнал «Информационное общество». – 1999. – №5. – С. 11-14.
2. Есенбек Ж. Б., Мамет А. А. Медиаконвергенцияның "Жетісу" телеарнасына әсері // Вестник Казахского национального университета. Серия журналистики. – 2021. – №. 4. – Б. 65-74. DOI 10.26577/HJ.2021.v62.i4.07.
3. Ichsan A. P., Nuryah A. S. Evie Ariadne Shinta Dewi. Media Convergence Welcomes Industry // Jurnal Komunikasi Ikatan Sarjana Komunikasi Indonesia. – 2020. – № 5 (2). – P 199-204.
4. Arif H. N. The Dimensions of Convergence in the Media Industry // International Journal of Innovative Studies in Sociology and Humanities. – 2019. – № 4. – P. 27-31.
5. Есенбекова Ұ. Журналистика: Телехабар жасау технологиясы. Журналистика мамандарына арналған оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 220 б.
6. Waltermann H., Hess T. T. Competitive recombination of digital technologies in the tv-media industry. // Americas Conference on Information Systems, Lake City, Virtual 10. – 2020. – P. 18-25.

7. Abdulhameed O. R., Ruqayyah A. B. Media Convergence And The Change In Media Content Production And Distribution In Nigeria // Journal of Media, Culture and Communication. – 2022. – № 04. – P. 37-44.
8. Барманкулов М. Телевидение: деньги или власть. – Алматы: Санат, 1997. – 55 с.
9. Мұстафаев Д. «Телеарна жүрегі», «Эфирде Jetisy». – Алматы: Ел-шежіре, 2019. – 156 б.
10. Хиллиард Л. Р. Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020. – 528 б.
11. Абдраев М. Тележурналистиканың интеллектуалды құрылымы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.
12. Таубалдиев М., Мамбетова М. Тележурналистика терминдерінің қолданысына статистикалық талдау // Хабаршы. Филология сериясы. – 2022. – №4 (188). – Б. 113-124.
13. Қабылғазы К. Тележурналистика: теория, тәжірибе, түйін. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 210 б.
14. Әбдіжәділқызы Ж., Қаратаева А.Қ. Тележурналист имиджі және реалити-шоу жүргізушісіне қойылатын талаптар // Хабаршы. Журналистика сериясы. – 2022. – №2 (64). – Б. 4-14.
15. Hagedoorn B., Agterberg B. The End of the Television Archive as We Know It? The National Archive as an Agent as an Agent of Historical Knowledge in the Convergence Era // Media and Communication. – 2016. – № 4. – P. 162-175.

I. Albatyr, J.B. Yesenbek, B.J. Karimova

*Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan
S. Amanzholov East Kazakhstan University, Oskemen, Kazakhstan*

The Video Recording Process: Basic Principles and Methods

Abstract: Convergence can be considered as a center that simultaneously publishes news for the world as a whole across all types of media, such as periodicals, radio, television, and the Internet. They are exchanged among themselves in the form of an advertising model and have been rapidly spreading in the information world in recent years. In this scientific article, in order to give an impetus to the development of multimedia activities, we put the converging activity of a journalist in the process of videography. A convergent journalist can professionally produce high-quality video, taking into account the specifics of the on-screen language, the content of the information, the purpose of its display on the screen, the nature of the shooting, the technical capabilities of the camera and the features of creating an on-screen video with editing in mind. However, a convergent journalist needs to understand that the basic nature of a video also depends on its distribution channels, that is, a video broadcast on television is different from a video posted on the Internet. At the same time, the technology of television and the Internet is determined by the various functionality and design features inherent in the DVR.

Keywords: convergent, videography, plan, screen, videography, foreshortening, editing.

И. Албатыр, Ж.Б. Есенбек, Б.Ж. Каримова

^{1,3} Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

² Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Оскемен, Казахстан

Процесс видеозаписи: основные принципы и методы

Аннотация. Конвергенцию можно считать центром, который одновременно публикует новости для мира по всем типам СМИ, таким как периодическая пресса, радио, телевидение и интернет. Они обмениваются информацией в виде рекламной модели и стремительно развиваются в информационном мире. В этой научной статье, с целью дать толчок развитию мультимедийной деятельности, изучаем деятельность журналиста в процессе видеосъемки. Конвергентный журналист может профессионально заниматься производством качественного видео с учетом специфики экранного языка, содержания информации, цели её отображения на экране, характера съемки, технических возможностей камеры и особенностей создания экранного видео с учетом монтажа, однако конвергентному журналисту необходимо понимать, что основной характер видео также зависит от каналов его распространения, то есть видео для трансляции в телевизионном эфире отличается от видео, размещенного в интернете. Технологии телевидения и интернета обусловлены различными функциональными возможностями и конструктивными особенностями видеорегистратора.

Ключевые слова: конвергент, видеосъемка, план, экран, видеосъемка, ракурс, монтаж.

References

1. Vartanova E. K chemu vedet konvergentsia SMi? [What does media convergence lead to?]. Nauchno-analiticheski jurnal «Informacionnoe obşestvo». 5. 11-14. (1999).
2. Esenbek Zh. B., Mamet A. A. Media konvergentsianyñ "Jetisu" telearnasyna äseri. [Impact of media convergence on "Zhetisu" TV channel]. Vestnik Kazahskogo nasyonälnogo universiteta. Seria jurnalistiki. 4. 65-74. (2021). – DOI 10.26577/HJ.2021.v62.i4.07.
3. Ichsan A. P., Nuryah A. S. Evie Ariadne Shinta Dewi. Media Convergence Welcomes Industry. Jurnal Komunikasi Ikatan Sarjana Komunikasi Indonesia, 5 (2). 199-204. (2020).
4. Arif H. N. The Dimensions of Convergence in the Media Industry. International Journal of Innovative Studies in Sociology and Humanities. 4(3). 27-31. (2019).
5. Esenbekova Ü. Jurnalistika: Telehabar jasau tehnologiasy. [Journalism: The technology of broadcasting]. Jurnalistika mamandaryna arnalğan oqulyq. (Almaty, 2011, 220 p.).
6. Waltermann H., Hess T. Competitive recombination of digital technologies in the tv-media industry. Americas Conference on Information Systems, Lake City. 10. 18-25. (2020).
7. Abdulhameed O. R., Ruqayyah A. B. Media Convergence And The Change In Media Content Production And Distribution In Nigeria. Journal of Media, Culture and Communication. 04. 37-44. (2022).
8. Barmankulov M. Televidenie: dengiil I vläst. [Television: money or power]. (Almaty, 1997, 55 p.).
9. Mústafaev D. «Telearna jüregi», «Efirde Jetisy» ["TV channel Heart", "Zhetisu on air"]. (Almaty, 2019, 156 p.).
10. Hilliard L. R. Televizia, radio jäne jaña mediağa mätin jazu. [Writing articles for television, radio and new media]. (Almaty, 2020. 528 p.).

11. Abdraev M. Telejurnalistikanyñ intellektualdy qūrylymy. [Intellectual structure of television journalism]. Oqu qūraly. (Almaty, 2020. 238 p.).
12. Taubaldiev M., Mambetova M. Telejurnalistika terminderiniñ qoldanysyna statistikalyq taldaу. [Statistical analysis of the use of television journalism terms]. Habarşy. Filologia seriasy. 4 (188). 113-124. (2022).
13. Qabyłǵazy K. Telejurnalistika: teoria, täjiribe, tüin. [Television journalism: theory, practice, results]. (Almaty, 2017. 210 p.).
14. Äbdijädilqyzy J., Qarataeva A. Q. Telejurnalist imijı jäne realiti-şou жүргізушісіне qoiylatyn talaptar. [The image of a television journalist and requirements for a reality show host]. Habarşy. Jurnalistika seriasy. 2 (64). 4-14. (2022).
15. Hagedoorn B., Agterberg B. The End of the Television Archive as We Know It? The National Archive as an Agent as an Agent of Historical Knowledge in the Convergence Era. Media and Communication. 4. 162-175. (2016).

Авторлар туралы мәлімет:

Албатыр И. – хат-хабар үшін автор, магистр, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, І. Жансүгіров көшесі 187, Талдықорған, Қазақстан.

Есенбек Ж.Б. – PhD доктор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Қазақстан көшесі 55, Өскемен, Қазақстан.

Каримова Б.Ж. – PhD доктор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, І. Жансүгіров көшесі 187, Талдықорған, Қазақстан.

Албатыр И. – автор для корреспонденции, магистр, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Улица И. Жансугурова 187, Талдыкорган, Казахстан.

Есенбек Ж.Б. – PhD доктор, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, улица Казахстан 55, Оскемен, Казахстан.

Каримова Б.Ж. – PhD доктор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, улица И. Жансугурова 187, Талдыкорган, Казахстан.

Albatyr I. – corresponding author, master, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, I. Zhansugurova Street 187, Tal dykorgan, Republic of Kazakhstan.

Yessenbek Zh.B. – PhD doctor, S. Amanzholov East Kazakhstan University, 55 Kazakhstan Street, Oskemen, Kazakhstan.

Karimova B.Zh. – PhD doctor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, I. Zhansugurova Street 187, Tal dykorgan, Republic of Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



XҒТАР 19.41.09

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-1-117-129>

Қазақ публицистикасын қалыптастырудағы Шоқан Уәлиханов мұрасының орны

А. Сайлауқызы*^{ID}, **Ә. Әзербай**^{ID}, **Ә. Әділжан**^{ID}

MNU Халықаралық журналистика мектебі, Астана, Қазақстан

*(E-mail: *alma.sailaukyzy@gmail.com, aminaazerbaeva9@gmail.com, aminaadilzhan01@gmail.com)*

Аңдатпа. Бұл мақала Шоқан Уәлихановтың публицистикалық мұрасын заманауи призмадан талдауға арналған. Зерттеу барысында оның отандық журналистиканың қалыптасу, яғни девелопмент кезеңінде қалдырған ізі, қазақ демократиялық публицистикасына қосқан үлесі және тревел-журналистиканың айқын сипатына ие медиа-мұраларының маңызы мен формалары қарастырылады. Оның публицистік қырының қалыптасуына әсер еткен факторлар сараланып, медиа-туындылары қазіргі журналистика талаптарымен салыстырылып, БАҚ-тың негізгі қағидаларымен үйлесетін тұстары сарапталады. Ғылыми зерделеу арқылы Ш. Уәлихановтың өз заманында-ақ ақпаратты талдау, деректерді сараптау және объективті көзқарас қалыптастыру сияқты қазіргі журналистикаға тән қағидаларды ұстанғаны анықталған. Тарихи-салыстырмалы әдіс, мәтіндік талдау және дереккөздерді сараптау тәсілдерін қолдану арқылы Ш. Уәлихановтың саяхат жазбаларын талдап, онда заманауи тревел-журналистика элементтері бар екені дәлелденеді. Сондай-ақ оның публицистикасы қазақ халқының ағартушылық және демократиялық ой-пікірлерінің дамуына ықпал етіп, түрлі форматтардың айналысқа енуіне себепкер болып, иллюстрация арқылы визуализация талабын ескерген журналистиканың алғашқы отандық үлгісі ретіндегі ұлттық баспасөз тарихындағы рөлі және ол тұжырымдардың болашақ журналистерді дайындаудағы маңызы айтылады. Осы деректі пайымдаулар арқылы кәсіби қазақ журналистикасының даму тарихын кеңейтуге ғылыми негіз күшейе түспек.

Түйін сөздер: Шоқан Уәлиханов, девелопмент, публицистика, саяхат, тревел-журналистика, экспедиция, журналистика тарихы.

Кіріспе

Қазақ журналистикасының тарихы оның бүгінгі жай-күйі мен келешектегі әлеуетіне әсер ететін маңызды факторлардың біріекені анық. Әсіресе қазіргі цифрлық қоғам жағдайында туындап жатқан медиадағы жаңа форматтар мен гибриді жанрлардың кей бастаулары отандық публицистика тарихынан басталатынын болашақ журналист мамандарға түсіну маңызды. Аталған тақырыпты таңдаудың бірнеше негіздемесі бар. Біріншіден, қазақ журналистикасының тарихы ұзақ жылдар бойы негізінен патшалық ресми газеттерімен немесе кеңестік журналистиканың дамуымен байланыстырылып келді. Екінші жағынан, отандық кәсіби журналистика Алаш арыстарының ұлттық баспасөзді қалыптастырудағы рөлімен тығыз астасады деген соңғы жылдары қалыптасқан қисынды уәж бар. Алайда Шоқан Уәлиханов бастаған Абай, Ыбырай үштігі журналистикаға алғышарт болып қалыптасқан девелопмент кезеңінің жарқын өкілдері екені әлі де жан-жақты талдау мен зерделеуді талап етеді деп санаймыз.

Медиа саласының кезеңдерін сипаттағанда, «девелопмент» (development) сөзін қолдану соңғы жиырма жылдықта қалыптасқан үрдіс деуге болады. Ол – бір нәрсенің дамуын немесе өңделуін білдіретін ағылшын сөзі. Әзірлік кезеңі, яғни болашақ жобаны, идеяны әзірлеуге және түпкілікті тұжырымдауға арналған мерзім [1]. «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда патриархалды-феодалдық қатынастардың ыдырауы және капиталистік қатынастардың күшеюі қоғамдық пікірдің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов (1835-1865), Ыбырай Алтынсарин (1841-1889), Абай Құнанбайұлы (1845-1904) ұлттық журналистиканың негізін салушылар, жазба әдебиетін реформа элементтерімен қайта жаңғыртқан қаламгерлер және көсемсөз шеберлері болды. Қазақ қоғамының озық ойлы зиялыларының ағартушылық қызметі ұлттық болмыстың қалыптасуының факторына айналды», – дейді бұл туралы медиазерттеуші А. Жұмағазина [2]. Алайда бізге ол жалпылама баға беру шеңберінен шығып, сол тұлғалар нақты қандай негіз қалады, қандай жанр мен форматты қолданып бастады, оның қайсысы тиімді болды деген сұрақтарға жауап іздеу маңызды. «Шоқан тек этнограф, географ, этнолог қана емес. Оның мұрасы ғылымилығының жан-жақтылығында. Оның еңбектерінде физикалық география мен саяси процестер де көрініс тапқан. Шоқанға әлі терең бара алған жоқпыз деп айтуға болады», – деген Төлен Әбдіктің сөзі осы уәжімізге дәлел [3].

Шоқантану алдыңғы ғасырда К.К. Гутковский, П.П. Семеновтармен басталып, өткен жүзжылдықта Қ. Сәтпаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, В.А. Моисеев, Р. Иманжүсіп, М.И. Фетисов, Б.Е. Көмеков және тағы басқа ғалымдардың еңбегімен қанатын кеңге жайды [4, 61]. Әйтсе де Шоқан Уәлихановтың нақты публицистикалық мұрасын заманауи журналистік қалыптарға сай салыстыра зерттеу ісі аса жолға қойылмаған дей аламыз. Бұл зерттеу материалында оның публицистикасының мән-маңызы, қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі және қазақ демократиялық публицистикасына қосқан үлесі қарастырылады. Уәлиханов тек зерттеуші әрі ғалым ғана емес, сондай-ақ өз дәуірінің әлеуметтік-саяси мәселелерін терең талдаған публицист және жаңа жер мен жаңа елді шарлап, өзіндік ой түйген, көргенін қағазға нақты сипаттап түсіре білген, бүгінгі тілмен

айтар болсақ, тревел-журналист ретінде де ерекшеленді. А.С. Василенко, И.И. Карпенко сынды зерттеушілер саяхат журналистикасының бастауын тым әріге, б.э.д. XVIII-XVII ғасырларға жібереді. «Бұл бағыт публицистиканың көне жанрларының бірі – жолсапар очеркі жанрынан туындады», дейді олар [5, 7]. Дегенмен, оны заманауи феномен дейтін де ғалымдар бар, оған ғалыми мақаламыздың негізгі бөлімінде тоқталатын боламыз.


Зерттеудің мақсаты – Шоқан Уәлихановтың публицистік қырын талдап, оның медиа-мұрасының, соның ішінде жолжазбаларының ерекшеліктерін айқындау, сондай-ақ ғылыми-коммуникациялық қыры мен құндылығын анықтау. Мақалада сол дәуірдегі ойлау жүйесінің бүгінгі журналистиканың негізгі қағидаларымен үйлесетін тұстары пайымдалады.

Әдіснама

Ғылыми мақалада эмпирикалық және теориялық әдістердің зерттеу нысанына сай түрлері қолданылды. Атап айтар болсақ, тарихи-салыстырмалы әдіс, мәтіндік талдау және дереккөздерді сараптау тәсілдері пайдаланылды. Ш. Уәлихановтың еңбектерін тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы зерттеу оның саяхат жазбалары мен этнографиялық туындыларында тревел-журналистика элементтерін пайдаланғанын көрсетеді. Оның публицистикалық стилінің ерекшеліктері, қоғамдық мәселелерге деген көзқарасы мәтіндік талдау мен дереккөздерді саралау арқылы зерделенді. Зерттеу нәтижесінде ғалымның публицистикалық еңбектері ұлттық мәселелер мен қоғамдық өмірдің өзекті тақырыптарын қамтып қана қоймай, сол кездегі тың форматтарды апробациядан өткізгені айқындалады. Ғалым-публицисті қазіргі қазақ қоғамы журналист ретінде қабылдай ала ма деген сұрақ әлеуметтік зерттеудің сандық әдісі – сауалнама арқылы жүзеге асты. Уәлиханов шығармашылығында сатира мен сыни ойлау да айқын көрініс тапқаны нақты мысалдармен ұсынылып, гипотетикалық-дедуктивті әдіс арқылы оның көркем публицистиканың памфлет, фельетон жанрларына икемін көрсетті. Зерттеу нәтижелері қазақ журналистикасының қалыптасу ерекшеліктері мен өзіндік даму барысына бойлауда құнды материал бола алады.

Нәтижелер мен талқылау

XIX ғасырда әлем әлі де зерттелмеген, құпиялы аумақтарға толы болды. Алайда, сол кезеңнің өзінде кейбір саяхатшылар шекараларды «бұзып», беймәлім жерлерді зерттеуге талпынды. Қазақтың ұлы ғалымы, этнографы, тарихшысы әрі саяхатшысы Шоқан Уәлиханов дәл осындай зерттеушілердің қатарында болды. Ол нақты деректерді жинап, саяхаттарын сипаттаудың жаңа стилін қалыптастырған, көрген дүниесін суретшілік қабілеті арқылы да бейнелей білген, кәсіби журналистика талаптарына барынша жақын келген алғашқы қазақтың бірі. Шоқан – өз сапарларын қазіргі визуализация талабына сай егжей-тегжейлі сипаттап, тарихи-этнографиялық, мәдени және географиялық деректерді тіркеген маман. Оның сапарлары мен еңбектері сол кезеңдегі Орта Азияның бейнесін ашып, әлемдік дәрежедегі ғылыми зерттеулерге үлкен үлес қосты.




1-сурет. Ыстықкөлдiң солтүстік жағалауындағы тас мүсiндер. Ш. Уәлиханов. 1856 ж.

Қазақ журналистикасының девелопмент кезеңі болып саналатын дәуірдің жарқын тұлғаларының ішінде Ш. Уәлихановты журналист бейнесінде қабылдаушы қазіргі қазақ қоғамының қанша пайызын құрауы мүмкін? Бұл сұрақты Қазақстанның бірнеше өңірін қамтитын азаматтарға қойғанда, замандас тұлғалардың ішінде Ш. Уәлихановқа дауыс бергендер саны басым болды.

Бұл тұлғаны журналист деп тани аламын

72 ответа



1-диаграмма. «Журналист деп танитын тұлғаны белгіле» атты сауалнама нәтижесі

Сауалнама алу 2025 жылдың 6-13 ақпан аралығында онлайн жүргізілді. Қатысқан өңірлер: Астана, Алматы, Шымкент, Ақмола облыстары. Жалпы 72 респондент. Ш. Уәлихановқа – 33 дауыс, Ы. Алтынсаринға – 14 дауыс, А. Құнанбайұлына – 14 дауыс, Д. Бабатайұлына – 11 дауыс. Жас контингентіне қатысты ақпарат: 18-30 жаста 41 қатысушы, 13-17 жас аралығында 25 адам, 31-50 жас аралығында 4 адам, 51-80 жас аралығында 2 адам.

Шоқан Уәлиханов – қазақ демократиялық публицистикасының негізін қалаушылардың бірі. Жауапты әрі маңызды миссияны орындауға оған қазақ халқының әлеуметтік сұраныстары да, жеке дарындылығы да, әдеби еңбекке тартылуы да әсер етті. Оның жолсапар күнделіктері, хаттарынан бастап ғылыми-тарихи мақалаларға дейінгі барлық жазбалары арқылы журналистік қырының қалыптасу процесі жүрді деуге болады. Оған бірнеше объективті негіз болған дей аламыз. Олар:

1. Жас кезінен газет-журнал оқуға деген зор ынтасы, оның қоғамдық күшін мойындауы
2. Сыни ойлау қабілетін дамытатын әлемдік авторлардың оқырманы болуы
3. Қыршыма тілімен замандастарының ортасында «ұстара-тіл» атануы
4. Жаза алуынан бөлек, көргенін реализммен сурет етіп салу қабілетінің дамуы
5. Бірнеше тілді, бірнеше мәдениетті меңгерген кең өрісті болуы

Шоқан Уәлиханов өз замандастарын публицистикаға деген ерекше қызығушылығымен таңғалдыра білген. Ол мемлекеттік дәрежедегі және жергілікті басылымдарды мұқият қадағалап, өз дәуіріндегі маңызды публицистикалық еңбектерден әрдайым хабардар болып отырған. Мысалы, «Орынбор ведомостарында» В.В. Вельяминов-Зерновтың қазақ хандары туралы мақалалары жарияланған сәтте, Омбыда бұл басылымдардың көшірмесін алғаш қолға түсіргендердің бірі – Ш.Уәлиханов [6, 82]. Мектеп кезінен-ақ ол түрлі журналдардың тұрақты оқырманы болады. Н.М. Ядринцев ол туралы: «Шоқан алпысыншы жылдары орыс қоғамындағы өзгерістерді мұқият қадағалап, үздік басылымдарды, журналдарды оқығаны терең әсер қалдырды», – деп еске алады [6, 81]. Ш. Уәлихановтың орыс және әлемдік классиктердің шығармаларын оқуға құмар болуы оның публицистке өте қажет қасиеттің бірі – сыни ойлай білу қабілетін дамытты. М.И. Фетисов бұл туралы «Бұл оның сыни қабілеттерін дамытты. Сол қабілеттерін ол адамгершілік мәселелерінде де, шығыстану филологиясы саласында да бізді таңғалдыру үшін қолданды», – дейді [6, 79]. Шоқан Шыңғысұлының өткір тілі мен тапқыр әзілі оған еркін ойлап, пікірін ашық білдіруге мүмкіндік берген. Бұл қасиет әсіресе билік пен әділетсіздікке қарсы наразылықтың бір түрі ретінде көрінді. Оның досы Н. Потанин Шоқанды «Ол Омбыдағы ең өткір, ұстара-тілді азамат болатын» деп сипаттап, оның әңгімелері мен қалжыңдарының қалада кең таралғанын атап өткен. Потаниннің: «Қыршыма тілін қолданып, біреуді әзілмен қудалау – ол үшін бір рухани қажеттілік іспетті еді», деген сөзі Ш. Уәлихановтың әзіл-сықаққа деген бейімділігінің терең себептерін ашады [7]. Ол биліктің озбырлығын тікелей сынай алмаса да, сатира арқылы өз көзқарасын жеткізе алған. Мұндай тәсіл әлемдік журналистиканың қалыптасу тарихында маңызды рөл атқарады. Мәселен, XVII ғасырдағы ағылшын ақыны әрі публицисті Джон Мильтон «Баспасөз еркіндігі туралы. Ағылшын парламентіне арнау (Ареопагитика)» атты памфлетінде қоғам мәселелерін уытты тілмен аяусыз түйрейтін [8, 30]. Шоқанның тапқыр әңгімелері оның батыл мінезін және әділетсіздікке қарсы ішкі қарсылығын айқын көрсетеді. Генералдар мен әкімшілер туралы айтқан қалжыңдары тек әзіл емес, сонымен қатар билік өкілдерінің әрекеттерін әшкерелеудің тиімді құралы болды. Тиісінше, орта ғасырлар мен Қайта өрлеу дәуірінде Еуропа белсенділері билік өкілдеріне қарсы қолданған, қоғамдық сын мен жаңа идеялардың қайнары болған, кейіннен кәсіби журналистиканың батыл жанрларының біріне айналған памфлет

пенфельетон үлгілерін қолдана білді [9]. Мысалы, замандас бір генерал жаңа шенін көрсету үшін ішігін ашып жүргенде, Шоқан оны «Орден лентасын галошына тағып қойыпты», деп келемеждейді. Бұл – оның шенеуніктердің сыртқы атрибуттарға деген шектен тыс әуестігін әжуалағанының айқын дәлелі. Сондай-ақ өзін ұлы әкімші санайтын генерал-губернатор туралы «Ол бар шаруаны ретке келтіріп қойғаны сонша, жаңа басшы істейтін ештеңе де қалдырмады», деп айтқан уытты әзілі, шын мәнінде бәрі керісінше дегенді тұспалдап тұр еді. Шенеуніктердің өздерін асыра бағалауына деген өткір реакциясыосындай болатын. Шоқанның мысқылға толы әңгімелері оның еркін және сыни ойлау қабілетін көрсетеді.

Ш. Уәлихановтың публицистикасына қатысты ой-пікірлер әртүрлі көзқарасқа толы. Оның публицистикалық еңбектерін бағалауда замандастары мен кейінгі зерттеушілердің пікірлеріне жүгінсек, түрлі көзқарасқа куә боламыз. Мәселен, Г.Н. Потанин Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының мәдениетін зерттеудегі және насихаттаудағы рөлін жоғары бағалап, оның еңбектері кең таралса, қазақ қоғамы үшін аса маңызды тұлға болар еді деп есептеді [7]. Алайда Ш. Уәлиханов тек фольклор жинаумен немесе тұрмыс-салтты сипаттаумен шектелмегенін айта кету керек. Ол өз халқының болашағы туралы терең ойланды, қоғамдық өзгерістердің негізін қалады.

Ф. Достоевский Шоқанның публицистикадағы қабілетін ерекше бағалап, оны тек этнограф немесе ғалым ғана емес, қазақ халқының мүддесін Ресей қоғамында қорғай алатын тұлға ретінде қарастырған [6, 86]. Ол Шоқанды қазақ даласының өзекті мәселелерін орыс басылымдарында көтеріп, өз халқының құқықтары үшін күресуге шақырды. Оның Шоқанды ерекше тұлға ретінде тануы және оның әлеуетіне үлкен сенім артуы – Уәлихановтың өз дәуіріндегі интеллектуалдық және қоғамдық ықпалының аса жоғары болғанының айқын көрінісі.

Шоқанның публицистикасына байланысты тағы бір маңызды мәселе – оның қоғамдық-саяси пікірлері мен жеке көзқарастарының қалыптасуындағы қайшылықтар. Ол бір жағынан орыс мәдениеті мен ғылымына сүйеніп, ағартушылық қызмет атқарса, екінші жағынан, отарлық саясаттың салдарын да жете түсінді. Публицистикалық қызметі дәл осы екі ұстанымның арасында болды. Мысалы, Ш. Уәлиханов «Сот реформасы» туралы жазбасында (1864) қазақ халқының дәстүрлі қоғамының кемшіліктерін сынай отырып, отарлық биліктің де әділетсіз тұстарын ашық көрсетті [10]. Бұл қайшылықтар оның публицистикалық бағытының тұрақты әрі толыққанды қалыптасуына белгілі бір дәрежеде кедергі жасады. Қалай дегенмен де, Шоқан публицистикасы – қазақтың ағартушылық дәуірінің бастауындағы маңызды қадамдардың бірі.

Шоқан Уәлиханов тарихи-географиялық және этнографиялық деректерді жинағаны белгілі. Оған қоса өзі барған жерлердің атмосферасын жеткізуге, олардың мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін түсінуге, кең аудиторияға қолжетімді етуге ұмтылды. Оның 1856-1957 жылдары жазылған «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Алты шаһардың яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» аты еңбектерінде тревел-журналистиканың айқын элементтері байқалады. Жалпы тревел-журналистиканы (саяхат журналистикасы, саяхат баспасөзі) – география,

тарих, мәдениет, туризм, көлік және т.б. тақырыптарды қамти отырып, саяхат туралы ақпарат беруге бағытталған медианың бір жанры дейтіндер бар. Сондай-ақ оны сипаттау, талдау, визуализациялау сияқты бірнеше тәсілге негізделген синтетикалық бағыт деп қабылдайтындар да кезігеді. А. Желдібаева, А. Ибраимов сынды қазақ медиа зерттеушілерінің пікірінше, ол – қоғамдық өмірдің мәдени картинасын қалыптастыратын салалық журналистика түрі әрі заманауи медиа кеңістіктің феномені [11]. Осы тұрғыдан алғанда, Ш. Уәлихановтың жолжазба публицистикасында тревел-мәтін қағидаларына, тревел-журналистиканың жанрлық сипаттамасына, ақпаратты беру тәсіліне сай үлгілер жетіп-артылады. Ол терең зерттеу, көркемдік және публицистикалық тәсілдер, көргенін сыни тұрғыдан талдау, бейнелі суреттеу, сондай-ақ ақпарат жинау үшін сұхбат алу әдістерін қолдана білген. Оның ең жарқын мысалдарының бірі – «Жоңғария очерктері» еңбегі. Мұнда ол тек географиялық нысандарды сипаттап қана қоймай, оларды тарихи оқиғалармен, осы өңірді мекендеген халықтармен және төл мәдениетімен байланыстыра талдайды [12]. Ғылыми зерттеулерден айырмашылығы, Уәлихановтың мәтіні жеке бақылаулар мен ойларға толы, бұл оны тревел-очерктерге жақындатады. «Жоңғария очерктерінің» алғысөзінде «Орта Азияның үстінде әлі күнге дейін бір құпия перде ілініп тұрғандай... Орта азиялық адамдар туралы біз ештеңе білмейміз десек болғандай», деп ой толғайды [13]. Мұндай түсінік оны әртүрлі мәдениет арасындағы дәнекер рөлін атқарушы тұлға ретінде көрсетеді.

«Қашқар күнделігі» – Ш. Уәлихановтың журналистік қырының жарқын көрінісі. 1858-1859 жылдардағы Шығыс Түркістанға жасаған экспедициясында жазған бұл еңбегі ол аймақтың жолын, табиғатын, экономикасын, өңірдегі саяси жағдайды егжей-тегжейлі сипаттайды. Бірақ ол тек құрғақ деректермен шектелмейді. Оның жазбалары саяхаттың атмосферасын жеткізетін эмоционалды суреттемелерге толы. Мысалы, «Бүгін біз Заукеннен өттік те, беймәлім, белгісіз жерлерге аяқ бастық... Айналада ақ шыңды таулар бар, төменде қап-қара сай жатыр, оның тереңінде шағын көл көрінеді», деген жолдар бар [14]. Ол Заукен асуын кесіп өткендегі көз алдындағы аппақ шыңдарды, қап-қара шатқалдар мен тереңде жасырынған көлді бейнелі сөздермен сипаттайды. Мұндай тәсіл тревел-журналистикаға тән, өйткені ол зерттеушінің байқағыштығын саяхатшының жеке әсерімен ұштастырады. Ол жергілікті ландшафтты, мәдени аспектілерді зерттеуге баса назар аудара білген.

Шоқан Шыңғысұлы Қашқарияға жасырын экспедицияны Ресей империясының тапсырмасымен жасағаны мәлім. Оны қазақ медиа тарихындағы алғашқы жабық репортаж деуге келеді. Қашқария сыртқы әлем үшін белгісіз аймақ еді. «Қанша қауіпті болса да, мен жол бойы да, Қашқардың өзінде де күнделік жүргізіп отырдым», дейді Шоқан. Шынайы дәйек түзе алу үшін күнделікті көрген дерегін айна-қатесіз қағазға түсіруі де – журналистика принципіне толық сай. Ол Қашқардың экономикасы, саяси құрылымы, әскери жағдайы мен діни өмірі туралы бірегей жазбалар қалдырды. Оның «Қашқария туралы жазбалары» кейіннен орыс географиялық қоғамында жоғары бағаланып, Петербургтегі зиялы қауымның назарын өзіне аударды. Бұл өлкеге Мұхаммед Әли деген атпен, мұсылман саудагер кейпінде жасырын кіруінің арқасында Қашқардың ішкі

өмірін зерттеуге мүмкіндік алды. Бұл сапар Ш. Уәлихановтың тек шығыстанушы және зерттеуші емес, сонымен қатар нағыз құпия журналист рөлін де атқарғанын көрсетеді.

«Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде қырғыз халқының тұрмысы мен дәстүрлерін, сондай-ақ «Манас» эпосының ауызша айтылған нұсқасын тіркеген. Мұнда сұхбат алу әдісі айқын көрінеді. «Мен бұл дастанды отқа қарай еңкейіп, ата-бабасының тарихын айтқан қырғыз ақынының аузынан жазып алдым», дейді Шоқан. Локацияны егжей-тегжейлі суреттеу. Оқырманын сол жерде отырғандай сезіндіру. Бұл оның дәстүрлі зерттеу аясынан шығып, репортаж элементтерін қамтығанын көрсетеді. Осыған ұқсас стиль оның «Қырғыздардағы шамандық іздері» еңбегінде де байқалады. Мұнда ол діни нанымдар мен сиқырлы жоралғыларды дәл сипаттайды. Әсіресе бақсының трансқа түсіп, ата-баба рухтарын шақыратын рәсімін бақылаған сәті ерекше тартымды. Ш. Уәлиханов бұл оқиғаны құжаттап, қатысушылардың эмоцияларын жеткізіп, олардың реакциясына назар аударады. Сонымен қатар, жазбасында қырғыздардың ер және әйел азаматтарының сырт келбетін қалам ұшымен қағазға түсіріп, баяндап отырған фактілерді бейнелермен бекіте түседі.

Шоқан экспедициялық жазбаларында жеке фактілерді сипаттаумен шектелмей, оқиғаларды кең тұрғыда ой елегінен өткізуге, дәстүрлерді салыстыруға, Орталық Азия халықтарының мәдениетіне тарихи үдерістердің әсерін бағалауға тырысты. Мұндай баяндау стилі ғылыми талдау, жеке әсерлер мен тікелей байқауды біріктіреді. Ол тек шығыстану ғылымына үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге экспедициялық журналистиканың негізін қалады. Кейіннен осы жанр үшін негізгі әдістерге айналған тәсілдерді қолданды. Ш. Уәлиханов барған жерлеріндегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, тарихын өз көзімен көріп, шынайы, бейнелі репортаж жанрына ұқсас туындыларын жазады. Бұл бүгінгі тревел-журналистиканың негізгі қағидаларына сай келеді. Егер Шоқан заманауи медиада жұмыс істесе, оның еңбектері National Geographic, BBC Travel немесе Lonely Planet секілді басылымдарда жариялануы әбден мүмкін еді.

Қашқария экспедициясы Уәлихановтың зерттеуші, саяси аналитик және тың жанр-форматтарды қолданушы ретіндегі қабілетін көрсетсе, Ыстықкөлге сапары нағыз тревел-блогерлік сипатқа ие болды. Ол өзінің жазбаларында көркемдік, этнографиялық және саяхаттық баяндау әдістерін үйлестірді. Оның саяхаты жайлы күнделік жүргізу мен сурет салу әдістері қазіргі блогерлердің сапарларында жиі қолданатын тәжірибеге ұқсас. Әрине, Шоқан блог жүргізген жоқ, бірақ оның жазбалары мен салған суреттері сол кезеңдегі блогерлік стильге өте жақын. Ол өз оқырмандарына сапарынан алған әсерлерін, көргенін, түйгенін бейнелеп, нақты деректермен бөлісіп отырған. Оның еңбектерінде табиғатты дәл әрі көркем бейнелеу шеберлігі байқалады. Мәселен, Ыстықкөлді «көгілдір айнадай» деп сипаттауы осы сөзімізге дәлел. Ол күнделік жазу арқылы өзінің оқырмандарына саяхат барысында көрген-білгенін, сапардан алған әсерлерін дөп жеткізеді. Шоқанның жазбаларындағы әрбір салынған суретін – сол объектіге өз призмасынан үңілгендегі көрініс деп, ал оның жолжазбаларын қазіргі блогерлердің баяндауы сияқты, адамдармен қарым-қатынас орнату үшін жасалған контентке балауға болады.

«Ыстықкөлге сапар күнделігі» (1856) еңбегінде жас Уәлиханов өзінің дүниетанымындағы маңызды қағидатты қысқа әрі дәл жеткізіп, публицистикалық қызметінің мәнін ашатын негізгі ойды ұсына білді: «Өткенді ойлап, бүгінгі күннің қамын жеу» [6, 93]. «Көсем сөз» деген қазақы атауы бар публицистиканың басты идеясы да бұқараға түйінді ой салу болса керек. Ескірген құндылықтарды сақтап қалу шарт емес, одан керегін алып, алға жылжу қажет деген идеяға жүгінді. Ал оның әлі де нақтылана қоймаған Францияға сапары анықталып, деректер табылып, жазбалары айқындалса, барон А.Е. Врангель тілге тиек еткен бұл сапардың дерек-дәйегі тревел-журналистика ғана емес, халықаралық журналистика тарихы бойынша жаңа тұжырымдар шығаруға негіз болмақ [15].

Қорытынды

Зерттеу барысында Ш. Уәлихановтың өз публицистикасы арқылы қоғамдық пікір қалыптастыруда үлкен рөл атқарғаны анықталды. Оның журналистикаға тән туындылары өз дәуірінің өткір мәселелерін дәл сипаттап, оны мемлекеттік дәрежеде көтеріп қана қойған жоқ, сондай-ақ ағартушылық-танымдық және ғылыми бағытта қызмет етті [16]. Ш. Шыңғысұлы – өз заманында-ақ ақпаратты талдау, деректерді сараптау және объективті көзқарас қалыптастыру сияқты қазіргі журналистерге тән қабілеттерді қолдана білген медиа тұлға. Өзінің өмір жолында ол тек ғалым-зерттеуші ғана емес, сондай-ақ қоғамды, әсіресе қазақ даласындағы әлеуметтік, саяси және мәдени жағдайларды терең талдайтын өткір публицист ретінде де танылды [17]. Алайда Уәлихановтың публицистикалық, журналистикаға тән мұрасы әлі де жіктеле зерттелмеген және оның публицистикасы көбіне ғылыми еңбектерімен қатар ғана қарастырылып келе жатқанын мойындау қажет. Осыған орай оның медиа-мұрасын заманға сай зерделеуге қатысты келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

- Шоқанның публицистикалық қызметінің ерекшеліктеріне заманауи журналистік стандарттар тұрғысынан салыстыра баға беру;
- Салған сурет-сызбаларын иллюстрациялық журналистика талаптарына сай жүйелеп, жіктеп талдау;
- Еңбектеріндегі демократиялық принциптерді айқындап, бүгінгі күн қағидасына сай өзектілігін пайымдау.

Шоқан Уәлихановтың публицистикасы қазақ халқының ағартушылық және демократиялық ой-пікірлерінің дамуына зор ықпал етіп, кәсіби журналистиканың девелопмент кезеңін қалауға үлес қосып, ұлттық публицистиканың алғашқы кәсіби қадамдарының бірі ретінде бағалануы тиіс.

Авторлардың қосқан үлесі.

А. Сайлауқызы – бақылау және ұсыныс беру, мақсат-міндетті анықтау, жалпы ғылыми аппаратты басқару, деректерді сұрыптау, редакциялау.

Ә. Әзербай – әдебиетпен жұмыс, материалды жинау, негізгі бөлімді жазу.

Ә. Әділжан – материалды жинау, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Cambridge Dictionary – [Электрон. ресурс] – URL: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/development>. (қаралған күні: 07.02.2025).
2. Жұмағазина А. «История казахской журналистики». – [Электрон. ресурс] – URL: <https://alash24.kz/ru/news/18911>. (қаралған күні: 10.02.2025).
3. Амалбек Б., Жүніс Ә. «Шоқан тағылымдары терең зерттелмек». – [Электрон. ресурс] – URL: <https://egemen.kz/article/4608-shoqan-taghylymdary-terenh-zerttelmek> (қаралған күні: 07.02.2025).
4. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Құраст. Д.Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. – Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. – Т.10 – 592 б.
5. Тревел-журналистика: понятие, жанры, особенности профессиональной деятельности / А. С. Василенко, И. И. Карпенко, У. Перси, А. В. Полонский, В. И. Съедин / под ред. И. И. Карпенко: Коллективная монография. – Белгород: Политерра, 2019. – 124 с.
6. Фетисов М. И. Зарождение казахской публицистики. – Алма-Ата 1961. –146 с.
7. Потанин Г. Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове. Записки РГО по отделению этнографии. – [Электрон. ресурс] – URL: https://shoqan.kz/wp-content/uploads/2020/01/G_N_Potaniin_Biograficheskie_svedeniya_o_Chokane (қаралған күні: 07.02.2025).
8. История зарубежной журналистики: учеб. пособие для иностранных студентов-бакалавров I курса. Сост. Шелястина В. О.– М.: Фак. журн. МГУ, 2018. – 94 с.
9. Саакян Р. «Историческое развитие жанров памфлета и полемики в Европе: от средневековья до эпохи Просвещения» // Medicine, Pedagogy and Technology: Theory and Practice. – 2024. – № 2(10). – С. 199–204.
10. Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с. – [Электрон. ресурс] – URL: <https://arheology.kz/monografii/418-valikhanov-chokan-sobranie-sochinenij-v-pyati-tomakh-tom-1.html> (қаралған күні: 07.02.2025).
11. Zheldibayeva A., Ibraiyumov A. Travel журналистика как феномен современного медиапространства // Вестник КазНУ. Серия журналистики. – 2023. – № 1. DOI: <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v67.i1.08https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1676>
12. Очерки Джунгарии – [Электрон. ресурс] – URL: https://shoqan.kz/completed/works_djungary/ (қаралған күні: 07.02.2025).
13. Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 3. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 416 с. – [Электрон. ресурс] – URL: https://archive.org/details/valihanov_chokan__sobranie_sochinenii_v_5_tt/valihanov_chokan__sobranie_sochinenii_T_3/page/n5/mode/2up (қаралған күні: 07.02.2025).
14. Кашгарский дневник I, Вершина Заукинского прохода. – [Электрон. ресурс] – URL: https://shoqan.kz/incompleted/works_kashgarskiy_dnevnik1/ (қаралған күні: 07.02.2025).
15. Кенемолдин М. Мыслями возвращаясь к Шокану // «Mangi El» журналы. – 2016. – № 01-02. – С. 76-83
16. Абуев К. К. Чокан Валиханов и его современники: (монография) – Кокшетау: 2015, – 386 с.
17. Serubaeva A.T., Kalenova T.S. The features of steppe civilization in the works of Shokan Ualikhanov. – [Электрон. ресурс] – URL: <https://tsj.enu.kz/index.php/new/article/view/328/167> (қаралған күні: 07.02.2025).

А. Сайлауқызы, А. Азербай, А. Адилжан

Международная школа журналистики MNU, Астана, Казахстан

Роль наследия Чокана Валиханова в становлении казахской публицистики

Аннотация. В данной статье рассматривается медиа-наследие Шокана Уалиханова сквозь призму современных научных подходов. В ходе исследования анализируются его вклад в формирование отечественной журналистики на этапе ее становления, роль в развитии казахской демократической публицистики, а также значение и формы его медийного наследия, обладающего характеристиками тревел-журналистики. Также проводится анализ общественного мнения о его журналистском образе на основе данных социального исследования. Результаты научного анализа демонстрируют, что Шокан Уалиханов уже в свое время придерживался принципов, присущих современной журналистике, таких как аналитика информации, исследование фактов и объективная подача материалов. Применяя историко-сравнительный метод, текстовый анализ и источниковедческий подход, исследуются его путевые заметки и этнографические труды, в которых обнаруживаются элементы тревел-журналистики. Кроме того, его публицистика способствовала развитию просветительской и демократической мысли казахского общества, внедрению различных журналистских форматов и использованию визуализации посредством иллюстраций. Таким образом, труды Уалиханова можно рассматривать как один из первых отечественных образцов тревел-журналистики, что подчеркивает их значимость в истории национальной прессы. Это, в свою очередь, расширяет научные основания для изучения эволюции профессиональной казахской журналистики.

Ключевые слова: Шокан Уалиханов, девелопмент, публицистика, путешествие, тревел-журналистика, экспедиция, история журналистики.

Sailaukyzy A., Azerbay A., Adilzhan A.

MNU International School of journalism, Astana, Kazakhstan

Media legacy of Shokan Ualikhanov during the period of development of Kazakh journalism

Abstract. This article examines the journalistic legacy of Shoqan Ualikhanov through the lens of contemporary academic analysis. The study explores his contributions to the formation of national journalism during its developmental phase, his role in advancing Kazakh democratic public discourse, and the significance and forms of his media heritage, which exhibit characteristics of travel journalism. Additionally, public perceptions of his journalistic image are analyzed based on data from a social study. The findings of the scientific analysis demonstrate that even in his time, Shoqan Walikhanov adhered to principles characteristic of modern journalism, such as information analysis, fact-based research, and objective reporting. By applying the historical-comparative method, textual analysis, and source evaluation, his travel notes and ethnographic works are examined, revealing the presence of travel journalism elements. Furthermore, his journalistic contributions played a pivotal role in fostering Kazakh intellectual and democratic thought, introducing diverse journalistic formats, and incorporating

visual storytelling through illustrations. Thus, Ualikhanov's works can be regarded as one of the earliest domestic examples of travel journalism, underscoring their significance in the history of the national press. This, in turn, strengthens the academic foundation for studying the evolution of professional Kazakh journalism.

Keywords: Shokan Ualikhanov, development, publicism, travel journalism, expedition, history of journalism.

References

1. Cambridge Dictionary. Available at: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/development>. (accessed: 07.02.2025).
2. Zhumagazina A. «Istorija kazahskoj zhurnalistiki». [History of Kazakh Journalism]. Available at: <https://alash24.kz/ru/news/18911>. (accessed: 10.02.2025).
3. Amalbek B., Zhunis A. «Shokan tagylymdary teren zerttelmek». Available at: <https://egemen.kz/article/4608-shoqan-taghylymdary-terenh-zerttelmek> (accessed: 07.02.2025).
4. Margulan A.H. Shygarmalary. KUrast. D.A. Margulan. [Works. compiled by D. A. Margulan]. (Almaty, 2011. 592 p.)
5. Trevel-zhurnalistika: ponjatie, zhanry, osobennosti professional'noj dejatel'nosti / A. S. Vasilenko, I.I. Karpenko, U. Persi, A.V. Polonskij, V. I. Sedin / pod red. I. I. Karpenko: Kollektivnaja monografija. [Travel Journalism: Concept, Genres, Features of Professional Activity / A. S. Vasilenko, I. I. Karpenko, W. Percy, A. V. Polonsky, V. I. Seyedin / edited by I. I. Karpenko: Collective monograph]. (Belgorod, 2019. 124 p.)
6. Fetisov M. I. Zarozhdenie kazahskoj publicistiki. [The Origin of Kazakh Journalism]. (Almaty, 1961. 146 p.)
7. Potanin G.N. Biograficheskie svedenija o Chokane Valihanove. Zapiski RGO po otdeleniju jetnografii. [Biographical Information about Shokan Valikhanov. Notes of the Russian Geographical Society on the Ethnography Department]. Available at: https://shoqan.kz/wp-content/uploads/2020/01/G_N_Potanin_Biograficheskie_svedenija_o_Chokane (accessed: 07.02.2025).
8. Istorija zarubezhnoj zhurnalistiki: ucheb. posobie dlja inostrannyh studentov-bakalavrov I kursa. Sost. Sheljastina V. O. [History of Foreign Journalism: Textbook for First-Year Foreign Bachelor Students. Comp. Shelyastina V. O]. 9Moscow, 2018. 94 p.)
9. Saakjan R. «Istoricheskoe razvitie zhanrov pamfleta i polemiki v Evrope: ot srednevekov'ja do jepohi Prosveshhenija» [Historical development of the genres of pamphlet and polemics in Europe: from the Middle Ages to the Age of Enlightenment] // Medicine, Pedagogy and Technology: Theory and Practice. 2(10). P. 199–204. (2024).
10. Valihanov Ch. Sobranie sochinenij v pjati tomah. Tom 1. (Almaty, 1984. 432 p.) [Collected Works in Five Volumes]. Available at: <https://arheology.kz/monografii/418-valikhanov-chokan-sobranie-sochinenij-v-pyati-tomakh-tom-1.html> (accessed: 07.02.2025).
11. Zheldibayeva A., Ibraimov A. Travel zhurnalistika kak fenomen sovremennogo mediaprostranstva // Vestnik KazNU. Serija zhurnalistiki. [Travel Journalism as a Phenomenon of Modern Media Space] // KazNU Bulletin. Journalism Series. – 2023. DOI: <https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v67.i1.08><https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1676>
12. Oчерки Dzhungarii. [Essays on Dzungaria] Available at: https://shoqan.kz/completed/works_djungary/ (accessed: 07.02.2025).

13. Valihanov Ch. Sobranie sochinenij v pjati tomah. Tom 3. [Collected Works in Five Volumes. Volume 3]. (Almaty, 1985. 416 p.) Available at: https://archive.org/details/valihanov_chokan__sobranie_sochinenii_v_5_tt/valihanov_chokan__sobranie_sochinenii_T_3/page/n5/mode/2up (accessed: 07.02.2025).
14. Kashgarskij dnevnik I, Vershina Zaukinskogo prohoda. [Kashgar Diary I, Top of the Zaukinskogo Passage]. Available at: https://shoqan.kz/incompleted/works_kashgarskiy_dnevnik1/ (accessed: 07.02.2025).
